

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.03.2023 № 249 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 66-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар және өзге ұйымдар (келісу бойынша):

- 1) Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;
- 2) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының (бұдан әрі – Жоспар) уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;
- 3) есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей мемлекеттік және стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға Тұжырымдаманың іске асырылуы туралы есепті ұсынып тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының мазмұны

1-бөлім. Паспорт (негізгі параметрлер)

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

1-тарау. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы

2-тарау. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау

3-тарау. Педагог мәртебесі

4-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

5-тарау. Орта білім беру

6-тарау. Техникалық және кәсіптік білім беру

7-тарау. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

8-тарау. Білім беру сапасын бағалау

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

4-бөлім. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың пайымы

5-бөлім. Дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

1-тарау. Қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеу

1-параграф. Формальды білім беру шеңберінде білім алушылардың адамгершілік-рухани және эмоциялық қабілеттерін дамыту

2-параграф. Формальды білім беру шеңберінде білім алушылардың дене саулығын сақтау және нығайту

3-параграф. Қосымша (формальды емес) білім беру арқылы баланың қызығушылықтары бойынша қабілеттерін дамыту

4-параграф. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, баланың қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету

2-тарау. Педагогтердің кәсіптік және мәдени капиталын арттыру

1-параграф. Педагогтерге қолайлы жағдай жасау

2-параграф. Педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілу және педагогикалық білім беруді жаңғырту

3-параграф. Педагогтің үздіксіз кәсіптік дамуы

3-тарау. Тең бастапқы мүмкіндіктер жасау

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту

2-параграф. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мазмұнды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі шеңберінде жаңғырту

3-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын көшбасшылық негізінде басқарудың тиімділігін арттыру

4-тарау. Орта білім беру жүйесі арқылы саналы және жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру

1-параграф. Мектепте қолайлы жағдайлар мен оқу ортасын құру

2-параграф. Орта білім мазмұнын жаңғырту

3-параграф. Өңірлер, қала және ауыл арасындағы орта білім сапасындағы алшақтықты азайту

4-параграф. Дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау жөніндегі жұмысты жетілдіру

5-параграф. Инклюзивті және арнайы білім беруді дамыту

6-параграф. Орта білім беруді басқару және қаржыландыру

5-тарау. Жастарды оқуға және еңбек нарығына интеграциялау

1-параграф. Техникалық және кәсіптік білімге сапалы және кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету

2-параграф. Техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңғырту және сапасын арттыру

3-параграф. Шарттарды жаңарту және жұмыс берушілерді техникалық және кәсіптік білім беруге тарту

4-параграф. Қаржылық орнықтылықты арттыру және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын нысаналы қолдау

5-параграф. Техникалық және кәсіптік білім беруді цифрландыру

6-тарау. "Білім экономикасы" үшін жоғары білікті кадрлар даярлау

1-параграф. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қолжетімділікті кеңейту

2-параграф. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мазмұнын жаңғырту және бәсекеге қабілеттілігін арттыру

3-параграф. Жоғары оқу орындарында басқару жүйесін жетілдіру

4-параграф. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді интернационалдандыру

7-тарау. Білім беру сапасын жүйелі деңгейде қамтамасыз ету

1-параграф. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі

2-параграф. Сыртқы сапаны қамтамасыз ету жүйесі

3-параграф. Сапаны қамтамасыз ету жүйесін басқару және реттеуші тетіктері

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2022 жылғы 24 қарашадағы

№ 941 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы

1-бөлім. Паспорт (негізгі параметрлер)

Тұжырымдаманың атауы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама)

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

	<p>Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>"Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;</p> <p>"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы</p>
<p>Әзірлеу үшін негіздеме</p>	
<p>Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты мемлекеттік органдар</p>	<p>Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі,</p> <p>Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі</p> <p>Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;</p>
<p>Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар</p>	<p>Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;</p> <p>Облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері.</p>

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

1-тарау. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы

Білім беру жүйесі адами капиталды дамытудың басты басымдықтарының бірі болып табылады.

Кез келген мәдени қоғам үшін басты міндет – жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеу. Дені сау, алдына мақсат қоя білетін, саналы, рухани бай және адамгершілік қасиетке ие тұлғаны тәрбиелеу – мемлекеттің орнықты қалыптасуының және оның болашақта бейбіт дамуының аса маңызды кепілі.

Мемлекет басшысы өзінің бағдарламалық құжаттары мен сөйлеген сөздерінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселелеріне ерекше көңіл бөледі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттарының маңыздылығы туралы онлайн сауалнамасында қазақстандықтар білім беруді (73 %), денсаулық пен әл-ауқатты (60 %), лайықты жұмысты және экономикалық өсуді (49 %) үздік 3 басты басымдық ретінде атап өтті.

Тәрбие жұмысының жетістігі, көбінесе, мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, өз тәрбиеленушілерінің жеке ерекшеліктерін білуіне, ұжымның тәрбиелік міндеттеріне байланысты. Бұл ретте баланың толыққанды дамуы үшін тәрбие процесіне ата-аналардың қатысуы және оқу үшін қолайлы жағдайлар мен орта құру қажет. Қолайлы мектеп ортасын қалыптастыруда сынып жетекшісі ерекше рөл атқарады.

Бұл бағытта директордың тәрбие ісі жөніндегі 11 мыңнан астам орынбасары, 5 мыңнан астам тәлімгер және 180 мыңға жуық сынып жетекшісі жұмыс істейді.

Балалардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызы құнды екені сөзсіз. Балаларды тәрбиелеу ұлттық құндылықтарды ескере отырып, жүзеге асырылуға тиіс. Зиялы қауым өкілдері мен мұғалімдер жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, базалық ұлттық құндылықтардың бірі болып табылатын отбасы құндылықтарын дәріптеуге тиіс. Әрбір отбасын сақтау – Отанымыздың орнықтылығының кепілі. Бұл мемлекет үшін, дәстүрлерді, ұлттық құндылықтарды және ұрпақтар сабақтастығын сақтау үшін өте маңызды.

Отбасылық құндылықтарды дәріптеу және оны сақтаудың маңыздылығына назар аудару мақсатында білім беру ұйымдарында жыл сайын әртүрлі тәрбиелік іс-шаралар іске асырылады: сынып сағаттары, бейнероликтер, конкурстар, флешмобтар, акциялар, семинар-тренингтер, шеберлік сабақтары, жас отбасылардың фестивальдері және т. б.

Отбасы күні шеңберінде (қыркүйектің әрбір екінші жексенбісі) әкелер кеңесі, ақсақалдар кеңесі, аналар кеңесі, әжелер кеңесі мүшелерінің қатысуымен балалар

мен олардың ата-аналары үшін отбасын нығайту бойынша түрлі бірлескен мектеп жобалары өткізіледі.

Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері оқу бағдарламаларына және орта білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысының мазмұнына енгізілген.

Ата-аналардың республикалық қоғамдық кеңесінің қызметін әдіснамалық сүйемелдеу мақсатында: "Отбасы-мектеп", "Мектеп өмірінің бір күні" ұзақ мерзімді жобалары іске асырылуда.

Еліміздің білім беру ұйымдары "Ата-аналар мектебі", "Әжелер мектебі", "Әкелер мектебі", "Аналар мектебі" бастамаларын іске асыруда.

Тәрбие процесінің аса маңызды құрамдас бөлігі патриоттық сезімдерді қалыптастыру және дамыту болып табылады. Мемлекетке білім алуға, оның игілігі үшін жұмыс істеуге және қажет болған жағдайда оны қорғауға дайын дені сау, ержүрек, батыл, бастамашыл, тәртіпті, сауатты адамдар қажет.

Осы міндеттер аясында жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің маңызы артып келеді. Әскери-патриоттық тәрбие патриотизмге тәрбиелеумен тығыз байланысты.

Белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, патриоттық тәрбиені күшейту мақсатында мектепте қоғамдық маңызы бар қозғалыстарға ("Жасыл экономика", "Қоршаған ортаны қорғау", "Менің Отаным, менің қалам/ауылым" және т.б.) білім алушыларды қамту кеңеюде.

Сондай-ақ білім алушылар дебаттық қозғалыстарға, мектептегі және студенттік өзін-өзі басқаруға, әскери-патриоттық клубтарға, балалар-жасөспірімдер қозғалыстарына ("Жас қыран", "Жас ұлан", "Жас сарбаз") , сонымен бірге "Рухани жаңғыру" бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын жобаларға тартылады. Республикада 4988 дебат клубы жұмыс істейді. 2021 жылы 5 мыңға жуық мектепшілік, оның ішінде ЖОО ішіндегі және ЖОО-лар арасында студенттік дебаттық турнирлер өткізілді.

"Жас ұлан" бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымы шеңберінде волонтерлік қозғалыс белсенді дамуда, онда 10 мыңға жуық қатысушы бар.

Бұдан басқа, білім беру ұйымдарында жас ұрпаққа идеологиялық тәрбие беру жұмысын күшейту қажет. Өскелең ұрпаққа идеологиялық тәрбие беру – бұл адам тұлғасын жасау, адамның болып жатқан оқиғаларға, мәдени және ғылыми мұраға , тарихи жетістіктерге қатысуын анықтайтын бағытты қалыптастыру, адамның өзін, қоғамдағы өзінің орнын түсіну мүмкіндігі.

"Білім-инновация" лицей-интернаттары мен "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі –"НЗМ" ДБҰ) білім алушыларды тәрбиелеу және оқыту жүйесін енгізу жалғасады.

Халықаралық зерттеулердің деректері оқу мәдениеті мен қоғам сауаттылығының дағдарысын көрсетеді. Осыған байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша "Оқуға құштар мектеп" жобасы іске қосылды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру білім алушылардың оқу сауаттылығының төмен деңгейіне жауап болмақ. PISA-2018 нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан оқу сауаттылығы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдерінің орташа көрсеткішінен 100 балға артта қалып отыр.

Білім және ғылым саласында барлығы 7096 кітапхана жұмыс істейді, оның ішінде 6461-і мектептерде, 579-ы техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) ұйымдарында және 56-сы ЖОО-ларда. Сондай-ақ республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана жұмыс істейді. Күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерді кітапханалармен және кітапхана қорымен жарақтандыру мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Мектептердегі кітапханаларға жалпы сұраныс 670 бірлікті құрайды. Ең көп сұраныс Ақмола, Қостанай, Алматы, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарының мектептерінде орын алып отыр. 2018 – 2020 жылдары бұл облыстар қажеттілік бойынша көшбасшы болып саналады. Еліміздің мегаполистері Астана, Алматы және Шымкент қалалары мектептер мен кітапханалардың арақатынасы ең көп өңірлер болып қала береді.

Жалпы кітапхана қоры 267 млн астам дананы құрайды. Алайда кітапханалар негізінен идеологиялық сипаттағы кеңестік кезеңдегі басылымдарды құрайды. Қазіргі заманғы көркем әдебиет, әсіресе, мемлекеттік тілдегісі жоқтың қасы. Осыған байланысты кітапханалардың мазмұны мен инфрақұрылымын дамытуға, балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға және оқу сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған арнайы жоба іске қосылды. Жоба іске асырылған бір жылда мектеп кітапханаларында көркем, оның ішінде мемлекеттік тілдегі әдебиеттің көлемі айтарлықтай өсті. Тек қазақстандық авторлардың ғана емес, сондай-ақ әлемдік әдебиет туындылары бар (2021 – 2022 оқу жылында бүкіл республика бойынша көркем әдебиеттің жаңа түсімдері шамамен 2,5 млн дананы құрады. Жаңадан келіп түскен қазақ және орыс тілдеріндегі көркем әдебиеттің арақатынасы 51 %/49 %-ды құрайды). Мектеп кітапханаларының базасында "BookCrossing" жобасы енгізілуде, жобаны іске асыру үшін әртүрлі кездесулер, пікірталастар және басқа да іс-шаралар өткізілуде. Мектеп кітапханалары жұмысының форматын өзгерту, өңірлік, ұлттық және халықаралық ресурстар мен кітап қорларын толыққанды қамтамасыз ету және оларға жедел қол жеткізуде "Оқуға құштар мектеп" жобасын сапалы іске асыруға мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша 100 мың тұрғынға шаққанда әлемдегі суицид көрсеткіші 8,3 жағдай болса, 15-19 жастағы қазақстандық жасөспірімдер арасында 11,3 жағдайды құрады. Суицидтің туындауы қауіпті мінез-құлыққа бейімдік, зорлық-зомбылық, бала кездегі психологиялық травма, стигматизация және жастардың қажеттіліктеріне бағдарланған психикалық саулық қызметтері мен білікті мамандардың жоқтығы себебінен болып отыр.

ЮНИСЕФ деректері бойынша қазақстандық оқушылар ЭЫДҰ елдеріндегі (орташа көрсеткіш – 23 %) замандастарымен салыстырғанда буллингке жиі ұшырайды (32 %). Балалардың жартысынан көбі виртуалды зорлық-зомбылық, дін мен суицидті насихаттау жағдайларына ұшыраған және әлеуметтік желілерде танысуды қолдайды. Осыған байланысты әлеуметтік дағдыларды дамыту, білім алушылардың бос уақытын және қоғамдық қызметін ұйымдастыру және олардың психикалық денсаулық проблемалары туралы хабардарлығын арттыру өзекті міндет болып қала береді.

Әлеуметтік желілердің жастар санасына теріс әсерінің, буллинг пен кибербуллингінің профилактикасы бойынша балалар арасында білім алушылармен ақпараттық-түсіндіру әңгімелері, құқық қорғау ұйымдарының өкілдерімен, жастар ұйымдарының көшбасшыларымен заңнаманы, мемлекеттік бағдарламаларды және Telegram, WhatsApp, Facebook, VK, Instagram және т. б. сияқты әлеуметтік желілерден алынған ақпарат ағынының теріс әсерін азайту жөніндегі ұлттық жобаларды түсіндіру бойынша кездесулер ұйымдастырылады.

Мектеп бағдарламасына 8-сынып оқушыларына арналған "Медиасауаттылық" курсы енгізілді. Курс білім алушыларды ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, дезинформация мен насихатты тануға үйретеді. Оған киберқауіпсіздік модулі кіреді.

Мектептерде балалардың санасына әлеуметтік желілердің теріс әсерінің профилактикасы бойынша жұмысты жандандыру қажет.

Республикада мектеп жасындағы 2461775 (70,5 %) бала қосымша біліммен қамтылған. Бұл ретте қосымша білім беруге тартылған балалардың жартысынан көбі мектеп үйірмелері мен секцияларға қатысады. Мектептен тыс ұйымдарға (1523 бірлік) оқушылардың 29,4 %-ы немесе 1058718 бала барады (645336 – қалада, 413382 – ауылда).

Балаларды қосымша білім берумен қамтудың өңірлік саралануы байқалады. Батыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында балаларды қосымша біліммен қамту республиканың орташа мәнінен 2 еседен астам жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр. Еліміз бойынша халық тығыздығы жоғары өңірлер: Алматы, Түркістан, Ақмола облыстарының, сондай-ақ Ұлттық білім беру дерекқорында (бұдан әрі – ҰБДҚ) көрсетілмеген қосымша білім берудің

мемлекеттік емес объектілерінің желісі кеңінен дамыған Астана, Алматы және Шымкент қалаларының көрсеткіші орташадан төмен.

Бүгінгі күні мектептер базасында балалардың қызығушылықтары бойынша үйірмелер мен секциялар желісін дамыту арқылы қосымша білім беру іске асырылуда. Мысалы, балаларды мектеп үйірмелерімен және секциялармен қамтудың жоғары пайызы Алматы қаласында (60,7 %), Қызылорда (58,1 %), Павлодар (52,1 %) облыстарының мектептерінде байқалады.

2021 жылдан бастап жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы норманы заңнамалық түрде бекітті. Тиісті қағидалар қабылданды (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы), олардың негізінде ЖАО тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде мемлекеттік тапсырысты бекітеді және орналастырады, сондай-ақ белгіленген лимит шегінде облыстық және аудандық деңгейлерде жүзеге асырылатын балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді.

Алматы, Атырау, Түркістан, Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды және Қостанай облыстарында қосымша білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ҚБҰ) саны өсті. Маңғыстау облысы мен Алматы қаласында ҚБҰ желісі қысқарған. Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында, Астана және Шымкент қалаларында бұл позициялар сақталған. Соңғы үш жылда Талдықорған және Петропавл қалаларында оқушылар сарайлары, Атырау, Маңғыстау және Қарағанды облыстарында жас туристер станциялары ашылды. Атырау, Түркістан, Көкшетау, Қарағанды қалаларында оқушылар сарайлары салынды, Түркістан облысында балалар музыка мектебі, Өскемен қаласында "SMART" креативті білім беру орталығы, Шымкент қаласында өнер мектебі ашылды.

Бұдан басқа, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, ерекше білім беруді қажет ететін (бұдан әрі – ЕБҚ) балалар қатарынан қосымша білім берумен 12172 бала қамтылған, бұл мектептен тыс ұйымдарда қосымша айналысатын балалардың жалпы үлесінің 1,2 %-ы ғана. Мектептен тыс ұйымдарда ЕБҚ балаларды қамту тиісті жағдайлардың болмауына байланысты төмен екенін атап өткен жөн.

ҚБҰ-ның жартысы дерлік (592) бейімделген ғимараттарда орналасқан, оның ішінде 2020 – 2021 оқу жылына арналған деректер бойынша 5-еуі авариялық деп танылған, 157-сі күрделі жөндеуді талап етеді.

Қосымша білім беру құрылымында техникалық және жаратылыстану-ғылыми бағыттарға қарағанда музыкалық, көркемдік, спорттық бағыттағы бағдарламалар басым.

Қосымша білім беру жүйесінде педагог кадрларға сұраныс 2,5 мың адамды құрайды: зейнеткерлік жас алдындағы және зейнеткерлік жастағы мамандар – 3,7 мың, 3,8 мың маманға біліктілігін арттыру қажет.

Дене шынықтыру және спорт саламатты жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды орын алады. Дене тәрбиесі – өмір бойғы дене белсенділігінің негізі.

Мектепке дейінгі 10739 ұйымның (бұдан әрі – МДҰ) 2805-і (26 %) спорт залдарымен, 452-сі (4 %) бассейндермен, 8365-і (78 %) дене шынықтырумен айналысуға арналған ойын алаңдарымен жасақталған.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің спорт залдарымен қамтамасыз етілуі 90 %-ды құрайды. Сонымен қатар 1099 мектепте (16 %) дене шынықтыру сабақтары бейімделген спорт залдарында өткізіледі.

Бүгінде 774 мемлекеттік мектепте спорт залдары жоқ (Ақмола – 63, Ақтөбе – 71, Алматы – 125, Атырау – 22, БҚО – 94, Жамбыл – 77, Қарағанды – 31, Қостанай – 47, Қызылорда – 25, Маңғыстау – 6, Павлодар – 15, СҚО – 22, Түркістан – 135, ШҚО – 34, Астана – 2, Алматы – 1, Шымкент – 4 мектеп). Спорт залдары жоқ мектептердің жалпы санынан 489-ы (немесе 63 %) шағын жинақты мектептер (бұдан әрі – ШЖМ) болып табылады (БҚО – 75, Алматы – 71, Түркістан – 65, Ақтөбе – 58, Ақмола – 50, Жамбыл – 43, Қостанай – 43, ШҚО – 22, СҚО – 22, Қарағанды – 13, Павлодар – 11, Атырау – 7, Қызылорда – 6, Маңғыстау – 3).

"Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына қарамастан мектептерді спорттық жабдықтармен және құралдармен жарақтандыру көрсеткіші төмен күйінде қалып отыр.

Мектептерде "Дене шынықтыру" оқу пәні аптасына 3 сағат көлемінде іске асырылады. 1343000 білім алушыны қамтитын 45 мың спорт секциясы жұмыс істейді (жалпы контингенттің 39 %-ы), оның ішінде тегін – 40845, ақылы – 4674. Дене шынықтыру мұғалімдеріне аптасына 3 сағаттан сабақтан тыс спорттық сабақтар жүргізгені үшін базалық лауазымдық жалақыдан (бұдан әрі – БЛЖ) 100 % көлемінде қосымша ақы көзделген.

Сонымен қатар дене шынықтыру сабағын жүргізуде бірқатар проблемалық мәселелер бар. Мектептегі дене шынықтыру – бұл оқу-әдістемелік кешендермен (бұдан әрі – ОӘК), оқу құралдарымен және әдістемелік ұсыныстармен ең аз қамтамасыз етілген пәндердің бірі.

Медициналық көрсетілімдер болған кезде балалардың бұзылған денсаулығын қалпына келтіру үшін арнайы медициналық топтарда (бұдан әрі – АМТ) жеке

оқыту керек. Мектептерде АМТ-да оқытындарды қамту 2400 білім алушыны құрайды. АМТ қызметінің оқу-әдістемелік, кадрлық және құқықтық жағдайларын пысықтау қажет.

Мектеп спорт лигалары дамуда.

ТжКБ ұйымдарында спорт секцияларымен қамту 53 %-ды, ЖОО-да барлығы 29 %-ды құрайды. Техникалық және кәсіптік, сондай-ақ жоғары білім беруде спорттың 10-12 түрі бойынша студенттік спорттық лигалар бойынша жобалар іске асырылады.

Сонымен қатар білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысында мынадай проблемалар бар:

ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен сақтаудың маңыздылығын дәріптеудің жеткіліксіздігі;

оқу-тәрбие процесінде пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің педагогикалық өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығы деңгейінің төмендігі;

ата-аналар жиналысын өткізудің ескірген форматы;

білім алушыларды идеологиялық тәрбиелеу деңгейінің төмендігі;

балалардың тұратын жерінен және тегін мектеп үйірмелерінен қадамдық қолжетімділіктегі мектептен тыс ұйымдар санының жеткіліксіздігі;

ҚБҰ-ның басым көпшілігінде кедергісіз жағдайлардың болмауы;

қосымша білім берудің білікті педагогтеріне, әсіресе, жас мамандарға деген сұраныстың артуы;

қосымша білім беру педагогтерінің біліктілікті арттыру курстарымен жеткіліксіз қамтылуы;

техникалық және жаратылыстану-ғылыми бағыттар бойынша қосымша білім беру бағдарламаларының жеткіліксіздігі;

мектепте "Дене шынықтыру" және ТжКБ мен жоғары оқу орындарында "Дене тәрбиесі" пәндерін оқытудың әдістемелік деңгейінің жеткіліксіздігі;

мектептерді, ТжКБ ұйымдары мен ЖОО-ларды бейінді оқулықтармен және ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі;

спорт ғимараттарының, қажетті спорт жабдықтарының материалдық-техникалық базасының (бұдан әрі – МТБ) төмендігі;

мектептерде 3 сағаттық дене шынықтырумен қамтамасыз ету үшін спорт залдарының жеткіліксіздігі;

мектеп түлектерінің президенттік дайындық деңгейіндегі тест тапсыру нәтижелерінің төмендігі;

кейбір мектептерде (әсіресе ауылдық жерде) спорт залдардың болмауы және мектептер жанындағы спорт секцияларының даму деңгейінің жеткіліксіздігі (28 %).

2-тарау. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" Қазақстан халқына Жолдауы аясында балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше назар аудару қажет екенін атап өтті.

Қазақстанда жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 23063 бала бар. Отбасыларда 18805 немесе 82 %-ы бар. 3 жылда (2019 – 2021 жылдар) балалар үйлерінің саны 11 бірлікке азайды (107-ден 96 бірлікке дейін). Балалар үйлерінде тәрбиеленіп жатқан балалар саны 3 жылда 348 балаға қысқарды (2019 жылы – 4606, 2021 жылы – 4258 тәрбиеленуші). Өңірлерде жетім балаларға арналған ұйымдарды деинституциялау және оңтайландыру бойынша жоспарлар қабылданды.

Республиканың тәуелсіздік жылдарында балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты халықаралық стандарттарға қол жеткізу жұмысы жүргізілді және 15 халықаралық құжат ратификацияланды.

Балалардың құқықтарын қорғаудың институционалдық құрылымдары мен тетіктері құрылды, баланы құқықтық қорғаудың ұлттық заңнамалық базасы қалыптастырылды. Балалардың құқықтарын қорғау саласында 14 заң, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 200-ден астам қаулысы, 700-ден астам бұйрық қабылданды.

Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау оларды отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа, баланы қабылдайтын отбасына) беру арқылы, ал мұндай мүмкіндік болмаған кезде жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған барлық үлгідегі ұйымдарға беру арқылы жүзеге асырылады.

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2021 жылдың 12 айында кәмелетке толмағандар 1529 қылмыс жасаған (2020 жылы – 1873). Балаларға қатысты 2088 қылмыс жасалды (2020 жылы – 1814). Балалар арасында жасалған суицидтер 175 жағдайды құрады (2020 жылы – 143).

Жыл сайын ішкі істер органдарының есебінде тәуекел тобындағы кәмелетке толмаған 4 мыңнан астам бала және 9 мыңнан астам нашар отбасы тұр.

Білім беру ұйымдары мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес педагог-психологтың штат бірліктерімен қамтамасыз етіледі. Республика бойынша 1 педагог-психологқа жүктеме 455 оқушыны

құрайды, бірқатар мектептерде жүктеме 1000-нан астам оқушыны құрайды. Республика мектептерінің тек 1/3-інде ғана психолог кабинеті бар (ауылдық мектептерде – 1681, қалалық мектептерде – 858).

Мәселен, педагог-психологтардың жалақысын арттыру үшін 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап педагогикалық шеберлік санаты негізінде және Ұлттық біліктілік тестілеудің нәтижесі негізінде берілетін қосымша ақы жүйесі енгізілді.

Мектептерде зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы әрекет ету, сондай-ақ білім алушылар арасында зорлық-зомбылық туралы хабардар болуды арттыру мақсатында өмірлік дағдыларды қалыптастыру және суицидтің алдын алу бойынша бағдарламалар іске асырылуда. Қашықтан оқыту кезінде психологиялық қызметтер 2 миллионнан астам бала мен ата-аналарға кеңес беріп, 152421 дағдарысты жағдайда көмек көрсетті. Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыруда мектеп педагог-психологтарына қолдау көрсету жөніндегі жоспар қабылданды.

Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында білім беру ұйымдары меншік нысанына қарамастан 100 % бейнебақылау жүйелерімен жабдықталған. Бұл ретте 823 (11 %) мектеп (9 мың камера) полиция органдарының жедел басқару орталығына қосылған, 624 қалалық мектеп (54 %) күзет фирмаларымен шарттар жасасты, 1017 мектепте дабыл түймелеріне қосылған орталықтандырылған бақылау пульттері, 333 мектепте турникеттер орнатылды. Сондай-ақ кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі 2789 учаскелік инспектор білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау үшін жылы дәретханасы жоқ мектептер саны төрт есеге азайды (167-ден 40-қа дейін).

Бүгінгі таңда 1324 елді мекенде мектебі жоқ елді мекенде тұратын 25825 бала тасымалдауға мұқтаж. Мектептердің автопаркі 1066 автобустан тұрады, оның 59 %-ы ескірген және қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейді.

Мемлекет балаларға қажетті жағдай жасай отырып, оларға қамқорлық көрсетеді. Жалпыға бірдей білім беру қоры әрбір мектепте көзделген және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан, төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмекті талап ететін отбасылардан шыққан балаларды қолдауға арналған. 2021 – 2022 оқу жылында осы қордан 455 мыңнан астам бала материалдық көмек алды. Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған әлеуметтік пакет әзірленді.

Мектепте әлеуметтік педагогтер ерекше рөл атқарады, олар көмекке мұқтаждарды тез анықтайды, проблемаларды шешу кезінде оларға демеу болады және баланың білім алу құқығын іске асырады.

Ыстық тамақ 3340858 немесе 97,9 % оқушылар үшін ұйымдастырылған (2020 жылы – 96,3 %). Сондай-ақ 795868 білім алушы, оның ішінде әлеуметтік осал санатқа жататын 427454 баланың 100 %-ы ыстық тамақпен тегін қамтылған.

1–4 сыныптарда 1480,5 мың оқушы оқиды, олардың ішінде 552,3 мың бала (37,3 %) отбасының әлеуметтік жағдайына қарамастан тегін ыстық тамақпен қамтылған. Атап айтқанда, барлық бастауыш сынып оқушылары үшін тегін ыстық тамақ 5 өңірде (Астана қаласы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары) ұйымдастырылған.

2021 жылы алғаш рет тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібін сақтау, заңнаманы бұзатын жеткізушілерді жосықсыз деп жариялау (жосықсыз өнім берушілер тізбесіне енгізу) және олардың конкурстарға қатысуына тыйым салу бойынша талаптар заңнамалық түрде қабылданды.

Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері мемлекеттік білім беру органдарының ғана емес, жалпы білім беретін 6543 мектепте құрылған Қамқоршылық кеңестердің де бақылауында.

Қабылданған бірлескен шаралардың арқасында 2020 жылы 454 мың баланың әлеуметтік төлемдер алу құқығы қалпына келтірілді, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға көмек көрсетілді.

Сонымен қатар балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда мынадай проблемалар бар:

пандемия мен сырқаттану кезеңінде әлеуметтік байланыстардан және құрдастарымен өзара әрекеттесуден айырылу нәтижесінде психоэмоциялық жағдайдың нашарлауы;

білім беру ұйымдарының белгіленген бейнебақылау жүйелерінің бекітілген стандарттарға сәйкес келмеуі (ақпаратты сақтау мерзімдері, негізгі электр қуаты өшіп қалған кезде жабдықтың үздіксіз жұмыс істеуі, адамдарды тану және т.б.);

оқушыларды тасымалдау үшін автокөліктің жетіспеушілігі және оларды жаңартудың баяу қарқыны;

әкімдіктердің жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландыруының жеткіліксіз болуына байланысты ЖАО-ның балалардың жекелеген санаттарына арналған мектептегі бір рет тамақтандыру нормаларын сақтамауы;

республиканың 12 өңірінде 1–4 сыныптардың барлық оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге қаржыландырудың жоқтығы.

3-тарау. Педагог мәртебесі

2019 жылы қабылданған "Педагог мәртебесі туралы" Заң педагогтер үшін қолайлы жағдай жасау және олардың кәсіптік өсуін ынталандыру бойынша жүйелі шаралар кешенін іске асыруға мүмкіндік берді.

Педагогтің кәсіптік өсуінің жаңа жүйесін енгізудің арқасында жалақы лауазымдық жалақының 30 %-ынан 50 %-ына дейін ұлғайды (педагог, педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер). 2020 жылдан бастап аттестаттаудың жаңа жүйесіне сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (бұдан әрі – МДТО), техникалық және кәсіптік және қосымша білім беру педагогтері аттестаттау рәсімінен өту нәтижелері бойынша тиісті қосымша ақы алады. "Педагог мәртебесі туралы" Заң аясында тәрбиешілердің құқығы мұғалімдермен теңестірілді. Олардың жалақысы жыл сайын (2020 жылдан бастап) 25 %-ға артып, демалыс күндерінің саны 42-ден 56-ға дейін өсті.

Тәлімгерлік, магистр дәрежесі, сондай-ақ спорт секцияларын жүргізгені үшін жаңа қосымша ақылар енгізілді, сынып жетекшілігі және дәптерлерді тексергені үшін қосымша ақылар айтарлықтай ұлғайтылды. 2020 жылы қосымша ақылар мен үстеме ақылардың ұлғаюын ескергенде педагог жалақысының өсуі 50 %-дан асты, ал 2021 жылғы қаңтардан бастап жалақы тағы 25 %-ға өсті. 2020 жылы ТжКБ ұйымдары педагогтерінің жалақысы 25 %-ға өсті және біліктілік санаты үшін қосымша ақы белгіленді (БЛЖ-ның 30 %-ынан 50 %-ына дейін), ол Ұлттық біліктілік тестілеу тапсыру қорытындысы бойынша белгіленеді. 2020 жылы ТжКБ ұйымдарының педагогтері біліктілік санаттарын алу үшін алғаш рет Ұлттық біліктілік тестілеу тапсырды және бүгінде 2 мыңнан астам педагог санат үшін қосымша ақы алады. Сондай-ақ тәлімгерге ТжКБ ұйымдарының білім алушыларын өндірістік оқытуды және кәсіптік практиканы ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтері үшін ақы төленеді. "Болашақ" бағдарламасының түлектеріне біліктілік санатын беру рәсімінен өтпей, лауазымдық жалақысының 40 %-ы мөлшерінде қосымша төлеммен " Педагог-зерттеуші" біліктілік санаты беріледі.

Жүктемені қысқарту бойынша шаралар қабылданды. 2020 жылы мұғалімдердің еңбегін нормалау жүйесі әзірленді, ал 2021 жылдан бастап мектеп педагогтерінің 18 сағаттық жүктемесінен 16 сағаттық жүктемеге көшу жүзеге асырылды. 2022 жылдан бастап бос лауазымдар болған кезде әр мұғалімге сағат саны мұғалімнің бір жарым ставкасынан аспауы керек.

Жаңадан бастаған және жас педагогтерге жағдай жасауға ерекше рөл бөлінген.

Дарынды жастарды тарту және педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламаларына үміткерлерді сапалы іріктеуді жүзеге асыру үшін талапкерлердің түсуі үшін ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі – ҰБТ) шекті балы 50-ден 75 балға дейін ұлғайтылды. Даярлаудың педагогикалық бағыттары

бойынша оқитын бакалаврларға стипендия 26 мыңнан 50 мың теңгеге дейін арттырылды. Нәтижесінде соңғы 5 жылда педагогикалық мамандықтарға түскен "Алтын белгі" төсбелгісін алған мектеп түлектерінің саны екі есеге артты. Сондай-ақ сапаны қамтамасыз ету және педагог мамандығына талантты түлектерді тарту үшін 2020 жылдан бастап жас мамандарға біліктілік санатын берудің ерекше тәртібі көзделген. Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының түлектерін сертификаттау енгізіледі. Болашақ педагог біліктілік санатын Ұлттық біліктілік тестілеуден өту нәтижелері бойынша алады. Осылайша, мансаптың басында-ақ жас педагогтер жалақысына едәуір үстеме ала алады. Сондай-ақ жаңадан бастаған педагогтерді қолдау үшін тәлімгерлік институтын дамыту тетіктері көзделген.

"Үздік педагог" республикалық конкурсына жыл сайын қатысу еліміздің үздік педагогтерін моральдық және материалдық көтермелеудің ұштасуы болып табылады. Көтермелеудің материалдық түрлерімен қатар педагог мәртебесі " Педагог мәртебесі туралы" Заңда қабылданған қолдаудың басқа да түрлерін айтарлықтай нығайтады. Педагогикалық этика және педагогтердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кеңестер құрылды.

МДТО жүйесінде арнайы кәсіптік даярлығы жоқ ("Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша жоғары және техникалық және кәсіптік білімі бар) педагогтердің үлесі 23,8 %-ды құрайды, біліктілік санаты жоқ – 51 %. Бұл МДТО жүйесінің кадрлық әлеуетін арттыру туралы мәселенің өзектілігін көрсетеді. Сонымен қатар тәрбиешілер жүктемесінің тым көп болуы (топтағы 25 балаға 1 тәрбиеші) және жалақы мөлшерінің төмен болуы проблемасы бар. Кадрлардың тұрақтамауын тоқтату, тәрбиешілердің жүктемесін азайту мақсатында қолайлы жағдайлар жасау, оның ішінде жалақыны көбейту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Соңғы үш жылда еліміздегі педагог кадрлардың саны жарты миллионға жуық адамға жетті. Педагогтердің басым бөлігі Түркістан (50 мыңнан астам адам), Алматы (39 мыңнан астам адам) және Жамбыл (24 мыңнан астам адам) облыстарында.

2019 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде орта білім беру ұйымдарындағы педагогтердің саны 30 мыңға жуық бірлікке өсті. 3 жыл ішінде контингенттің ең көп өсуі Астана, Алматы, Шымкент қалаларында байқалады. Осы кезеңде педагогтер үлесінің ең аз өзгеруі Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарына әсер етті. Сонымен қатар 2021 жылы барлық өңірлер бойынша 2020 жылмен салыстырғанда педагогтер санының өсуі байқалды. Осылайша, соңғы 3 жылда жалпы білім беретін мектептердегі педагогтер жалпы саны біртіндеп өсті.

Педагог қызметкерлердің төрттен бір бөлігі (22,6 %) жаңа біліктілік санаттарына сәйкес "педагог" санатына жатады, педагогтердің жалпы санының 16,7 %-ы "педагог – модераторлар", 18,9 %-ы "педагог – сарапшылар", 18,9 %-ы "педагог – зерттеушілер", 0,9 %-ы "педагог-шеберлер" болып табылады.

Ауылдық жерлерде қалалық оқытушыларға қарағанда шеберлер аз жұмыс істейді. Қалалық жерлермен салыстырғанда ауылдық жерлердегі педагогтер 43 мыңға дерлік артық. Алайда педагог-шеберге тестілеуден өткен педагогтер ауылдық жерлерде қалаға қарағанда 1,8 есе аз. Сондай-ақ ауылдық жерлерде қалалықпен салыстырғанда педагог-зерттеушілер 4,9 мың адамға аз. Сонымен қатар ауылдық жерлерде "педагог-сарапшы", "педагог-модератор" және "педагог" санаттары бойынша көрсеткіштер әлдеқайда жоғары. Бұл ауылдық жерлердегі педагогтердің біліктілігінің төмендігін көрсетеді.

2020 жылы педагогтер қатарын 9220 жас маман, 2021 жылы – 11846 адам толықтырды.

Жас мамандар орта есеппен қала мен ауыл арасында біркелкі бөлінген. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар 3 мыңға жуық (50 %) жас маман еңбек жолын ауылдық жерлерде бастады. Бейінді білімі бар барлық жас мамандардың ішінде мұндай мамандардың ең көп саны оңтүстік өңірлерде: Алматы, Түркістан және Жамбыл облыстарында.

Білім саласындағы мамандардың жыл сайын оқу бітіріп жатқанына қарамастан, білікті педагогтер әлі де қажет. 2021 жылы мұғалімдерге деген қажеттілік 3733 адамды құрады, оның ішінде қалалық жерде – 1863, ауылдық жерде – 1870. Педагог кадрларға жоғары қажеттілікті Атырау облысы (651) көрсетіп отыр. Сондай-ақ халқы тығыз орналасқан өңірлерде: Алматы (602) және Түркістан (472) облыстарында педагогтерге деген қажеттілік жоғары. Маңғыстау облысында да (229) кадр тапшылығы байқалады.

Ауылдық жерлерге жоғары білікті педагогтерді тартудың күрделілігі өзекті мәселе болып қала береді. 2020 жылы жалпы білім беретін мектептерден 22525 адам (ауылдық жерден – 10038) немесе педагогтердің жалпы санының 7 %-ы жұмыстан шықты. 2020 – 2021 оқу жылы кезеңінде мектептерден 598 жас маман жұмыстан шықты, оның 43 %-ы ауылдық жерлерде.

ТЖКБ жүйесінде төрт жыл ішінде шеберлер мен арнайы пәндер оқытушыларына деген қажеттілік 2 есеге жуық өсті. 2015 жылдан бастап 50 жастан асқан және зейнеткерлік жастағы кадрлар саны 1,5 есеге өсті. Төмен жалақы өндірісте тәжірибесі бар, техникалық ағылшын тілін, компьютерлік бағдарламалауды, заманауи өндірістік технологияларды білетін жас мамандарды қызықтырмайды.

Мемлекет басшысының 2025 жылға дейін 1000 мектеп салу туралы тапсырмасына байланысты педагог кадрларды даярлау мәселесі өткір қойылып

отыр. Педагогтерге деген қажеттілік демографиялық өсу, жаңа мектептер салу, оның ішінде жеке мектептер үлесінің ұлғаюы есебінен қарқынды өсуде.

2015 – 2020 жылдар аралығында Қазақстан мектептерінде жаңартылған білім беру мазмұнына көшу іске асырылды.

Жаңартылған мазмұнды қарқынды және ауқымды іске асыру кезеңінде біліктілікті арттыру жүйесі қайта құрылып, мұғалімдердің тиісті дайындығын қамтамасыз ете алды. Іске асыру процесінде тиісті курстарда оқыған мұғалімдер тәсілдерді, әдістер мен технологияларды, оқу жетістіктерін бағалау жүйесін, оқу қарым-қатынасының басымдықтарын түбегейлі өзгертіп, мектептерде оқытуды жақсартуға айтарлықтай әсер етті. Мұғалімдердің педагогикалық практикасымен біріктірілген біліктілікті арттыру осындай нәтиже берді.

Сонымен қатар ЖОО-лар мектептегі білім берудің жаңартылған мазмұнының талаптарына сәйкес кәсіби даярлық мазмұнын шұғыл түрде қайта құрып, жаңарта алмады. Жоғары педагогикалық мектептің профессорлық-оқытушылық құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) кәсіби дамуы ұзақ уақыт бойы білім беру жүйесінде реформалар жүргізудің бірінші кезектегі факторы ретінде қарастырылмағандықтан жағдай күрделене түсті.

Біліктілікті арттыру жүйесін жаңғырту қарқыны, мұғалімдердің өзгерістерге дайындығы және дәстүрлі білім беруді ұстанатын жоғары оқу орындарындағы кәсіби-педагогикалық даярлық арасындағы теңгерімсіздік өткір сезіле бастады.

"Педагог" кәсіби стандарты 2017 жылы бекітілді, алайда оның педагогикалық білім беруді дамыту, жұмыс істейтін педагогтердің біліктілігін арттыру және аттестаттау басымдықтарына сәйкес келмегендіктен педагог кадрларды даярлау жүйесінде орталық орынға ие болған жоқ.

Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу кезеңінде педагог кадрларды даярлау жүйесінің міндеттері елеулі түзетулерден өтті. Осы кезеңде орта білім беру мазмұны, мектеп пәндерін оқыту әдістемесі, жоғары оқу орындары пәндерінің пәндік мазмұны, АКТ-құзыреттілігі мәселелерінде педагогтерді даярлаудағы елеулі олқылықтар айқын болды. Педагогтерді қолдаудың мемлекеттік шараларына қарамастан, педагогикалық білім беру ерекше назар аударуды және біліктілікті арттыру жүйесімен тығыз өзара іс-қимылды талап етеді.

Алдыңғы онжылдықтардағы мамандық мәртебесі мен педагогикалық мамандықтарға түсуге қойылатын талаптардың төмендігі әуел бастан салада мамандыққа қызығушылығы төмен және кәсіби өсуге ынтасы аз педагогтердің салада едәуір үлесінің болуының себебі. Мәселен, мектеп және ТЖБ ұйымдары директорларының пікірінше, қазақстандық педагогтер сабақты ұйымдастыру

және өткізу сапасы, өзгерістерге дайын болу және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін есепке алу сияқты параметрлер бойынша ЭЫДҰ-ның 37 еліндегі әріптестерінен айтарлықтай төмен.

Қазақстандық ТжКБ ұйымдарында оқытуды 40,9 мың инженерлік-педагогикалық қызметкер (бұдан әрі – ИПҚ) қамтамасыз етеді. Бұл ретте соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру курстарынан ИПҚ-нің тек 49 %-ы ғана өтті. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында ТжКБ-нің 10075 педагогі, оның ішінде педагог кадрларды даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ТжКБ ұйымдарында 117 педагог жұмыс істейді.

PISA-2018 нәтижелері бойынша ТжКБ ұйымдарының білім алушылары базалық дағдылар бойынша орта білім беру ұйымдарындағы өз құрдастарынан едәуір артта қалады. Сондықтан жалпы білім беру пәндерінен сабақ беретін ТжКБ педагогтерінің кәсіби және пәндік құзыреттеріне ерекше назар аударылуға тиіс.

Жоғары педагогикалық мектепте ПОҚ-тың кәсіби дамуы ұзақ уақыт бойы білім беру жүйесінде реформалар жүргізуде бірінші кезектегі фактор ретінде қарастырылмады. Осылайша, Қазақстанның жаңа тарихындағы өзгерістердің ауқымы мен тереңдігі бойынша теңдесі жоқ орта білім беру мазмұнын жаңарту реформасы 2014 – 2020 жылдар аралығында тек біліктілікті арттыру жүйесінің күшімен әзірленіп, жүргізілді.

Жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу жұмысы Қазақстанның жалпы, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде болып жатқан нақты үрдістерді толық көрсетіп отырған жоқ. ЖОО-лардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыруға арналған конкурстар желісі бойынша зерттеулері мектепке дейінгі, мектептегі, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің үздіксіз кәсіби дамуының теориялық және практикалық модельдеріне нақты сұранысты көрсетпейді. ЖОО-лар мәлімдеген зерттеу тақырыптары білім беру ұйымдарының қажеттіліктерінен әлдеқайда алшақ болуымен ерекшеленеді. Жалпы ЖОО тарапынан эмпирикалық зерттеулердің жеткіліксіздігі педагогтің кәсіби даму проблемалары бойынша Қазақстандағы ғылыми ойдың қалыптасу процестерін тежейді.

Білім беру ұйымдарының басшылары біліктілікті арттыру курстарының маңызды нысаналы тобы болып табылады. Қазақстанда білім беру саласындағы көшбасшыларды тағайындамас бұрын оларды даярлау тәжірибесі жоқ. Қазақстан директорларының тек 13 %-ы мектепті басқаруды лауазымға тағайындалғанға дейін оқығандығын атап өтті, ал ЭЫДҰ көрсеткіші 31 %-ға жеткен. Басқарушы персоналды көшбасшылық және менеджмент дағдыларына даярлау "іс жүзінде", яғни басшылық лауазымға тағайындағаннан кейін жүргізіледі.

Пандемия білім беру жүйесіне ерекше сын болды. Пандемия кезеңінде қазақстандық қоғам педагогтің орны толмас және жоғары рөлін түсінді.

Сонымен қатар пандемия педагогтің IT-дағдыларын оның кәсібилігінің негізгі факторы ретінде белгілеп берді. TALIS-2018 қазақстандық педагогтердің IT-дағдыларын қалыптастыру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту қажеттілігінің жоғары (30 % деңгейінде) екенін көрсетті. 2020 жылы 347 мың педагог қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткеніне қарамастан, қашықтан оқыту процесіне шұғыл көшу жағдайында қашықтан оқытуды ұйымдастыру және басқару педагогтер арасында белгілі бір қиындықтар туғызды.

Қазіргі уақытта Қазақстан педагогтері "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 1-тармағына сәйкес міндетті түрде бес жылда бір рет біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Мұндай жүйелілік педагогикалық білімнің, икемділіктің және құзыреттіліктің жаңару жылдамдығына, педагогтердің өзекті және ұтқыр кәсіби дамуының халықаралық стандарттарына сәйкес келмейді, педагогтердің қарқынды өзгеріп отыратын қиындықтары мен қажеттіліктеріне жедел ден қоюды қиындатады. Курстарды мемлекеттік және жеке ұйымдар өткізеді, олардың қатарында "Өрлеу" ұлттық біліктілікті арттыру орталығы (бұдан әрі – "Өрлеу" ҰБАО), "НЗМ" ДБҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, "Talar" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Talar" КЕАҚ), "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы және басқалары бар.

Қосымша білім беру педагогтерінің біліктілікті арттыру курстарымен жеткіліксіз қамтылуы байқалады. Қосымша білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыруға жыл сайынғы қажеттілік – 3,8 мың адам.

Қазақстанның білім беру жүйесін реформалау процестері педагогтердің өздерінің қиындықтары мен қажеттіліктері бойынша курстық даярлыққа кіріктірілуі тиіс педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының бағытын басым етеді. Сонымен қатар талап етілетін кәсіби дамудың нәтижелілігі үнемі мониторингтік зерттеуді талап етеді. Мұндай интеграция педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы мақсатында ғылыми-әдістемелік жұмысты білім беру сапасын арттырудың күтілетін нәтижесімен орындауға мүмкіндік береді.

Үздіксіз кәсіби даму үшін біліктілікті арттырудың құрамдас бөлігі ретінде оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс функцияларын жүктей отырып, облыстық әдістемелік кабинеттердің қызметін қайта қарау туралы мәселені пысықтау қажеттілігі бар.

Өңірлік әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) ұйымдық-құқықтық нысаны әртүрлі, жарғылар мен ережелерге, қызметкерлердің штат саны мен біліктілігіне қойылатын жалпы талаптар жоқ. Әдістемелік кабинеттердің

қызметінде әдістемелік сүйемелдеудің жүйелі тәсілі жоқ, ол жекелеген іс-шараларды өткізумен алмастырылады, сондай-ақ ғылым мен тиімді педагогикалық практика біріктірілмеген. Әдістемелік кабинеттер мамандарының кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігі мәселесі шұғыл шешуді талап етеді. Әдетте әдістемелік кабинеттер біліктілікті арттыру курстарын педагогтердің қажеттіліктері мен қиындықтарын зерделемей өткізеді, білім беру ұйымдарына күнделікті әдістемелік көмек беруді назардан тыс қалдырады.

Сонымен қатар педагогтердің мәртебесін көтеруде мынадай проблемалар бар: әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт, денсаулық сақтау жүйелерінің білім беру ұйымдарындағы педагогтерді ынталандырудың төмендігі;

МДҰ педагогтерінің біліктілігі мен жалақысы деңгейінің жеткіліксіздігі;

ТЖКБ ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігінің деңгейінің жеткіліксіздігі, даярлаудың техникалық бағыттары бойынша кадрлардың қартаюы;

бес жылда бір рет педагогтердің біліктілігін арттырудың және цифрлық, инклюзивті ортада жұмыс істеуге дайындық бойынша, жас педагогтермен (тәлімгерлік) жұмыс істейтін, кітапхана жұмысын ұйымдастыратын педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларының жеткіліксіздігі;

біліктілікті арттыру курстарының сапасы мониторингінің әлемдік зерттеулерді ұйымдастыру әдіснамасына сәйкессіздігі;

әдістемелік кабинеттер миссиясының, міндеттерінің, жұмыс мазмұнының білім беру жүйесін жанартудың қазіргі заманғы міндеттеріне сәйкессіздігі;

мектептерде психологтардың, арнайы педагогтердің жетіспеушілігі;

өңірлердегі білікті педагогтердің тапшылығы.

4-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

МДТО жүйесіндегі мемлекеттік саясат мектепке дейінгі жастағы балалардың сапалы білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз етуге және тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 – 2020 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасын, Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде елімізде МДҰ желісі айтарлықтай кеңейді

МДҰ желісінің жыл сайынғы өсуі байқалады. МДҰ желісін талдау 2020 жылмен салыстырғанда МДҰ желісі 221 бірлікке ұлғайғанын көрсетті және 922400 баладан асатын контингентпен 2021 жылы 10871 бірлікті (2020 жылы – 10650 бірлік) құрады. МДҰ жалпы санынан 7390 бірлікті балабақшалар және 3481 бірлікті шағын орталықтар құрайды. МДҰ-ның ең көп саны Түркістан,

Алматы облыстарында және Алматы қаласында байқалады, бұл осы өңірлердегі халық тығыздығының жоғары болуына байланысты.

Бизнесті білім беру саласына тартудың, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (бұдан әрі – МЖӘ) белсенді дамытудың, осы саладағы заңнаманы жетілдірудің арқасында жеке меншік МДҰ санын бір жылда 4973 бірлікке кеңейтуге қол жеткізілді, 2021 жылы жеке меншік МДҰ контингенті 424300 баланы құрады, оның ішінде қалалық жерлерде 2814 жеке меншік МДҰ (234228 адам) және ауылдық жерлерде 2159 (190072 адам) МДҰ жұмыс істейді. Олардың ең көп саны Алматы (+215 бірлік), Түркістан (+26 бірлік), Батыс Қазақстан (+24 бірлік), Маңғыстау (+20 бірлік) облыстарында, Шымкент (+23 бірлік) және Алматы қалаларында (+35 бірлік) өсті.

МДҰ-ны, оның ішінде мемлекеттік тілде оқытатын топтарды құру басым бағыт болып табылады. Республикадағы МДҰ-ның 65,5 %-ы қазақ тілінде оқытады. Тәрбие процесі 7122 МДҰ-да мемлекеттік тілде және 2155 МДҰ-да аралас (тәрбие мен оқытудың екі тілінде) жүргізіледі. Тек қазақ тілінде тәрбиелеп, оқытатын МДҰ-лар үлесі Қазақстанның оңтүстік және батыс өңірлеріне тиесілі, олар: Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстары және Шымкент қаласы. Аралас МДҰ-лардың ең көп үлесі Астана қаласы мен Қарағанды облысына тиесілі.

Кедергісіз қолжетімділік 2972 (38,2 %) мемлекеттік МДҰ-да қамтамасыз етілген. Кедергісіз қолжетімділік деп ЕБҚ бар балаларды толық тәрбиелеу және оқыту үшін арнайы жабдықтармен, кадрлармен, ОӘК-мен және басқалармен қамтамасыз етілген қолжетімді орта түсініледі.

МДҰ-да инклюзивті білім беруді дамытуға бірқатар себептер кедергі келтіруде. Біріншіден, бұл білікті кадрлардың жетіспеушілігі, үй-жайларды қажетті жабдықтармен және ОӘК-мен жеткіліксіз жарақтандыру.

1-ден 6 жасқа дейінгі балаларды МДТО-мен қамту 84,7 %-ды құрайды. Алайда халықаралық салыстыруларда Қазақстан 2020 жылы ғана ЮНЕСКО-ның мектеп жасына дейінгі балаларды жалпы қамту формуласы бойынша қамтудың орташа деңгейі бар елдер тобына енді.

3-6 жастағы балаларды қамту кезекке тұрған балалардың жалпы санының 98,7 %-ын (860 мыңнан астам) құрайды. Кезекте 58 мың бала тұр.

Сондай-ақ 3-4 жастағы 370 мыңнан астам бала ата-анасының қалауы бойынша отбасында тәрбиеленетінін атап өткен жөн. 5 жастағы балалар міндетті мектепалды даярлықпен қамтылған.

ЭБДҰ сарапшыларының ұсынымдарына сәйкес Қазақстан ерте жастағы балаларға ерекше назар аударып, 3 жасқа дейінгі балаларға мектепке дейінгі білім беруді белсенді түрде ілгерілетуі қажет, себебі қатысушылардың нәтижелері балабақшаларға бару ұзақтығына байланысты ерекшеленеді. Бұл

тренд, басқа да TIMSS және PIRLS сияқты халықаралық зерттеулермен расталады.

2021 жылы апаттық жағдайдағы 11 МДҰ тіркелді (2020 ж. – 14, 2019 ж. – 17, 2018 ж. – 12), оның ішінде 4-і қалалық жерде және 7-і ауылдық жерде орналасқан. (Қызылорда – 9 және Ақмола, Жамбыл облыстарында 1 апатты МДҰ-дан). Ауылдық жерлерде ыстық сусыз мектепке дейінгі ұйымдардың саны 1169 бірлікті құрайды, тасымалданатын сумен 1007, жеке жылытумен 4868, автономды жылытумен 1058. Жеке жылытумен қамтылған ең көп МДҰ Алматы (939) Түркістан (888), Шығыс Қазақстан (471) және Қызылорда (402) облыстарында. Тасымалданатын сумен ең көп МДҰ Түркістан (244), Қостанай (139), Алматы (95), Маңғыстау (91) және Ақтөбе (84) облыстарында.

МДҰ 1,7 %-да (190 бірлік) кәріз жүйесі жоқ. Айта кету керек, 2019 жылмен салыстырғанда кәріз жүйесі жоқ МДҰ саны шамамен 20 есеге (2019 ж. — 3781 дейін) айтарлықтай азайды. Алайда мұндай МДҰ әлі күнге дейін еліміздің барлық өңірлерінің ауылдық және қалалық жерлерінде жұмыс істейді. Ең көп кәрізсіз МДҰ Түркістан (52), Алматы (28), Батыс Қазақстан (22) және Солтүстік Қазақстан (22) облыстарында жұмыс істейді.

Абаттандыру мәселесі нашар шешілуде. 2020 жылы тек жылы дәретханалары бар МДҰ саны 2019 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ, олардың саны бұрынғысынша 5434 бірлікті (51 %) құрайды. Тек аулалық дәретханалары бар мектепке дейінгі ұйымдардың саны да өзгерген жоқ (1172 бірлік). Жылы және аулалық дәретханалары бар мектепке дейінгі ұйымдардың саны 3514 бірлікті құрады.

МДҰ-лардың барлығы бірдей бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілмеген. МДҰ-да болған кезеңде балалардың қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында оларды 100 % бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыру қажет.

2439 МДҰ АКТ-жабдығымен жарақтандырылған, оның ішінде балабақшаларда 15426 бірлік компьютерлік техника, 3456 интерактивті тақта бар және 7079 МДҰ 4 Мбит/с жоғары интернетке қол жеткізіп отыр, бұл ретте МДҰ-ның 22,4 %-ы жылдамдығы 4 Мбит/с төмен интернетке ие.

2021 жылы Астана қаласында "Ақша баламен бірге жүреді" қағидаты бойынша ваучерлік қаржыландыру пилоты басталды және бұл пысықталғаннан кейін бүкіл мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қолданылатын болады.

2010 жылдан бастап елімізде балабақшаларға қағаз кезектілік жұмыс істеді, 2015 жылдан бастап әр ауданда өзінің электрондық кезектері болды (224 ауданда), ал 2021 жылдан бастап өңірлер бір кезекке аудандық кезектерді біріктірді. Барлық өңірлерде балабақшаларға жолдама берудің, кезекке қоюдың және балабақшаларға қабылдаудың бизнес-процесі egov.kz платформасы арқылы автоматтандырылды. МДҰ-ның 72,4 %-ы "Электрондық үкімет" немесе "

Азаматтарға арналған үкімет" веб-порталы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен қамтылған. Соған қарамастан, бүгінгі таңда ел бойынша бірыңғай кезек базасын құру үшін әртүрлі ақпараттық жүйелер арасында интеграция жоқ. Өңірлік базалардың бытыраңқылығы кезектіліктің қайталануына әкеледі, ашықтықты қамтамасыз етпейді және сырттан араласу жағдайларын жоққа шығармайды.

МДТО-ға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан білім беру ұйымдарына беріледі. Мемлекеттік білім беру тапсырысы көлемінде МДҰ-ның бір балаға есептегендегі тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі ағымдағы шығындары өтеледі.

Алайда бүгінгі күні МДТО-ға мемлекеттік білім беру тапсырысын беру тетігін қайта қарау талап етіледі: жан басына шаққандағы формат және балалардың келу фактісі бойынша төлемді бақылау.

Елімізде баланың туу жағдайы бойынша композиттік көрсетілетін қызмет енгізілуде, оған туу туралы құжаттарды беру, бала туу бойынша жәрдемақы алу және МДҰ-ға орын алу үшін кезекке қою кіреді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі балаларды дамыту мен оқытуға қойылатын өзгеріп отыратын талаптарға және өзекті ғылыми деректерге сәйкес МДТО-ны трансформациялау, оның сапасын арттыру үшін қажетті өзгерістердің бағытын айқындайды.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын айқындау үшін 2017 жылы Қазақстанда алғаш рет мектепке дейінгі жастағы балалардың машықтары мен дағдыларын дамыту индикаторларының жүйесі енгізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша машық пен дағды деңгейі жоғары және орташа 5-6 жастағы балалар үлесінің өсуі айқындалды (2020 жылы 82 % және 2017 жылы 62,5 %). Алайда аталған жүйе халықаралық және отандық тәжірибені ескере отырып, қосымша жетілдіруді талап етеді.

ЕСCERS-R сапасын бағалаудың халықаралық шәкілін қолдану арқылы Қазақстанда жүргізілген зерттеу балаларға ортаның қанықтылығы мен қолжетімділігінің төмендігін көрсетті, "Белсенділік түрлері" кіші шәкілі бойынша балл төмен болды. МДҰ-да қозғалыс белсенділігі, баланың ойын, қозғалыс, таңдау, қарым-қатынас, жаңаны жасау, оқу, эксперименттер, танымдық белсенділік қажеттіліктеріне жауап беретін даму ортасын ұйымдастыру үшін жеткілікті жағдай жасалмаған.

Сонымен қатар МДТО-да мынадай проблемалар бар:

балалардың күтілетін елеулі өсуіне МДҰ инфрақұрылымының дайын еместігі

;

мектепке дейінгі білім беруда көрсетілетін қызметтермен айтарлықтай қамтылғанға қарамастан, МДҰ-да орын алу үшін 2-6 жастағы балалар кезектілігінің сақталуы;

балаларды МДҰ-ға кезекке қоюдың өңірлік ақпараттық жүйелерінің бытыраңқылығы және мемлекеттік деректер базасымен интеграцияның болмауы;

МДҰ педагогтерінің тәжірибесінде балаларды ерте дамыту әдістемесінің жеткіліксіз қолданылуы;

мектепке дейінгі балалық шақты "мектептегі кезеңге дайындау" және мемлекеттік жалпыға міндетті МДТО стандартының, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұнындағы ойын рөлінің жеткіліксіздігі;

мектепке дейінгі білім беруде көрсетілетін қызметтердің сапасын кешенді бағалау тетігінің болмауы;

пәндік-кеңістіктік ортаның қауіпсіздігі, денсаулықты сақтау және жайлылығы тұрғысынан МДҰ-да кеңістікті тиімсіз ұйымдастыру.

5-тарау. Орта білім беру

Жақсы МТБ – білім беру сапасының кепілі, сондықтан білім беру саясатында ең алдымен инфрақұрылымдық мәселелерді шешу өте маңызды.

3 жылдың динамикасында негізінен қалалық жерлерде орта білім беру ұйымдарының желісі мен контингентінің ұлғаюы байқалады. 2021 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша әртүрлі ведомстволық бағыныстағы мектептер саны 3594972 оқушы контингентімен 7549 бірлікті құрады.

Демографиялық және көші-қон процестерінің салдарынан өңірлер бойынша оқушылар санында айырмашылық байқалады. 2020 – 2021 оқу жылында Алматы және Түркістан облыстарында, Астана мен Алматы қалаларында оқушылар санының айтарлықтай өсуі тіркелді.

Өңірлер бойынша ШЖМ біркелкі емес. ШЖМ желісі 500-ден астам бастауыш, 700-ден астам негізгі орта, 1400-ден астам жалпы білім беретін мектептерді қамтиды. ШЖМ Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола және Павлодар облыстарында басым, Маңғыстау, Қызылорда және Атырау облыстарында мұндай мектептердің үлесі аз.

Оңтайландыру есебінен ШЖМ үлесі 3 жылда 1,7 %-ға төмендеді. Күндізгі мемлекеттік мектептердің жалпы санының 40,1 %-ы шағын жинақты болып табылады. ШЖМ контингенті ел бойынша оқитындардың жалпы санының 5,6 %-ын құрады. Оқушылардың нормативтік санының жеткіліксіздігі ШЖМ-ды оңтайландыруға алып келді. Мәселен, 2018 жылдан бастап 99 ШЖМ жабылды (қайта ұйымдастырылды), оның 95 %-ы ауылдық жерлерде. Осы кезеңде ең көп

бастауыш ШЖМ жабылған. Ауыл мектептерінің жабылуы халықтың көп кетуі байқалатын және ШЖМ үлесі жоғары өңірлерде: Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарында, сондай-ақ Ақмола және Қарағанды облыстарында орын алды.

Кадрлық, оқу-әдістемелік, цифрлық қамтамасыз етілген 194 тірек мектепке (ресурстық орталықтарға) 585 магниттік ШЖМ (барлық ШЖМ 21 %) бекітілген. Тек 64 тірек мектепте ғана мектеп жанындағы интернаттар жұмыс істейді. Жалпы бұл тәсіл білімнің сапасы мен жан-жақты қамтылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қазақстандағы мектептердің 60 %-дан астамы 1930 – 1990 жылдары пайдалануға берілген және өңірлерде олардың техникалық жай-күйін зерделеуге, күрделі жөндеу жүргізуге жүйелі тәсілдің жетіспеушілігі мектеп ғимараттарының апаттылығына әсер етуі мүмкін.

Мектептердің толы болуы мен үш ауысымды оқыту мәселесін толық шешу әлі мүмкін емес, олардың саны өсуде. Тәуелсіздік жылдарында республикада 2466 жаңа мектеп салынды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша 137 мектеп үш ауысымда сабақ жүргізеді, тиісінше оқушы орындарының тапшылығы сақталуда; 635 мектеп күрделі жөндеуді қажет етеді, оның ішінде қалада – 224, ауылдық жерлерде – 411 мектеп. Мектептердің 2 %-ында оқушы орындары жетіспейді.

Демографиялық өсуді, ішкі көші-қонды, мектеп ғимараттарының амортизациясын ескере отырып, оқушылар орындарының жыл сайынғы тапшылығының өсу үрдісі пайда болады, бұл жаңа мектептерді, оның ішінде МЖӘ арқылы салу қажеттілігіне алып келеді.

Заңнамада көзделген ұзақ мерзімдер, жоспарлаудың, жекеше әріптесті таңдаудың және МЖӘ шарттарын жасасудың күрделі бюрократиялық рәсімдері қазіргі уақытта жеке инвесторлар мен олардың ықтимал кредиторлары үшін жобаларға қызығушылықты төмендетеді.

Осыған байланысты МЖӘ жобаларының базалық параметрлерін, оның ішінде мақсаттар мен міндеттерді, институционалдық схеманы, бюджет қаражаты есебінен болжанатын төлемдерді, жеке инвесторлар үшін жаңа мектептер салудың қаржылық тартымдылығын арттыратын мемлекеттік қолдау шараларын көздеу қажет.

Ескіруге байланысты мектептердің ішкі инфрақұрылымын дамыту мәселелері дереу шешуді талап етеді. Денсаулық сақтау жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған күрделі жөндеу соңғы 3 жылда 770 мектеп ғимаратында жүргізілді.

Инфрақұрылымдық мәселелерді шешу жолындағы тағы бір қадам жеке мектептер желісін дамыту болуы мүмкін.

Соңғы 3 жылда жеке меншік мектептер желісі мен контингенті айтарлықтай өсті. 2021 жылы республикада 104510 білім алушы контингенті бар 375 жеке

меншік мектеп, сондай-ақ 28 мыңнан астам бала білім алатын 12 халықаралық мектеп жұмыс істеді. Барлық жеке меншік мектептердің жартысынан көбі еліміздің мегаполистері: Астана, Алматы және Шымкент қалаларына тиесілі. Сондай-ақ жеке меншік мектептердің өсуі республиканың халық тығыз орналасқан оңтүстік өңірлерінде Алматы облысында 2 еседен астам және Түркістан облысында 6 есеге жуық болды. Білім алушылардың ең көп контингенті де жоғарыда аталған өңірлерге тиесілі. Ең аз жеке меншік мектептер Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында жұмыс істейді.

"Ақша оқушымен бірге жүреді" қағидатымен жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшу көбіне жеке меншік мектептердің осындай өсуіне ықпал етті. 2018 жылдан бастап жеке меншік мектептерге мемлекеттік тапсырыс беру басталды. Аталған шара толы мемлекеттік мектептерді ішінара босатуға, елдегі оқушы орындарының тапшылығын азайтуға мүмкіндік береді.

2015 – 2016 оқу жылынан бастап орта білім берудің жаңартылған мазмұны енгізілді. Білім беруден құзыреттілікке көшу қағидаты іске асырылды. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (бұдан әрі – МЖБС), үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары жаңартылды, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемшарттық жүйесі енгізілді, оқыту әдістемесі мен технологиялары жетілдірілді, үштілді білім беру саясаты іске асырылуда.

Білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру кезеңінде (2016 – 2020 жылдары) сараптамадан өткен және шығарылған 652 оқулық атауы бар, олардың 78-і бастауыш білім беру деңгейіне арналған базалық оқулықтар болып табылады . 5 – 11 сыныптарда әр пәнге орта есеппен 2-3 балама оқулық келеді.

Сараптама сарапшылардың, авторлар мен баспалардың мүдделер қақтығысын барынша азайтуға мүмкіндік беретін "көрмей" рецензиялау қағидаты бойынша жүргізіледі. Оқу әдебиеттеріне сараптама бес кезеңде жүргізіледі: бастапқы және қорытынды ғылыми-педагогикалық сараптамалар, апробация, қоғамдық талқылау және пәндік сараптама комиссиясы. Оқулықтарды сараптау жүйесі әзірлеушілер тарапынан апелляция рәсімін көздемейді.

Сонымен қатар оқу әдебиетінің қазақстандық контентіне назар аударылды, қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін (аудармасыз) оқулық әзірлеу міндеттемесі, мәтіндер мен иллюстрацияларда Отанға, ұлттық мәдени кодқа, фольклорға және айтулы кейіпкерлерге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелейтін ұлттық мүдделерді, құндылықтар мен жетістіктерді көрсету көзделген. Заманауи сын-қатерлерді ескере отырып, оқулықтарда отбасылық

құндылықтарды, ата-аналар мен отбасының басқа да мүшелеріне құрмет көрсетуді, өмірсүйгіштікті, қоршаған ортаға қамқорлықты, деструктивті көріністерге қарсы тұру дағдыларын насихаттайтын ақпарат болуға тиіс.

Баспалардың практикалық қызметіне міндетті түрде басылымшілік сараптама жүргізу, оқулық теориясы мен қолданылатын сараптама өлшемшарттары бойынша авторлардың оқу курсынан өтуін өтеу кіреді. 2020 – 2021 жылдары 1 мыңнан астам автор осындай курстан өтті.

ОӘК мен мерзімді басылымдар мектеп кітапханаларының барлық кітап қорының 81 %-ын (163 млн дана) құрайды, олардың ішінде мемлекеттік тілдегі басылымдар кітапхана қорының 30 %-нан аспайды. Алайда көркем әдебиеттің 95 %-ы кеңес заманында жарық көрді, жалпы қордың 30 %-ы есептен шығарылуы керек.

2018 жылы өткізілген 16 елдің (Curriculum Content Mapping, ЭЫДҰ жобасы шеңберінде) оқу бағдарламаларын талдау қорытындылары бойынша қазақстандық білім беру мазмұнында мынадай құзыреттер кеңінен ұсынылған: сыни ойлау, проблемаларды шешу, деректермен жұмыстағы сауаттылық, болжау, АКТ-сауаттылық, жаһандық құзыреттер, білім алушылардың проактивтілігі, топтық жұмыс, рефлексия және ынтымақтастық. Бұл ретте қаржылық сауаттылық, кәсіпкерлік және есептеуіш ойлау неғұрлым аз дамытылатын құзыреттер болып табылады.

Дүниежүзілік Банктің жобасы шеңберінде жүргізілген білім берудің жаңартылған мазмұнын және оның іске асырылуын талдау стандарттардың оқыту мен оқыту процесін құзыреттерді (дағдыларды) дамытуға бағдарлау ниетіне қарамастан, оқу бағдарламаларындағы мазмұнның көлемі оның мүмкін еместігін көрсетті.

Орта білім мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Функционалдық сауаттылықты дамыту оқыту мақсаттары мен сабақтағы қызметтер жүйесі арқылы іске асырылады. Дегенмен, оқыту мақсаттарын іске асыруда мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейі әлі де жеткіліксіз, оқушылардың практикалық дағдыларын дамытуға және функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған контекстік тапсырмаларды құрастыру дағдылары жоқ. Зерттеу дағдыларын, сыни және шығармашылық ойлауды дамытуға бағытталған білім беру ресурстары (есептер жинағы, онлайн-ресурс банкі, бейімделген деңгейлік мәтіндер және т.б.) жоқ.

Білім алушылардың шамадан тыс оқу жүктемесі байқалады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі – ТМД) елдері арасында Қазақстанның бастауыш мектебінің үлгілік оқу жоспарының жүктемесі ең жоғары. Ресейде оқу уақытының орташа жылдық саны 2393 сағатты, Қазақстанда 3664,5 сағатты құрайды.

Өлшемшарттық бағалау бойынша қажетті нұсқаулықтар, құралдар әзірленді, тиісті оқыту ұйымдастырылды. Алайда TALIS-2018 зерттеуіне сәйкес педагогтер әлі де бағалау әдістері бойынша әдістемелік қолдауды қажет етеді.

Жаңартылған үлгілік оқу жоспары 7 – 9 сыныптардағы білім алушыларды ерте бейіндеуге мүмкіндік береді. 10 – 11-сыныптарда оқу бағытына қарамастан пәндердің бірыңғай жиынтығы белгіленді, міндетті пәндердің саны қысқартылды, тереңдетілген және стандартты деңгейдегі пәндерді таңдау ұсынылды. Бұл ретте бейіндеу дәстүрлі оқу пәндерін оқуға арналған апталық сағаттар санының артуымен ғана шектеледі.

2021 жылы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (бұдан әрі – "Атамекен" ҰКП) бірлесіп кәсіптік бағдарлау жұмыстарына қатысты жаңа тәсілдер әзірленді.

Орта білім беру мазмұнын кәсіби дағдылар мен құзыреттерді ерте қалыптастыруға қайта бағдарлау, ал жоғары сыныптарда бейіндік даярлыққа назар аудару қажет. Осыған байланысты озық әлемдік тәжірибеге сәйкес оқытудың 12 жылдық моделіне көшу өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда, біріншіден, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілін оқытудың жалпы жүйесі жеткілікті деңгейде құрылмаған. Осыған байланысты мектептердің, ТЖКБ ұйымдарының, жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары арасында тіл оқытуда сабақтастық байқалмайды. Өз кезегінде, бұл мемлекеттік тілді оқыту сапасына әсер етеді. Нәтижесінде мектеп, ТЖКБ ұйымдары, жоғары оқу орындарының түлектері қазақ тілін тиісті деңгейде меңгермейді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті біріктіріліп, бір пән ретінде оқытылады. Мұндай аралас оқыту күтілетін нәтиже бермейді, өйткені оқушыларға бір пән бойынша тіл мен әдебиетті игеру қиынға соғады. Мысалы, халықаралық тәжірибеде тіл міндетті түрде жеке пән ретінде оқытылады.

Бұдан басқа, "Қазақ әдебиеті" пәнінің үлгілік оқу бағдарламасын жетілдіру жұмысы жүргізілуде.

Сапалы білім беруді қамтамасыз етудегі маңызды міндеттердің бірі қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасының алшақтығын қысқарту, барлық балаларға тең мүмкіндіктер беру болып табылады.

Халықаралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелері мектепте орта білім сапасында үлкен алшақтық бар екенін айғақтап отыр. Өңірлер, аумақтар (қала – ауыл), оқыту тілі және отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бойынша үлгерімде елеулі алшақтық анықталды. Осылайша, өңірлер бөлінісінде ең төмен

және жоғары көрсеткіштер арасындағы алшақтық 84 балды құрады және 3 оқу жылына сәйкес келеді. Елдің барлық дерлік оңтүстік және әсіресе батыс өңірлері елдегі орташа деңгейден төмен нәтижелерді көрсетеді.

PISA-2018 халықаралық зерттеуінің нәтижелері алынған білім сапасы бойынша қалалық және ауылдық білім алушылар арасында және өңірлік бөліністе бір мезгілде айтарлықтай алшақтықты көрсетеді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы ауыл мектептері оқушыларының көрсеткіштері Қызылорда облысындағы қала мектептері оқушыларының көрсеткіштерінен жоғары. Мұндай жағдай көптеген өңірлер бойынша сақталуда. PISA-2018 математикалық және жаратылыстану сауаттылығы бойынша алшақтық PISA-2009-бен салыстырғанда 3 балға қысқарды, оқу сауаттылығы бойынша, керісінше , 4 балға ұлғайды. Ауылдық жерлерде оқытындардың арасында артта қалғандардың (функционалдық сауатсыздардың) неғұрлым жоғары үлесі байқалады. Оқу сауаттылығы бойынша ауылдық білім алушылардың тек 24 %-ы ғана 2-ші және одан жоғары деңгейге жетеді.

PISA-2018 (оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану ғылымдары) бағаланатын барлық үш бағыт бойынша Атырау, Маңғыстау, Алматы және Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облыстары төмен нәтижелер көрсетті.

Білім беру теңсіздігі негіздерінің бірі – қалалық және ауылдық педагогтердің біліктілігіндегі алшақтық, олардың дағдылары мен тиісті оқу-материалдық базаның болуы. Осындай алшақтық нәтижелері TIMSS, PIRLS және ICILS сияқты басқа да халықаралық зерттеулерде ұсынылған. Мұндай оқиғалардың негізгі себебі функционалдық сауаттылыққа емес, пәнді білуге білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау болып табылады. Осыған байланысты білім берудің жаңартылған мазмұнына бағдарлана отырып, орта білім беруді сыртқы бағалаудың қолданыстағы моделін базалық білімінің (функционалдық сауаттылығының) болуына қайта пайымдауға назар аудару қажет.

Халықаралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелері мемлекеттік және орыс тілдерінде білім алушылар арасындағы көрсеткіштердегі екіншінің пайдасына елеулі алшақтықты көрсетеді. PISA-2018 нәтижелеріне сәйкес мемлекеттік тілде білім алушылар оқу сауаттылығы бойынша орыс тілінде білім алушылардан 70 балға төмен, жаратылыстану – ғылымдары сауаттылығы бойынша – 65 балл, математикалық сауаттылық бойынша 38 балл нәтижесін көрсетеді.

Бұл ретте зерттеу циклдері бойы қазақ тілінде білім алушылардың нәтижелерінің жақсаруы, сол сияқты орыс тілінде білім алушылар нәтижелерінің төмендеуі немесе өзгермеуі есебінен осы алшақтықтың қысқаруы байқалады.

Оқу бойынша, мысалы, 2009 жылмен салыстырғанда алшақтық 19 балға қысқарды.

Оқыту тілдері бойынша жалпы алғанда Қазақстанның барлық өңірлері мен тестілеу бағыттары бойынша орыс тілінде білім алушылар PISA тестілеуін қазақ тілінде білім алушыларға қарағанда анағұрлым табысты тапсырады. Алайда әр өңірде бұл алшақтықтың мөлшері статистикалық тұрғыдан айтарлықтай ерекшеленеді. Оқу сауаттылығы бойынша ең үлкен алшақтық – 80 балдан астам Павлодар (айырмашылық 87 балды құрады), Маңғыстау (86) облыстарында және Алматы қаласында (83), ал ең төмені Алматы облысында (31 балл) анықталды.

Қала – ауыл және өңірлер арасындағы нәтижелердегі алшақтық ICILS-2018 халықаралық салыстырмалы зерттеуімен де анықталды. Ең жоғары және ең төменгі нәтижелер арасындағы айырмашылық 165 балл болды. Ауылдық және қалалық мектептер арасындағы айырмашылық 70 балды құрайды.

9-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі – ОЖСБ) көрсеткіштерінің қалалық және ауылдық оқушылар арасындағы айырмашылығы соңғы 3 жыл ішінде 7 балды құрайды. 2017 жылдан бастап қалалық және ауылдық мектептердің өз нәтижелері өзгеріссіз қалып отыр және олардың арасындағы алшақтық сол деңгейде сақталып отыр.

2019 жылы қалалық және ауылдық мектептердің түлектері арасындағы ҰБТ нәтижелеріндегі алшақтық алғаш рет қысқарды. Қала мектептері түлектерінің орташа балы 70,54 балды, ауыл мектептері түлектерінің орташа балы 69,11 балды құрады. Нәтижесінде қалалық және ауылдық оқушылар арасындағы алшақтық ең төменгі 1,43 балға дейін азайтылды.

Ауылдық жерлерде мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің 70 %-ы орналасқан, онда балалардың 42 %-ы (1506250) оқиды.

193173 оқушы контингенті бар 2754 мектеп шағын жинақты болып табылады. ШЖМ ең көп саны Солтүстік Қазақстан – 13 %, Ақмола – 13 %, Шығыс Қазақстан – 12 %, Қостанай – 11 %, Қарағанды – 7 % облыстарында орналасқан.

Қазіргі уақытта ауылдық мектептер инфрақұрылымдық дамуда және жарақтандыруда артта қалып отыр: ауылдық мектептердің 66 %-ы (қалада – 86 %) жаңа модификация кабинеттерімен жарақтандырылған, ауылдық жерлердегі мектептердің 71,5 %-ы (қалада – 95 %) бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етілген, 2000 ауылдық мектепте интернет-байланыс жоқ.

Ауылдық оқушыларды оқыту сапасына әсер ететін елеулі факторлар ауылдық жерлерге жоғары білікті педагогтер тартудың қиындығы, қаржылық және материалдық ресурстардың, коммуникациялар мен технологиялардың жеткіліксіздігі болып табылады. PISA-2018 зерттеуінде сапалы оқу процесіне

белгілі бір дәрежеде кедергі келтіретін негізгі проблемалардың ішінде ауылдық білім беру ұйымдары басшыларының 36 %-ы оқытушылар құрамының жетіспеушілігін, 21 %-ы білікті кадрлардың жетіспеушілігін атап өтті.

"IQanat" білім беру қоры ауыл мектептерінің оқушылары үшін менторлық бағдарламалар мен ҰБТ-ға қарқынды дайындық лагерін ұйымдастырады. Қор жыл сайын ауыл мектептерінің 9-сынып оқушылары үшін жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадалар өткізеді. Олимпиада финалистерінің IQanat High School of Burabay-ға оқуға түсуге мүмкіндігі бар.

Назарбаев Университетінің Әлеуметтік даму қорының қолдауымен "Alpha Academy" қоғамдық бірлестігі жүзеге асыратын "Hello, Aul" жобасы шеңберінде ауыл мектептерінің 8 – 10 сынып оқушылары үшін ағылшын тілінен 2 айлық курстар өткізіледі. Қазіргі уақытта жоба Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарында жүзеге асырылуда.

Ауылдық және қалалық мектептерде білім беру сапасы арасындағы алшақтықты жою үшін ауыл мектептерін қолдау бойынша "Цифрлық Қазақстан" және "Ауыл – Ел бесігі" өңірлік бағдарламалары, "Мобильді мұғалім", "Қамқор жанұя", "Нәтижелілігі төмен ауыл мектептеріне мықты мектептердің қамқорлығы" жобалары әзірленді.

"НЗМ" ДБҰ еліміздің орта білім беру жүйесіне өз тәжірибесін енгізуді жалғастыруда. Ол үшін өңірлердегі жалпы білім беретін мектептердің қатарынан әдістемелік алаң болып табылатын 1710 "жетекші мектеп" жұмыс істейді. Сондай-ақ жеке меншік бастамашыл ұйымдардың (демеушілердің) қатысуымен ауыл мектептерін әдістемелік (мектептерде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, білім беру органдарына ұсыныстар әзірлеу және т.б.) және материалдық-техникалық қолдау (жарақтандыру және қайта жабдықтау, жөндеу, реконструкциялау) жөніндегі жобалар жүзеге асырылуда. Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері үшін 1 – 11 сыныптар аралығындағы барлық пәндер бойынша үш тілде әр сабаққа арналған 174 мыңнан астам материалды қамтитын "Жүйелік-әдістемелік кешен" жалпыға қолжетімді онлайн платформа құрылды.

2020 жылы қашықтықтан оқыту үшін "НЗМ" ДБҰ "Bilim Media Group"-пен бірлесіп қазақ және орыс тілдерінде 1 – 11 сыныптар аралығында барлық пәндер бойынша 24 мың сабақты қамтитын "Online Mektep" цифрлық білім беру контентін әзірледі.

Қазіргі уақытта елде 21 НЗМ жұмыс жасайды, онда 15829 оқушы оқиды, оның ішінде 6449 (40,7 %) – халықтың әлеуметтік осал топтарынан; 3090 (19,5 %) – ауылдық жердің, шағын қалалар мен аудан орталықтарының оқушылары.

НЗМ-де 2 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады: NIS-Programme (20 мектеп) бағдарламасы, ол халықаралық деңгейде танылған A-level (Ұлыбритания

), O-level (Сингапур) бағдарламаларымен салыстыруға тұрарлық үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибені интеграциялайды, сондай-ақ халықаралық бакалавриат бағдарламасы (1 мектеп), ол терең пәндік білімді қалыптастыруға, пәндерді интеграциялауға және кең ауқымды дағдыларды дамытуға бағытталған, қолданбалы сипатқа ие.

Сондай-ақ 20 НЗМ білім беру қызметтерін ұсынудың жоғары сапасын растайтын CIS (Халықаралық мектептер кеңесі) халықаралық аккредиттеуіне ие болды және алынған аккредиттеуді растау үшін екінші циклге дайындалуда.

Қазақстанда әртүрлі деңгейдегі олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып табылатын дарынды оқушылардың деректер базасы құрылған. Бұл базаға еліміздің түкпір-түкпірінен 26,5 мың бала кіреді. Сонымен қатар өңірлерде осындай балаларды анықтауға және қолдауға көмектесетін ғылыми-практикалық орталықтар жұмыс істейді. Еліміздің 14 өңірінде дарынды балалармен және жастармен жұмыс жасайтын орталықтар жұмыс істейді. Бүкіл ел бойынша дарынды балаларды оқытатын 134 мамандандырылған білім беру ұйымы жұмыс істейді. Елдегі дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау мәселелері бойынша жалпы үйлестіруді "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – "Дарын" РҒПО) жүзеге асырады.

Қазақстандық оқушылар соңғы жылдар ішінде әлемдік деңгейде алған білімдері мен құзыреттерінің бәсекеге қабілеттілігін растайды. 1998 – 2021 жылдар аралығында Қазақстанның дарынды білім алушылары әлемдік пәндік олимпиадаларда 2316 алтын, 3416 күміс, 4980 қола медальға ие болды. Соңғы үш жылда қазақстандық оқушылардың халықаралық олимпиадаларға қатысу рейтингі жеңіп алған медальдардың саны мен сапасының өскенін көрсетті.

Мәселен, егер 2020 жылы оқушылар алтын медаль ала алмаса және қоржынында 31 мүмкін медальдың тек 16-сы болса, 2021 жылы оқушылар 2 алтын медаль (математика және география) жеңіп алды және жалпы алғанда 31 мүмкін медальдың 26-сын ел қоржынына салды.

2020 – 2021 оқу жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаға қатысып, жеңімпаз атанған оқушылардың ең көбі "Білім-инновация" лицей-интернаттарында оқиды, оның ішінде алтын медальмен 31, күміс медальмен 57, қола медальмен 118, Назарбаев Зияткерлік мектебінде алтын медальмен 16, күміс медальмен 39 және қола медальмен 23, республикалық физика-математика мектебінде алтын медальмен 12, күміс медальмен 17, қола медальмен 19 оқушы наградталды.

2020 – 2021 оқу жылы ең беделді 7 халықаралық олимпиадада жүлдегер және жеңімпаз Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары: 1 алтын медаль, 6 күміс

және 4 қола медальмен, "Білім-инновация" лицей-интернаттарының оқушылары 1 алтын, 4 күміс және 5 қола медальмен, республикалық физика-математика мектебінің оқушылары 1 күміс, 2 қола медальмен марапатталды.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, "Алтын белгі" иегерлерінің саны жыл сайын өсуде (2016 ж. – 4852 өтініш берушінің 2535-і, 2017 ж. – 6091 өтініш берушінің 5700-і, 2018 ж. – 5058 өтініш берушінің 4982-сі, 2019 ж. – 7617 өтініш берушінің 7349-ы, 2020 ж. – 8615 өтініш берушінің 8347-сі, 2021 ж. – 10392-нің 9746-сы).

Сонымен бірге, 2020 – 2021 оқу жылының қорытындысы бойынша мамандандырылған білім беру ұйымдары түлектерінің ішінде "Білім-инновация" лицей-интернаттарын бітірушілердің 13 %-ы, республикалық физика-математика мектебінің бітірушілердің 9 %-ы, НЗМ түлектерінің 4 %-ы "Алтын белгі" иегерлері.

НЗМ оқушыларының математика, информатика, бағдарламалау саласында 158-ден астам авторлық құқығы, химия, нанотехнология және биология саласында пайдалы модельге 48 патенті бар, 175 оқушы инновациялық жобаларды іске асыру үшін ақшалай гранттар алды.

Ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету үшін жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалардың барлық кезеңдерін өткізу қағидалары жетілдірілді.

Орталықтарды ашумен қатар мамандандырылған білім беру ұйымдары өз жұмысын бастады. Қазіргі уақытта әртүрлі бағыттар бойынша оқу-тәрбие процесін жүзеге асыратын 134 мамандандырылған мектеп жұмыс істейді, атап айтқанда 89 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп, 15 Абай атындағы мектеп, 2 әскери мектеп, 4 өнер мектебі, 5 музыка мектебі, 5 IT-мектеп, 6 қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы мектеп, 8 көп бейінді мектеп. Мамандандырылған мектептерде оқыту конкурстық негізде жүргізіледі.

Елімізде жаратылыстану-математика бағытындағы 27 "Білім-инновация" мемлекеттік лицей-интернаты, мемлекеттік мамандандырылған білім беру ұйымы жұмыс істейді, олар дәстүрді сақтай отырып, жаңа заман талабына сәйкес өзгере алатын табысты мектептер болып табылады. Лицейлердің оқу процесінің ерекшелігі жаратылыстану-математика циклі пәндерінің оқу бағдарламаларының мазмұнын және пәнаралық интеграцияны, кеңейтілген бағдарламалық материалды лицей компоненті, инновациялық технологияларды қолдану есебінен интеграциялау болып табылады.

Лицейдің негізгі мақсаты – оқушыларға (білім алушыларға) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды және өзін-өзі белсенді етуге дайын дарынды

және дарынды балалардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін қажетті жағдай жасау, сондай-ақ ғылым мен практиканың жетістіктеріне негізделген сапалы білім беру.

Ауыл мектептерінің дарынды оқушыларын дамыту мен қолдауға жеткілікті көңіл бөлінбейді. Дарынды және ынталы білім алушылармен жұмыс істейтін педагогтерді жүйелі қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру талап етіледі.

Дарынды балаларды қолдау үшін оларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындары мен бейінді ауысымдардың базасын құру талап етіледі.

Мамандандырылған мектептерге қабылдау орталықтандырылды және 2021 жылдан бастап қабылдауды "Дарын" РҒПО жүргізеді.

Инклюзивті білім берудің ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс ретіндегі заңнамалық анықтамасы бар ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы).

Зерттеулер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың арнайы білім беру ұйымдарында білім алып жатқан құрдастарымен салыстырғанда инклюзивтік білім ала отырып, неғұрлым әлеуметтендірілген болып, одан әрі жұмысқа орналасу және тәуелсіз өмір сүру үшін үздік дағдыларға ие болатынын нақты дәлелдейді.

Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 161 мыңнан астам, оның ішінде мектеп жасындағы балалар – 95898 және жасөспірім жастағылары – 11844. Мұндай балалар санының жыл сайынғы өсуі орта есеппен 3 % құрайды, бұл ерекше қажеттіліктерді ерте анықтаудың және оларға психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау көрсетудің мемлекеттік саясатының нәтижесі болып табылады. Мемлекет мүмкіндігі шектеулі балаларға жалпы білім беретін, сол сияқты оқу бағдарламалары бойынша білім алу құқығын береді.

2020 – 2021 оқу жылында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің үлесі (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеспен (бұдан әрі – ПМПК) сүйемелдеу, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерімен (бұдан әрі – ППТК) сүйемелдеу, кедергісіз жағдайлар, әдістемелік материалдар, оқытудың арнайы оқу және техникалық құралдары, әдебиеттер мен кадрлар) 75 %-ды құрады. ЕБҚ бар 107348 баланың (7-ден 18 жасқа дейінгі) 41581-і инклюзивті біліммен қамтылған.

Жалпы білім беретін сыныптардағы ЕБҚ бар балалар үшін жан басына шаққандағы нормативтің жеке екі еселенген мөлшері айқындалды. ЕБҚ бар балалармен жұмыс істегені үшін педагогтерге БЛЖ-дан 40 %-дық үстемеақы

көзделген. 7016 мектепте 131127 психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету маманы жұмыс істейді. 2020 жылы білім беру қызметкерлерінің үлгілік штаттарына жалпы білім беру процесінде ЕБҚ бар балаға педагогикалық қолдау көрсетуге арналған педагог-ассистент бірлігін енгізу айтарлықтай өзгеріс болды.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (2021 жыл) ерекше қажеттіліктері бар балалардың сапалы білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін маңызды құжатқа айналды. Осы Заңға сәйкес білім алу үшін арнаулы жағдайлар оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке және түзету дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды қамтиды.

Заң жалпы білім беретін мектепте ЕБҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің қызметін, оқу жоспарларының, бағдарламаларының өзгермелілігін, икемділігін, сондай-ақ білім алушының жетістіктерін оның даму ерекшеліктеріне қарай бағалау жүйесін реттейді. Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасауды қамтамасыз етпегені үшін мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының жауапкершілігі артады.

"Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістері айқындалған.

Инклюзивті оқытумен қатар, денсаулығына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтары бар балаларға арнаулы білім беру ұйымдарында оқуға құқық берілді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау үшін арнаулы білім беру ұйымдарының желісі құрылды: 48 арнаулы мектепке дейінгі ұйым, 98 арнаулы мектеп, 88 ПМПК, 207 ППТК, 14 оңалту орталығы (бұдан әрі – ОО).

МЖБС-да жеке оқыту нормалары ескерілген, 440-тан астам арнайы оқу бағдарламалары әзірленген, Брайль қарпі бар оқулықтар әзірленген, өлшемшарттық бағалау жүйесі ЕБҚ бар балаларға бейімделді.

Білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары бекітілді, "Білім туралы аттестат" білім туралы құжатты қабылдау көзделген, жекелеген жағдайларда түсу емтихандарын тапсыру кезінде жеке аудитория мен көмекші ұсынылады, аралық және қорытынды аттестаттау нысаны (психофизикалық дамуы ескерілген жеке тапсырмалар) жеңілдетілді.

Мектеп жасына қарай мүмкіндігі шектеулі балалардың санын азайту мақсатында балаларды ерте анықтау және түзету жүйесі жетілдірілуде. Сонымен

қатар елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар бойынша бірыңғай жүйелі есепке алу базасы жоқ. Өңірлік, республикалық ПМПК-де есепте тұрған мүмкіндіктері шектеулі балалар бойынша дерекқорды ҰБДҚ-мен интеграциялау қажет.

Арнаулы білім беру ұйымдарының желілерін кеңейтудің маңызы зор. Балаларды түзету үшін ПМПК және ППТК-да кезектер бар (ПМПК-де – 9224, ППТК-де – 7798 бала). 2022 жылдан бастап даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды, оның ішінде жеке орталықтарда арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы берілетін болады.

Пән мұғалімдері арнайы педагогика және психология саласындағы мамандар тарапынан, ЕБҚ бар балаларды оқытуды дараландыру тәсілдерін түсіну және іске асыру мәселелерінде мамандандырылған кешенді көмекке мұқтаж.

Жалпы педагогикалық технологияларды, дамыту сабағының модельдерін, қолдау және балалар ынтымақтастығы технологияларын әзірлеу, ата-аналарды педагогикалық процеске тарту қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің барлық деңгейлерінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың бірыңғай тетігі жоқ. Елде мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы туралы бірыңғай ереже жоқ.

Өртүрлі мамандар мен ата-аналарды тарта отырып, ЕБҚ бар түлектерді кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру және әлеуметтендіру, кәсіби бағдарлаудың барлық кезеңінде ЕБҚ бар жасөспірімдердің кәсіби жоспарларын олардың мүмкіндіктеріне сәйкес түзету мәселелерін қарастыру қажеттілігі туындайды.

Жалпы білім беретін және арнайы мектеп мұғалімдерінің бірлескен күш-жігерін пайдалану инклюзивті білім беру жағдайында балалардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандырудың тиімді әдісі болып табылады.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап басқару жүйесінің жаңа әкімшілендіру және қаржыландыру вертикалі құрылды, оның жанындағы аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері облыстардың білім басқармаларына есеп береді және олардың бақылауында болады. Нәтижесінде әрбір ауданның қажеттіліктері бойынша қаржы қаражатын біркелкі бөлу, мемлекеттік саясатты іске асыру тәсілдерінің бірыңғай пайымы, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды орталықтандыру, бұлтты бухгалтерияны енгізу және қаржылық бұзушылықтарды азайту, проблемалық мәселелерді тез шешу, білім беру ұйымдары арасында негізгі құралдарды беру мерзімдерін қысқарту қамтамасыз етілді. Барлық қаржылық операциялар "Қазынашылық-клиент" жүйесі арқылы жүргізіледі және ұзақ уақытты талап етеді.

Зерттеулер қазақстандық оқу орындары директорларының 67 %-ы қызметке кіріскеннен кейін мектепті басқару бойынша оқудан өткенін көрсетті (TALIS-

2018). 13 % педагогикалық көшбасшылықты оқыды (30 % – ЭЫДҰ, TALIS-2018) . Бұл ретте республикада білім беру менеджерлерін жүйелі даярлау бағдарламасы жоқ.

Қазақстандық оқу орындарының директорлары өздерінің жұмыс уақытының көп бөлігін әкімшілік (жұмыс уақытының 21,6 %) және оқу-тәрбие міндеттерін (21,3 %) орындауға, содан кейін басқару мәселелеріне (18,3 %) пайдаланады. Өз кезегінде ЭЫДҰ елдерінде директорлар өз жұмыс уақытын көбірек әкімшілік (29,5 %) және басқарушылық (21,3 %) міндеттерді шешуге, содан кейін ғана оқу-тәрбиелік (16,3 %) міндеттерді шешуге пайдаланады.

Орта білім беру ұйымдарына мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдауға қарамастан оқушылар жүйелі түрде үлгерімінің төмен нәтижелерін көрсетуде. Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарының тиімділігін тәуелсіз кешенді бағалау жүйесі әзірленбеген, табысты даму стратегияларының тәжірибесін трансляциялау тетігі, персоналды басқару бойынша тиімді менеджмент және жан басына шаққандағы қаржыландыруды ұтымды пайдалану жоқ.

Білім беруді қаржыландыру көлемі 2021 жылы 2010 жылғы деңгейге қарағанда 2 трлн теңгеден астам ұлғайды. Алайда білім беруге арналған мемлекеттік бюджет шығыстарының ЖІӨ-ге қатысты үлесі әлі де 3 % деңгейінде сақталуда, ал ЭЫДҰ елдерінде 5-тен 6 %-ға дейін өзгеріп отырады. Жергілікті бюджеттер шығыстарының талдауы жылдан жылға төмендеуді көрсетеді. 2021 жылы мемлекеттік мектепте 1 оқушыға жұмсалатын орташа шығыстар 2020 жылмен салыстырғанда 74,1 мың теңгеге қысқарды. Бұл ретте ел халқы мемлекеттік салымдардың нақты бағасын сезбейді, өйткені балалардың ата-аналары білім беру көрсетілетін қызметтерінің негізгі бағалаушылары болып табылмайды.

Жан басына шаққандағы қаржыландыру білім берудің барлық деңгейлерінде іске асырылды. Орта білім беруде қаржыландырудың осы қағидаты толық көлемде қолданылмайды, тек толық жинақты қала мектептері көшті.

Білім беруді цифрландыруды дамытудың белсенді кезеңі 2017 – 2018 жылдары Мемлекет басшысының Жолдауын орындау және "Цифрлық Қазақстан " мемлекеттік бағдарламасын қабылдаудан басталды.

Бірінші қадам қолда бар ақпараттық ресурстарды түгендеу және ҰБДҚ ақпараттық жүйесін білім беру жүйесі бойынша бірыңғай деректер қоймасына трансформациялау процесін іске қосу болды. Бәсекелестік ортада BilimLand, Kundelik, BilimAL, I-mekter, Mektap-EDU сияқты білім беру ақпараттық ресурстары белсенді жұмыс істейді, олар білім беру процесін автоматтандырып қана қоймай, білім беру ұйымдарына әртүрлі онлайн-білім беру контентін ұсынады. Мектептер өз талаптарына жауап беретін контентті өз бетінше таңдауға құқылы.

Білім беруде цифрландыруды дамытуға карантиндік шаралар мен қашықтан жұмыс істеу форматына шұғыл көшу қуатты серпін болды. Нәтижесінде 2020 жылдың өзінде оқушылар мен мұғалімдерге 500-ден астам компьютерлік техника сатып алынып, таратылды. Оқушылардың 1 оқу компьютеріне арақатынасы "1-еуі 11-не"-ден "1-еуі 5-еуіне" ауысты.

Цифрландыру барлық ақпараттық жүйелерге әсер етті, өйткені онда деректермен алмасу, яғни верификаттау, толтыруларға жүктемені азайту, жеделділік және т.б. үшін интеграциялық процестер іске қосылды.

Білім саласында бірыңғай интеграцияланған онлайн білім беру жүйесін енгізу басталды.

Білім беру ұйымдарында пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешен мен қолданбалы бағдарламалық қамтылымға қойылатын ең төменгі талаптар белгіленді. Бірінші кезекте, талаптар моральдық ескірген жабдықтарды сатып алу мүмкіндігін болдырмауға бағытталған.

Онлайн оқыту контентін жаппай әзірлеу басталды – нарық жаңа цифрлық шешімдерді белсенді түрде ұсына бастады.

Қашықтан оқыту форматына көшу оқушылар мен мұғалімдерге цифрлық құзыреттілікті арттыруға әсер етті.

Қашықтан оқыту форматына және білім беру мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін автоматтандыруға көшу білім беру жүйесінде білім беру саласындағы статистика жүргізілетін ҰБДҚ ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуінің арқасында жүзеге асырылды. ҰБДҚ әртүрлі деңгейдегі 21 мыңнан астам білім беру ұйымын қамтиды және әртүрлі мемлекеттік және жеке ІТ шешімдермен интеграцияланған. Автоматтандыру есебінен жыл сайынғы үнемдеу бюджет қаражатын жылына 1 млрд теңгеге дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесін цифрландыру үшін компьютерлік жабдықтар мен жоғары жылдамдықты интернетті қамтитын цифрлық инфрақұрылымды белсенді дамыту қажет.

Екінші маңызды бағыт бизнес-процестерді оңтайландыру және реинжиниринг, білім беру ұйымдарының жұмысын жеңілдету мақсатында процестерді цифрландыру және ақпараттық жүйелердегі ақпаратты толық есепке алу болып табылады. Бұл мемлекеттік көрсетілетін қызметтер санын қысқартуға және көптеген білім беру қызметтерін цифрлық форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар орта білім беруде мынадай проблемалар бар:

мектептердің инфрақұрылымының жеткілікті дамымауы, МТБ-ның ескіруі жаңа мектептер салу мен білім беру ұйымдарын жарақтандыруға қарағанда тезірек жүріп жатыр;

авариялық, үш ауысымды мектептердің болуы және оқушы орындарының тапшылығы;

жеке инвесторлардың МЖӘ шеңберінде мектептер салуға қызығушылығының төмендігі;

ШЖМ үшін тірек мектептер жанындағы мектеп жанындағы интернаттар желісінің жеткіліксіздігі;

орта білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін қолайлы жағдайлардың жеткіліксіз жасалуы, оның ішінде ауыз сумен, санитариямен және гигиенамен қамтамасыз етілуі;

орта білім беру ұйымдарын жаңа модификациядағы оқу кабинеттерімен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі;

орта білім мазмұнының білім берудің басқа деңгейлерімен сабақтастығын қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі;

білім беру мазмұнының кәсіп алдындағы дағдылар мен құзыреттерді тұжырымдауға нашар бағдарлануы;

өлшемшарттық бағалауды әдістемелік қолдап отырудың жеткіліксіздігі;

арнаулы (түзету) білім беру ұйымдарының оқулықтармен және ОӘК-мен қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі;

сыртқы тасығыштарда, сол сияқты қашық режимінде қолжетімді заманауи электрондық оқулықтар мен ОӘК жетіспеуі;

қазақ тіліндегі, оның ішінде "Қазақ әдебиеті" пәні бойынша оқулықтардың мазмұны қайта қарауды талап етеді;

үлгілік оқу жоспарларын таңдау кезінде мектептерде бейіндеудің нашарлығы; өңірлер, қала және ауыл арасындағы орта білім сапасындағы алшақтықтың сақталуы;

ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларын, сондай-ақ ЕБҚ бар балаларды олимпиадалық қозғалыстармен аз қамтылуы;

ПМПК, ППТК, ОО желісі мүмкіндіктерінің халық қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі;

арнаулы мектепке дейінгі ұйымдардағы орын тапшылығы;

мүмкіндігі шектеулі балалар бойынша әртүрлі мемлекеттік органдар статистикасының бытыраңқылығы;

арнайы педагогтерге, мектептерде арнайы МТБ-ны нығайтуға және ЕБҚ бар балаларды оқыту үшін оқу-әдістемелік қолдауға қажеттілік;

жалпы білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмысының нормативтік қамтамасыз етілген тетігінің болмауы;

ЕБҚ бар білім беру ұйымдары түлектерінің еңбек нарығына әлеуметтік-экономикалық бейімделуінің қазіргі деңгейі осы қажеттіліктерге тиісті дәрежеде жауап бермейді;

білім басқармалары мамандарының жүктемесінің ұлғаюы, білім беру ұйымдарының бюджет қаражатын жоспарлау мен игеруді жүргізудің қиындауы; мемлекеттік орта білім беру ұйымдары менеджерлерінің көшбасшылық дағдылары деңгейінің жеткіліксіздігі;

білім беру ұйымдарының тиімділігін тәуелсіз кешенді бағалаудың болмауы; табысты даму стратегиялары, персоналды басқару және жан басына шаққандағы қаржыландыруды ұтымды қолдану бойынша тиімді менеджмент тәжірибесін тарату тетігінің болмауы;

білім беру ұйымдары бюджеттерінің жабық болуы (балалардың ата-аналары және балалардың өздері білім беру көрсетілетін қызметін негізгі бағалаушылар болып табылмайды);

мектептердің цифрлық білім беру ресурстарына (бұдан әрі – ЦБР) қолжеткізу мүмкіндіктерінің тең болмауы;

орта білім беру ұйымдарының кең жолақты Интернетке қол жеткізуінің әркелкі болуы;

цифрлық білім беру контентінің және халықаралық білім беру жүйесіне интеграциялаудың жеткіліксіздігі;

білім беру ұйымдарының МТБ, оның ішінде цифрландырылу жай-күйіне мониторингтің болмауы.

6-тарау. Техникалық және кәсіптік білім беру

COVID 19-ға байланысты жаңа сын-қатерлер ТжКБ жүйесінде қалыптасқан жағдайды қайта жүктеу қажеттілігін өзекті етті. Жаңа басқару тәсілдерін іздеуді жүзеге асыру, жеке бастамаларды қолдау және оқытудың штаттық форматын қалпына келтіру үшін ғана емес, қашықтан оқыту мүмкіндігін қамтамасыз ету қағидатты түрде маңызды болды.

ТжКБ жүйесіне қолжетімділікті 770 ТжКБ ұйымы қамтамасыз етеді, оның ішінде 444 мемлекеттік, 326 жеке меншік. Жалпы контингент 481,3 мың адамды құрайды, олардың жартысынан астамы – 290,5 мың адам мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды. Жыл сайын ТжКБ ұйымдарына 160,5 мың адам оқуға түседі. Білім алушылардың 85 %-ы халықтың аз қамтылған және осал топтары санатына жатады.

2017 жылдан бастап "Баршаға тегін техникалық және кәсіптік білім беру" жобасы 300 мыңнан астам жас адамның білім алуына мүмкіндік берді. Жобаны іске асыру NEET жастарының үлесін, жастар жұмыссыздығын, сондай-ақ біліктілігі жоқ жастар санын қысқартты. Алайда NEET санатындағы 237,2 мыңнан астам жас азамат оқумен қамтылған жоқ.

2021 жылы негізгі орта білім түлектерінің 42 %-ы ғана (2020 ж. – 40 %) және жалпы орта білім түлектерінің 32 %-ы (2020 ж. – 20 %) ТжКБ ұйымдарына түсті.

ТжКБ ұйымдарына қабылдаудың жыл сайынғы өсуі оқушылар мен олардың ата-аналарының бұл білімді алу тартымдылығы туралы көзқарастың өзгергенін көрсетеді.

Дегенмен, тұрғындарды кәсіптік бағдарлау жұмысының құралдары арқылы ТжКБ жүйесінің қарқынды дамуы және оқушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауы туралы хабардар ету мәселесі өзекті болып қала береді.

ТжКБ ұйымдарын бейіндеу проблемасы өзекті болып қалуда, ол ең алдымен еңбек нарығында талап етілмеген экономикалық, заң мамандықтары бойынша ТжКБ деңгейінің мамандарын даярлауды қысқартумен байланысты. ТжКБ ұйымдарын бейіндеу тар спектрде салалық белгі бойынша кадрларды сапалы даярлауға қаражатты шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік ТжКБ ұйымдарының жартысы ЕБҚ студенттері үшін тең жағдай мен кедергісіз қол жетімділікті қамтамасыз етті. ЕБҚ түлектерін жұмысқа орналастыру мәселесі өзекті болып қалуда.

2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап мемлекеттік тапсырыс бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын барлық ТжКБ ұйымдары жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшті. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары мен әдістемесі әзірленді. Бұл тараптардың құзыретін және білім беру процесі мен білім беру ортасын регламенттеуге мүмкіндік берді. Оқу-әдістемелік әдебиеттерді сатып алуға бір студентке 12-ден 15 мың теңгеге дейін шығыстар көзделген. Инклюзивті оқытуға жұмсалатын білім беру процесінің шығыстар нормасы екі есе ұлғайды.

Білім берудің халықаралық стандартты сыныптауышының (бұдан әрі – БХСС) бағыттарына, ұлттық біліктілік шеңберіне, Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіптер сыныптауышына сәйкес келтірілген жаңа сыныптауыш әзірленді және бекітілді. Жаңа үлгідегі ТжКБ сыныптауышында біліктіліктер дайындықтың сәйкестігін және кейбір мамандықтардың біреуіне интеграциялануын ескере отырып біріктірілген (үлкейтілген). Бірнеше жыл бойы даярланбаған мамандықтар алынып тасталды, сондай-ақ еңбек нарығы мониторингінің, кәсіптер атласының нәтижелері негізінде жаңа мамандықтар енгізілді.

Жаңа оқу жылынан бастап мемлекеттік жалпыға міндетті ТжКБ стандартына сәйкес академиялық дербестікті енгізу жүзеге асырылуда. Бұл ТжКБ ұйымдарына мемлекеттік жалпыға міндетті ТжКБ стандартының, кәсіптік стандарттардың, Worldskills кәсіптік стандарттарының және өңірлік ерекшеліктердің талаптары негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ ТжКБ мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында жалпы білім беретін пәндер мен базалық модульдерге қойылатын талаптар айқындалды,

оқытудың модульдік-кредиттік технологиясын ескере отырып, оқу жоспарының жаңа модельдері ұсынылды.

Бүгінгі таңда ТЖКБ ұйымдары белгілі бір модульдерді алып тастап, оларды қажетті құзыреттерді қалыптастыратын жаңаларымен алмастыра алады.

Егер бұрын орта есеппен 2 жылдан 3 жыл 10 айға дейін әртүрлі біліктіліктер бойынша оқыту мерзімдерін қатаң реттеу және белгілеу болса, бүгінде бұл норма "Білім туралы" Заңнан алып тасталды. Енді оқу мерзімі нақты білім беру бағдарламасына және қажетті оқу нәтижелеріне байланысты.

Сондай-ақ ТЖКБ ұйымдарының білім беру бағдарламалары студенттердің 2 жыл 10 ай ішінде бірнеше біліктілік (аспаз-технолог, кондитер-безендіруші) алуын көздейді. Бұрын бір ғана "аспаз" біліктілігін алу үшін студент 2 жыл 10 ай оқыды.

Сонымен қатар сұралған жұмыс берушілердің 50 %-ы ТЖКБ түлектерінің дайындық сапасына қанағаттанбайды. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі-2019 нәтижелеріне сәйкес жұмыс берушілер ТЖКБ сапасының деңгейін ықтимал 7 балдан 3,7 балға бағалайды. Бұдан басқа, халықаралық салыстырмалы зерттеулер нәтижелері бойынша ТЖКБ ұйымдарының білім алушылары жалпы білім беру циклінің пәндері бойынша оқыту процесінде қалыптасатын базалық дағдылар бойынша өз құрдастарынан едәуір артта қалады.

Аймақтық еңбек нарығы мен білім беру жүйесі арасындағы байланыс түлектерді бітіргеннен кейін алты ай ішінде жұмысқа орналастыру арқылы бақыланады. 2021 жылы ТЖКБ түлектерін жұмысқа орналастыру 66 %-ды құрады.

Білім беру ұйымдарының жалпы кітапхана қоры 18 миллионнан астам, оның ішінде мемлекеттік тілде 6 миллион дананы құрайды. Айта кетерлігі, студенттердің 60 % мемлекеттік тілде білім алады, ал қазақ тіліндегі оқулықтар мен әдебиеттердің үлесі небәрі 35 %-ды құрап отыр.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған "Жас маман" жобасы 180 ТЖКБ ұйымының МТБ-сын жаңғыртуға мүмкіндік берді, оның ішінде 2020 жылы – 80, 2021 жылы – 100 ТЖКБ ұйымы. Жобаны іске асыруға қарамастан, мемлекеттік ТЖКБ ұйымдарының 48 %-ы оқу процесінде әлі де ескірген жабдықтарды пайдаланады.

Дуальды оқыту 536 ТЖКБ ұйымдарында 6368 кәсіпорынның қатысуымен және 60483 оқушыны қамтумен енгізілді. Алайда кәсіпорындар бизнес үшін ынталандырудың және айтарлықтай қаржылық шығындардың болмауына байланысты дуальды оқыту жүйесіне қызығушылық танытып отырған жоқ. Сонымен қатар өндірісте педагогикалық шеберлік негіздерін білетін білікті нұсқаушы-тәлімгерлер жоқ.

502 қамқоршылық және 578 индустриялық кеңес құрылды, олардың құрамына ТжКБ ұйымдарын басқару процесіне тарту және білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін жұмыс берушілердің өкілдері кірді.

Сенімді басқаруға 10 ТжКБ ұйымы берілді. Алайда қалған ТжКБ ұйымдарын сенімгерлік басқаруға беру берілген ТжКБ ұйымдары қызметінің тиімділігіне байланысты болады.

Пандемия кезеңінде ТжКБ жүйесі цифрлық платформалардың жан-жаққа таралған желісінің болуына қарамастан, цифрлық техниканың төмен жабдықталу және білім алушылар мен педагогтердің цифрлық ортада біліктілігінің төмендігі проблемасына тап болды.

ТжКБ ұйымдарының 100 %-ы 30-дан астам платформаларға қол жеткізе алады. 21 мыңнан астам ЦБР бар каталог, оның ішінде 12368 бейнесабақ, 3848 электрондық оқулық, 5771 қосымша материал қалыптастырылды. Педагогтердің цифрлық сауаттылығының төмендігіне байланысты ТжКБ-дағы негізгі проблема педагог кадрлардың қартаюы болып қалуда, 8867 педагогтің жасы "55+", оның ішінде 3349 зейнеткер бар. Сонымен қатар техникалық және кәсіптік білім беруде мынадай проблемалар бар:

мектеп түлектері үшін ТжКБ ұйымдарының төмен тартымдылығы және беделсіздігі;

еңбек нарығының ТжКБ кадрларының даярлығына қанағаттанбауы;

мемлекеттік тапсырыстың тиімсіз берілуі;

оқушылар арасындағы кәсіби бағдар жұмысының нашар болуы;

ТжКБ ұйымдарындағы ескірген МТБ;

ТжКБ түлектерін, оның ішінде ЕБҚ бар адамдарды жұмысқа орналастыру деңгейінің төмендігі;

жұмыс берушілердің дуальды оқытуға қызығушылығының төмендігі;

педагогикалық кадрлардың қартаюы.

7-тарау. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

Соңғы жылдары жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қол жеткізу айтарлықтай кеңейтілді. Соңғы төрт жылда бакалавриат бағдарламаларына бөлінген гранттар саны 1,7, магистратура – 1,8, докторантура – 3,7 есеге артты. Бұл ретте даярлаудың техникалық бағыттарына бөлінетін мемлекеттік тапсырыстың үлесі 40 %-дан астамды құрайды. Бұдан басқа, мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде ұлттық жобалардың, стратегиялық құжаттардың негізгі көрсеткіштері ескеріледі.

Бүгінгі таңда дайындықтың педагогикалық бағыттарына, инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына, IT бағыттарына ерекше көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сәйкес кадрларға ең жоғары қажеттілік инженерлерде байқалады (шамамен 47 мың адам).

Алайда гуманитарлық мамандықтарға қарай бетбұрыс байқалады. Инженерлердің, өнеркәсіпшілердің жаңа буынын өсіру үшін жаңа қиындықтарды ескере отырып, техникалық мамандықтарға басымдық беру керек.

Сондай-ақ "Болашақ" стипендиясы 2016 – 2019 жылдары гуманитарлық бағыттағы оқу бағдарламаларына басымдық бергенін атап өткен жөн. Осылайша стипендиаттардың жартысынан астамы гуманитарлық мамандықтарда оқыды. Гуманитарлық бағыттардан кейін инженерлік-техникалық бағыттағы бағдарламалар – 24,1 %, медицина – 5,7 %, мәдениет және өнер – 1 % және т.б.

Қазақстан әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен адамдар үшін ЖОО-ға әділ қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша өз міндеттемелерін орындайды. 2021 жылы ЖОО-ға оқуға түсу кезінде қабылдау бойынша квоталар тізбесіне халықтың әлеуметтік осал топтарынан адамдар санаты енгізілді. Бұдан басқа, 2021 жылы "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына білім алушыларға жоғары білім алуға ақы төлеу үшін берілетін мемлекеттік білім беру кредитін енгізу жөніндегі норма енгізілді. Сонымен бірге, ЭЫДҰ бағалауына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу жүйесі әлі де талапкердің отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесін ескермей, оның академиялық үлгеріміне ғана бағдарланған. ҰБТ-ны бірнеше рет өткізу және ЖОО-ға шартты түрде қабылдау енгізілді. Қазақстандық азаматтарды шетелдік ЖОО-дан ауыстыру кезінде тестілеуді тапсыру талабы алып тасталды. Алайда бұрынғыдай ҰБТ-ның тест тапсырмаларында нақты өмірлік жағдайларда міндеттерді шешу үшін білімді қолдануға емес, нақты фактілерді есте сақтауды бағалауға басты назар аударылады.

Мектеп түлектері санының жыл сайынғы өсуі жоғары оқу орындарының инфрақұрылымына жүктеме түсіреді. 2030 жылға қарай мектеп түлектері санының екі есе өсуі күтілуде, бұл жоғары оқу орындарында білікті ПОҚ жетіспеушілігінен және жоғары оқу орындары мен жатақханалардағы орын тапшылығына алып келеді. Заманауи инфрақұрылымды қалыптастырудың, сондай-ақ ЖОО-ның зертханалық базасын жаңартудың өзектілігі артып келеді.

Соңғы төрт жылда алғаш рет барлық студенттерге стипендия мөлшері 50 %-ға арттырылды. ЖОО студенттерінің ай сайынғы мемлекеттік стипендиясы 31423 теңгені, педагогикалық дайындық бағыттары және "Денсаулық сақтау" дайындық бағыты бойынша студенттерге – 50400 теңгені, магистранттарға – 76950 теңгені, докторанттарға – 172500 теңгені құрады.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесіндегі қызмет Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының академиялық және

басқарушылық дербестігін кеңейту туралы Заңының қабылдануымен ерекшеленеді. Заң жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге мүмкіндік береді. Еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, барлық бағыттар бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары жанартылды. Дегенмен РІААС ересектерінің дағдыларын халықаралық бағалау нәтижелері жоғары білім ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда ересек халықтың құзыретін жеткілікті дамытпайтынын көрсетті.

2021 жылы жоғары білім беру жүйесі еңбек нарығына 170 мыңнан астам кадр шығарды. Алайда жоғары оқу орындарының түлектермен, атап айтқанда олардың кәсіби дамуын одан әрі қолдау мақсатында тығыз өзара іс-қимыл тетіктері жоқ. ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру 2021 жылы 68,9 %-ды құрады.

Сонымен қатар "Түлектердің дағдылары" индикаторы бойынша Қазақстан ЖБҚИ-2019-да әлемнің 141 елінің арасында 95-орынға ие. Мұның ықтимал себебі жоғары оқу орындарының академиялық саясат шеңберінде жұмыс берушілермен ынтымақтастығының фрагменттік сипаты болып табылады.

Университеттердің жаһандық рейтингінде қазақстандық жоғары оқу орындарының үлесі артып келеді. 2016 жылдан бастап QS-WUR рейтингінде атап өтілген жоғары оқу орындарының саны 8-ден 16-ға дейін артты. Еліміздің үш ұлттық жоғары оқу орны (Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті) Times Higher Education рейтингтік басылымында танылды.

Сапаны қамтамасыз ету бөлігінде білім беру бағдарламаларының көпшілігі (73,3 %) ұлттық сапаны қамтамасыз ету провайдерлерімен аккредиттелген. Білім беру бағдарламаларының 8,2 %-ында халықаралық аккредиттеу бар.

Академиялық адалдық жоғары оқу орындарының білім беру процесінде маңызды бола түсуде. Студенттердің жазбаша жұмыстарының барлық түрлері (курстық, дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертациялар) плагиатқа қарсы Plagiat.pl, Turnitin, Unihub жүйелері арқылы тексеріледі.

Пандемия университеттердің виртуалды ортаға ауысуын тудыратын "жаңа жағдайды" тудырды. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі қашықтан және аралас оқыту арқылы оқуға үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ете алды. Барлық деңгейлердің ішінде жоғары білім қашықтан оқытуға ең бейімделген болып шықты. "Атамекен" ҰКП мониторингінің нәтижелері бойынша білім беру бағдарламаларының 41 %-ы толығымен, 43 %-ы онлайн-технологияларды пайдалана отырып, қашықтан оқытуға көшуге немесе оны жүргізуге ішінара дайын болды.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2017 – 2020 жылдары қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды дамыту жөніндегі "Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасы іске асырылды.

Аударылған оқулықтар "Философия", "Мәдениеттану", "Экономика", "Педагогика және психология", "Әлеуметтану", "Тарих", "Дінтану" пәндерін оқыту кезінде базалық әдебиет ретінде қолданылады, бұл "Мәңгілік ел" жалпыұлттық идеясын, креативті және инновациялық дағдыларды дамытуға бағытталған жаңа білімді алуға мүмкіндік береді.

Алайда мемлекеттік тілдегі оқу әдебиеттерінің жетіспеушілігі байқалады.

ЖОО басқарушылық, кадрлық және қаржылық мәселелерде автономияға көшті. Ректорларды сайлау қағидаты бойынша тағайындаудың жаңа қағидалары енгізілді.

28 мемлекеттік ЖОО директорлар кеңесін құра отырып, коммерциялық емес акционерлік қоғамдары (бұдан әрі – КЕАҚ) болып қайта құрылды. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 228 адамды құрады.

Әлемдегі жылдам өзгерістер жағдайында ЖОО-ның топ-менеджменті үшін дағдарыстық жағдайларда басқару дағдыларын дамыту талап етіледі.

Жоғары білім беруді интернационалдандырудың 2025 жылға дейінгі стратегиясының қабылдануы халықаралық білім беру саласындағы саясатты дамытудың жаңа кезеңі болды.

2019 жылы алғаш рет шетелдік азаматтарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға арналған стипендиялық бағдарлама іске қосылды. 2020 – 2021 оқу жылында Қазақстанның 16 жоғары оқу орнында 83 стипендиат білім алды, оның ішінде 36 студент – этникалық қазақтар.

Пандемия ЖОО студенттері үшін академиялық мобильділік пен шетелде тағылымдамадан өту мүмкіндігін тоқтатты. ЖОО контингентіндегі шетелдік студенттердің үлесі 5 %-ға дейін қысқарып, 40043-тен 29069 адамға дейін төмендеді (ЭЫДҰ елдері – 6,8 %).

Қазақстандық ЖОО-лар 2021 жылы 77 әріптес жоғары оқу орнымен 152 қос диплом бағдарламасын іске асырды. Әріптес жоғары оқу орындарының қатарына ТМД, Еуропа, Азия және АҚШ жоғары оқу орындары кіреді. Осындай бағдарламалар бойынша оқитын студенттер контингенті 1120 адамды құрады: бакалавриат – 674, магистратура – 435, докторантура – 11.

2020 – 2021 оқу жылының басында жоғары оқу орындарында 34619 магистрант оқыды, бұл ретте қабылдау 15245 адамды құрады, бітіру – 21372 магистрант. Докторантурада білім алушылар контингенті 6914 адамға жетті. Қабылдау 2094 адамды құрады, бітірушілер – 1446, оның ішінде 33,4 % (483) – диссертация қорғаған бітірушілер.

Ұлттық жазылу шеңберінде Қазақстанның ЖОО Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасына тегін қолжетімділікпен қамтамасыз етілген.

2016 – 2021 жылдары Қазақстанның жарияланымдар портфелін 80 жоғары оқу орны қамтамасыз етеді. Жарияланымдық белсенділігі бойынша Назарбаев Университеті мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атап өтілді, тиісінше 3 673 және 3 062 жарияланым. Нормаға келтірілген орташа дәйексөздің жоғары көрсеткіштері С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ жарияланымдарына келеді. (5,59, бұл бірге тең орташа әлемдік деңгейден 5 есе жоғары) және Назарбаев Университеті (1,07).

Сонымен бірге қазақстандық ЖОО ПОҚ-тың импакт-факторы жоғары халықаралық басылымдардағы жарияланым саны жоғары емес деңгейде қалып отыр.

Сонымен қатар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мынадай проблемалар бар:

жоғары білім беру жүйесінің өңірлік және салалық бөліністегі еңбек нарығының ағымдағы қажеттіліктерімен әлсіз үндестірілуі;

отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесін есепке алмай, талапкердің академиялық үлгеріміне мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу жүйесінің бағдарлануын сақтау;

ЖОО-ның инфрақұрылымы мен зертханалық базасының жеткіліксіз дамуы;

ҰБТ-ның ЖОО-ға түсу емтиханы ретінде жоғары тәртіптегі дағдыларды емес, білімді тексеруге бағытталуы;

ЖОО-ның білім беру бағдарламаларының негізгі құзыреттерді дамытуға және оларды бағалау жүйесіне жеткіліксіз назар аударуы;

ЖОО-да базалық және бейіндік пәндер бойынша мемлекеттік тілдегі оқулықтар санының жеткіліксіздігі;

ЖОО-ны бітіргеннен кейін түлектермен өзара іс-қимыл тетіктерінің болмауы;

ЖОО-лардың академиялық саясат шеңберінде жұмыс берушілермен ынтымақтастығының фрагменттік сипаты;

азаматтық қоғам мен бизнес өкілдерін корпоративтік басқару органдарының жұмысына тартудың әлсіздігі;

ЖОО-ның топ-менеджментінің жаңа сын-қатерлермен жұмыс істеуге дайындығының жеткіліксіз деңгейі;

ЖОО-дағы шетел студенттері үлесінің қысқаруы;

қазақстандық ЖОО ПОҚ-тың импакт-факторы жоғары халықаралық басылымдардағы жарияланым санының аздығы.

8-тарау. Білім беру сапасын бағалау

Жеке меншік МДҰ желісінің өсуін ынталандыру үшін 2011 жылдан бастап мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын лицензиялау алып тасталып, хабарлама

жасау тәртібі енгізілді. Сонымен бірге МДҰ қызметін тексеру рәсімін оңайлату, лицензия беруді алып тастау, хабарлау тәртібін енгізу МДТО қызметтерінің төмен сапасына алып келді.

Бұған Қазақстанда ECERS-R халықаралық сапаны бағалау шәкілі бойынша жүргізілген зерттеу де дәлел. Бағалау нәтижелері мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында көрсетілетін қызмет сапасының орташа деңгейін көрсетті.

Бұл ретте Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында айқындалған мемлекеттік саясат бизнесті құру бөлігінде жаңа әкімшілік кедергілерді енгізуді жоюға бағытталғанын ескере отырып, көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалаудың баламалы нұсқаларын пысықтау қажет.

Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалаудың ұлттық жүйесі халықаралық және отандық тәжірибені ескере отырып, қосымша пысықтауды талап етеді. Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау жүйесі көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруды ынталандыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Орта білім беру жүйесінде жаңартылған мазмұн шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемшарттық жүйесі енгізілді.

Функционалдық сауаттылықты емес, пәндік білімді өлшеу арқылы ОЖСБ 2020 жылға дейін жүргізілді. Сондықтан білім берудің жаңартылған мазмұнын ескере отырып, базалық білімді тексеруге бағытталған бастауыш және негізгі орта білім беру бағдарламасын меңгеруге арналған орта білімді сыртқы бағалау моделін жетілдіру қажет.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында 2021 жылға дейін ОЖСБ жүргізілген жоқ, ал жоғары оқу орындарында ол 2018 жылдан бастап ЖОО-ның академиялық дербестігін кеңейтуді ескере отырып, алған оқу нәтижелерін бағалауға мүмкіндік бермеді.

PIRLS, PISA, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің, сондай-ақ SAT тестілерінің және басқаларының құралдарына ұқсас функционалдық сауаттылық пен құзыреттілікті өлшеуге бағытталған мәселелерге қатысты ҰБТ мазмұнын қайта қарау қажет.

2021 жылдан бастап білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау институты қайта жаңартылды. Барлық деңгейдегі МЖБС талаптарына сәйкес әзірленген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары қолданысқа енгізілді.

Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау 5 жылда 1 рет нақты деректермен өзін-өзі бағалау материалдарын талдау жолымен жүргізіледі.

2021 жылы 178 білім беру ұйымының 32-сі (18 %), оның ішінде 18 балабақша (22,5 %), 12 мектеп (14 %), 2 ТЖКБ ұйымы (14 %) аттестатталды, аттестатталмағаны – 146 (82 %), оның ішінде 62 (77,5 %) балабақша, 72 (86 %) мектеп, 12 (86 %) ТЖКБ ұйымы.

146 аттестатталмаған білім беру ұйымында МЖБС талаптарын 913 бұзушылық анықталды (мектепке дейінгі ұйымдарда – 409, мектептерде – 368, ТжКБ ұйымдарында –136).

Мемлекеттік аттестаттаудан өтпеген білім беру ұйымдарына бұзушылықтарды жою және білім беру қызметін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіруге бір жылдан аспайтын уақыт берілді.

Мемлекеттік аттестаттау білім беру ұйымдары үшін білім беру сапасын арттыруға ынталандырады, өзін-өзі бағалау құралы арқылы проблемаларды өз бетінше іздеуге және оларды шешуге дағдыландырады.

Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, арнаулы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, сондай-ақ білім беру ұйымдарының басшылары жыл сайын ұлттық біліктілік тестілеуін электрондық форматта тегін негізде өтеді.

Педагогтерді ұлттық біліктілік тестілеу қорытындысы бойынша 2021 жылы 76604 педагог шекті балл жинады (2020 жылы – 66739), яғни 38,1 % (2020 жылы – 46 %). Орташа балл 50,8 құрады (2021 жылы – 54).

Ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу барысында 1604 адам анықталды, оның ішінде МДҰ – 51 адам, олардың нәтижелері Ұлттық біліктілік тестілеуін өткізудің бұзылуына байланысты жойылды.

Бүгінгі күні педагогтерді аттестаттауға нашар дайындау және өңірлік білім басқармалары мен әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) мамандары тарапынан тиісті нормативтік құқықтық актілер бойынша түсіндіру жұмыстарының нашар болуы проблемасы анықталды.

Сонымен қатар білім беру сапасын бағалауда мынадай проблемалар бар:

ұлттық бағалау жүйесінде МДТО-ның жүйелі проблемаларын анықтайтын кешенді өлшемшарттар мен құралдар жоқ;

халықаралық тәжірибені ескере отырып, функционалдық сауаттылыққа бағдарланған білім беру сапасын бағалау үшін құралдарды әзірлеу қажеттілігі;

жинақталған тәжірибе мен халықаралық практиканы ескере отырып, педагог кадрларды аттестаттау жүйесін одан әрі жетілдіру талап етіледі, өйткені біліктілік санаттары білім алушылардың білім сапасының өсу нәтижелері бойынша ғана берілуге тиіс;

мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептер мен ТжКБ ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды, сондай-ақ жоғары оқу орындарын халықаралық аккредиттеуді одан әрі жетілдіру талап етіледі.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

Халықаралық тәжірибені зерделеу және талдау қарқынды дамып келе жатқан әлемдегі жетекші елдердің адами капиталын дамытудың кілті білім алуға теңдік пен қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау және оларды эмоциялық қолдау мәселелері болып табылатынын көрсетеді.

Қазақстан алдыңғы қатарлы және көрші мемлекеттердің білім беруді дамытудағы тәжірибесіне қызығушылық танытады. Осылайша, мына мемлекеттердің: АҚШ, Сингапур, Эстония, Франция, Ресей Федерациясының стратегиялары талданады.

Білім алушылардың білімдеріндегі шығындарды қалпына келтіру

Әлемдік тәжірибе пандемиядан кейін ұлттық білім беру жүйесін қалпына келтіру үшін жауапты шаралар қабылдаудың маңыздылығын көрсетеді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар ерекше назар аударуды талап етеді. Мектептегі білім беру жүйесіндегі білім шығындарын қалпына келтіру бойынша уақтылы шаралар қолданбау басқа деңгейлерде үлгерімі төмен білім алушылар үлесінің өсуіне немесе NEET жастары санының өсуіне әкеледі.

Әлемнің 108 елі 2020 жылы мектептердің жабылуына байланысты орта есеппен 47 күндік күндізгі оқудың өткізілмегені туралы хабарлады, бұл оқу жылының бір тоқсанына тең. Осыған байланысты әрбір ел жоғалған білімді толықтыруға (шындауға) және білім берудің ағымдағы проблемаларын шешуге ғана емес, сондай-ақ болашақ сын-тегеуріндердің алдын алуға қызмет ететін жүйелі шараларды әзірлеуге күш салуда. Ұлыбританияда оқушыларға оқудағы шығынның орнын толтыруға көмектесу үшін әзірленген ұлттық репетиторлық бағдарлама іске қосылды. АҚШ-та Теннесси бағдарламасы – репетиторлар корпусы іске қосылды, оның шеңберінде ТЖКБ ұйымдарының студенттері COVID-19-ға байланысты оқу шығындарын азайту үшін оқушылармен бірге сабақ оқиды.

Студенттерді репетитор ретінде тартудың бұл тәжірибесі Қазақстанда да қолданылады. Білімдегі шығындардың орнын толтыру міндеттері аясында мұқтаж білім алушыларға студенттердің көмек көрсетуі жөніндегі шаралар қарастырылады.

Қашықтан оқытуды дамыту

Қашықтан оқытуды жүзеге асыру кезінде елдер пандемия басталғанға дейінгі цифрлық және инфрақұрылымдық дайындық деңгейіне байланысты әртүрлі шешімдерді қолдана және бейімдей отырып, жағдайдан әрқалай шықты. Бірнеше ел (Сингапур, Франция, Оңтүстік Корея) пандемиядан бірнеше жыл бұрын жасалған ұлттық LMS шешімдерін қолданды. Қытай бастапқыда елдің бизнес қоғамдастығына арналған DingTalk қосымшасын қашықтан білім беру

қажеттіліктеріне бейімдеді. ZOOM, Skype, MS Teams, Google Classroom сияқты оқу үдерісін ұйымдастыру және синхронды онлайн-сабақтарды өткізу бойынша бағдарламалар барлық елдерде, соның ішінде Қазақстанда да қолданылды. Елдер ЦБР-дың ауқымды көлемін жинақтады. Қазақстанды цифрлық білім беру контентін онлайн-сабақтармен барлық сыныптар мен пәндерді қамтып, сандық тұрғыдан сол сияқты сапалы арнада арттыруда.

Дамыған елдердегі ауыл мектептері мұғалімдер, оқушылар және олардың отбасылары арасындағы өзара іс-қимылды жеңілдету және ресурстарды оңтайлы пайдалану үшін қашықтан оқыту мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланады. Мысалы, АҚШ-та көптеген ауылдық округтер оқушыларға мектепте жоқ пәндер, мысалы, екі есе есепке жатқызу, кредиттерді қалпына келтіру, кәсіптік және техникалық білім беру курстары бойынша қашықтан курстарын ұсынады.

Осылайша, Қазақстанда қашықтан оқыту білім беру сапасын бақылауды қамтамасыз ете отырып, оқытудың ықтимал форматының бір бөлігі ретінде одан әрі дамытылады және нормативтік құқықтық қамтамасыз етіледі.

Ауыл мектептерін дамыту

Әлемде ауыл мектептері инфрақұрылымының проблемалары көбінесе ауыл мектептерін басқа мектептермен стратегиялық байланыстыру және мектеп кластерлері шеңберіндегі ынтымақтастық арқылы шешіледі. Кластеринг мүмкіндіктердің кең ауқымына: тәжірибе мен ресурстармен алмасу (оның ішінде мұғалімдер), мұғалімдердің кәсіби қоғамдастықтары және басқаларына байланысты көптеген елдерде даму мен қолдаудың танымал тәсіліне айналды. Мысалы, Испанияда көрші ауыл мектептері көбінесе бірыңғай әкімшілік бірлік ретінде әрекет етеді. Шанхайда (Қытай) педагог кадрлармен, оқыту әдістерімен және мұғалімдерді басқарумен алмасатын қалалық және ауылдық аудандар арасында өңіраралық бағдарлама жұмыс істейді. Ауылдық округтердің білім беру бөлімдері ауыл мектептерінің білім беру стратегиясын қалыптастыру, мектепті басқарудың жаңа жүйесін әзірлеу, ауыл мектептері әкімшілігінің жұмыс сапасын жақсарту үшін сапалы білім беру ресурстарын ұсыну міндетін алатын қалалық мектептермен келісімшарт жасасады.

Бұл халықаралық тәжірибе "Нәтижелілігі төмен мектептерге мықты мектептердің қамқорлығы" жобасы шеңберінде қала мен ауыл арасындағы орта білім сапасындағы алшақтықты қысқарту үшін Қазақстанда қолданылуы мүмкін.

Оқулықтарды әзірлеу процестерін жетілдіру

Мектептің оқу әдебиетін мақұлдаудың мемлекеттік жүйесі көптеген елдерде жұмыс істейді. Мемлекеттердің шектеулі санында оқулықтарды мектептерде сараптамасыз, алайда баспаны және олардың өнімдерін сертификаттау рәсімімен пайдалануға болады (Италия, Франция, Финляндия және т.б.). Оқулықты әзірлеу және оны шет елдердің оқу процесіне одан әрі енгізу мерзімінің ұзақтығы 3

жылдан 6 жылға дейінгі аралықта. Мысалы, Жапонияда – 4 жыл, Францияда – 6 жыл, Гонконгта, Сингапурда, Канадада, Литвада және Грецияда – тираждау мен жеткізуді есепке алмағанда, кемінде 2 жыл.

Жапонияда, Канадада, Эстонияда және Латвияда оқулықтардың сарапшылары мектеп педагогтері мен жоғары оқу орындарының оқытушылары, Германияда – элеуметтанушылық зерттеу әдістерін меңгерген пән сарапшылары болады. Еуропалық одақта қабылданған шығындарды өтеу жүйесі оқу материалдарын сараптау үшін жоғары білікті сарапшыларды тартуға мүмкіндік береді, олардың жалақысы жеке баспалар авторларының сыйақысына тепе-тең.

Осылайша, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, оқулықтардың сапасына әсер ететін негізгі факторлардың ішінде оқулық басылымдарын сараптауды перспективалық жоспарлаудың болуын, оқу әдебиеті сарапшыларының жалақысын арттыруды бөліп көрсетуге болады. Елімізде сапалы сарапшыларды тарту және оқулықтарға сараптама жүргізу мәселелері бойынша халықаралық тәжірибеге сәйкес оқулықтардың сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдануда және жалғастырылатын болады.

Мектептердегі психологиялық қызметтердің жұмысын қайта қарау

Мектептегі психологиялық қызметтер бүгінде әлемнің көптеген елдерінде бар. Қазіргі уақытта әлемде шамамен 80 мың мектеп психологы бар (48 елде). Мектептегі психологиялық қызметтің шетелдік тәжірибесі ұйымның екі мүмкін болатын моделінің негізінде құрылады, олардың түбегейлі айырмашылығы мектеп психологының жұмыс істейтін жерінде – мектепте (білім беру ұйымында) немесе мектептен тыс жерде (консультацияларда, психологиялық-педагогикалық және медициналық-элеуметтік көмек орталықтарында (ППМӘ орталығы), жергілікті өзін-өзі басқару органдарының аудандық немесе қалалық бөлімдеріндегі психологиялық кабинетте және т.б.). Сонымен қатар әлемдік тәжірибе білім беру ұйымында қауіпсіз орта құрудың пәрменді шараларының бірі мектептегі татуласу қызметі болып табылатынын көрсетеді, оның қызметі білім алушылардың өздерінің педагогтер мен психологтардың басшылығымен түрлі жанжалдарды шешуге белсенді қатысуына негізделген.

Қазақстанда бұл тәжірибені қолдануға болады, енгізу жөніндегі міндеттер осы тұжырымдамаға енгізілген. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстанда мектептердегі жұмыс істеп тұрған психологиялық қызметтердің жұмысын қайта қарап, тату әрі қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және жанжалды жағдайлардың алдын алу мақсатында мектептерде татуласу қызметтерін құру қажет.

Педагогтердің кәсібилігін дамыту

Сингапурда, Гонконгта, Эстонияда, Финляндияда, Канадада және басқа да дамыған елдерде мұғалім өзінің кәсіби деңгейін тек ресми оқыту аясында ғана

емес, сонымен қатар бейресми түрде тренингтерге, вебинарларға, мастер-класстарға қатысу, әріптестерімен өзара әрекеттесу, мектептегі ішкі оқыту нысандарына қатысу арқылы арттырады. Жалпы әлемде педагогтің үздіксіз кәсіби дамуын педагогикалық жоғары оқу орындары ғана емес, сондай-ақ біліктілікті арттыру провайдерлері де жүзеге асырады. Бұл процеске мектептер қатысады. Осы факторлардың барлығы кәсіби даму процесінің тұжырымдамалық тәсіліне негізделіп, бірлесіп әрекет етеді: педагогикалық жоғары оқу орындарына іріктеу, педагогикалық даярлық, мамандыққа кіру кезеңдерінде, оқытудың және өзінің кәсіби дамуының бастапқы кезеңінде.

Халықаралық практикада "Педагог" кәсіптік стандарты педагог кадрларды даярлау және дамыту, педагог еңбегін бағалау және оны сертификаттау жүйесі үшін әдіснамалық негіз болып табылады. Ол білім беру жүйесін реформалауды ескере отырып, үнемі жаңартылып отырады. Кәсіптік стандартты әзірлеуге практикасы бар педагогтер мен сарапшылар қатысады.

ЭЫДҰ елдерінде мектеп директорларының 30 %-ы педагогикалық көшбасшылыққа оқытылады. Көптеген елдерде, мысалы, АҚШ-та педагогтердің кетуі бұрыннан бері халықаралық проблема ретінде танылған. АҚШ-тың кейбір штаттарында жас педагогтердің 40 %-ы жұмысқа орналасқаннан кейінгі алғашқы екі жылда кәсіптен кетеді. ЭЫДҰ елдерінде әрбір оныншы педагог мектептен кетеді. Аталған проблеманы шешу үшін АҚШ жас педагогтерге тәлімгерлер тарту бойынша бағдарламалар қабылдады, бұл проблеманы шешуге, ал елдің кейбір өңірлерінде осы бағдарламаларды іске асырғаннан кейін жас педагогтерді 100 % сақтауға мүмкіндік берді.

Бұл халықаралық тәжірибені Қазақстанда Мемлекет басшысының 3 жылда бір рет педагогтердің біліктілігін арттыруды өткізу жөніндегі тапсырмасын, сондай-ақ өмір бойы оқыту тұжырымдамасын іске асыру аясында қолдануға болады. Сонымен қатар елімізде жаңа жағдайларды ескере отырып, өзектендірілетін "Педагог" кәсіптік стандарты қолданылады.

Білім беру ұйымдарының басшыларын ротациялау

Білім беру сапасындағы алшақтықтың тағы бір себебі – мектептердегі басқарушы кадрлардың әлеуетін біркелкі бөлу.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, директорларды ротациялау жүйесі көптеген елдерде қолданылады. Бұл стратегияның негізгі мақсаттары тиімді менеджментті қалыптастыру және оны мектеп жүйесіне тарату болып табылады. Мысалы, Сингапурда мектеп директорларын ротациялау жүйесі 2011 жылдан бастап енгізілген. Директорлар әр 5-7 жыл сайын ауысады. Кореяда мектеп директоры бір мектепте ең көбі 8 жыл жұмыс істей алады, содан кейін оған басқа мектепке ауысу мүмкіндігі беріледі. Табысты мектептердің директорлары көбіне ауылдық және шағын жинақты мектептерге жіберіледі. Қазақстанда ротация

практикасы мүмкін және қолдануға болады. Сонымен бірге, белгілі бір уақыт ішінде мектеп директорлары өздерінің мектепке тигізетін әсерін барынша арттырады деп саналады.

4-бөлім. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың пайымы

Заманауи сын-қатерлер мәнмәтінінде білім алушыға оның қажеттіліктері мен тілектерін бағдарлай отырып, білім беруді дамытудың жаңа траекториясы айқындалды. Пандемия кезіндегі қоғамның әрекеттері мен реакциясы қоғамда адамгершілік, құқық және мораль мәселелерінің басымдығы тұрғысынан білім беру жүйесіне деген сұранысты тудырды.

Білім беру ұйымдарында адамның білімділік деңгейін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар өз өмірлік мүдделерінде де, қазақстандық қоғамның мүдделерінде де шығармашылық әлеуетін серпінді әлеуметтік-экономикалық жағдайларда іске асыруға қабілетті, түлектің түйінді құзыреттеріне ие, адамгершілігі жоғары және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін атмосфераны қалыптастыру білім беру жүйесінің таяудағы бес жылға арналған бағдарына айналуға тиіс.

Білім беруді дамытудың одан арғы саясаты мемлекеттік жоспарлаудың үйлестірілген жүйесі жағдайында іске асырылатын болады. Тұжырымдама "Қазақстан-2050" стратегиясында белгіленген елді дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттары мен бағыттарын ескереді және "3. Сапалы білім беру" жалпыұлттық басымдық шеңберінде Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының бастамаларына негізделетін болады. Сондай-ақ Тұжырымдамада Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын, АМАНАТ партиясының "Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!" сайлауалды бағдарламасын, Елбасының "Рухани жаңғыру" және "Ұлы даланың жеті қыры" атты қоғамдық сананы жаңғырту жөніндегі бағдарламалық мақаласын іске асыру жөніндегі шаралар ескеріледі.

Білім беруді дамыту саясатын іске асыру қолжетімділік пен инклюзивтілікті қамтамасыз етуге, барлық деңгейлерде білім беру сапасын арттыруға, функционалдық сауаттылықты дамытуға, үздіксіз білім беруді қамтамасыз етуге және еңбек нарығының ағымдағы сұраныстарына да, сондай-ақ болашақ экономикаға да сәйкес келетін кадрларды даярлауға бағытталған.

Білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған жаңа кезеңі үздіксіз білім беруді қамтамасыз етуді және басталған өзгертулердің қисынды аяқталуын көздейтін болады, бұл білім саласындағы мынадай қағидатты өзгерістерге алып келеді:

жаңа модель негізінде тәрбиелеу – өзін және айналасындағы әлемді білу, шығармашылық, қарым-қатынас, адамдарға, қоғамға өз қажеттілігін түсіну қуанышын сезінетін білім алушыны педагогикалық қолдау моделі;

тұратын жеріне және әлеуметтік мәртебесіне байланысты білім беру сапасындағы алшақтықтан сапалы білім алуға қолжетімділікті теңестіруге (тірек мектеп, құзыреттілік орталықтары, "цифрлық мұғалім", жазғы мектеп, кадрларды ротациялау және басқа да тетіктер);

сапалы білім беру инфрақұрылымының тапшылығынан қазіргі заманғы санитариялық нормаларға, қауіпсіздікке, жарақтандыру стандарттарына сәйкес келетін объектілермен қамтамасыз етуге;

педагог кадрлардың тапшылығынан педагог орны үшін бәсекелестікке (педагогикалық мамандықтарға түсу үшін үміткерлерге қойылатын талаптарды күшейту, жұмысқа конкурспен қабылдау, ісін жаңа бастаған педагогтерді сертификаттау және т. б.), педагогтің жоғары мәртебесін қамтамасыз етуге, тағайындау, ротациялау және аттестаттау арқылы білім берудегі сапалы менеджментке;

оқытудың дәстүрлі бағдарламаларынан білім алушыларды болашаққа дайындауға (білім беру мазмұнының құндылық аспектісін өзектендіру, оқу бағдарламаларының жаһандық құзыреттіліктерді, эмоционалды зияткерлікті, сыни ойлауды, білім алушылардың кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылығы негіздерін қалыптастыруға бағытталуы; оқытуды бейіндік саралау және даралау, оқыту бағыттарын таңдаудың кең және икемді мүмкіндіктері арқылы);

қазақстандық білімнің жергілікті фокусынан сыртқы нарықтарда қазақстандық білімнің және оның түлектерінің қажеттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға (білім берудің жүйелілігін, сабақтастығын және үздіксіздігін қамтамасыз ету, инклюзивтілік, барлығы үшін сапалы білім беруге тең қолжетімділік, үш жоғары оқу орнын зерттеу университеттеріне трансформациялау, ел аумағында шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары мен өкілдіктерін ашу, қазақстандық жоғары оқу орындарының ғылыми және академиялық дамуын күшейту және т. б.);

сыртқы бақылаудың қатаң әдістерінен профилактикаға бағытталған профилактикалық-алдын алу шараларына, білім беру саласындағы қолданыстағы заңнама нормаларының құқық бұзушылық жасау себептері мен жағдайларын жою үшін ұсынымдар беру;

білім беру ұйымдарының қызметін қатаң бақылаудан білім беру сапасын жүйелі қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасында қазақ тілін оқытудың әдістемесін жетілдіру және жалпы мемлекеттік жүйесін қалыптастыру. Мектеп – колледж – ЖОО – қызмет көрсету сатылары бойынша мемлекеттік тілді оқытудың деңгейлері айқындалып,

қалыптастырылады және үздіксіз білім қамтамасыз етіледі. Лексикалық-грамматикалық минимумдарға негізделген коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыратын әрбір кезең мен деңгейдің оқу-әдістемелік мазмұны әзірленетін болады.

5-бөлім. Дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беруді дамыту тұжырымдамасы мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) барлық адамның сапалы білім алу құқықтарының теңдігі;
- 2) зияткерлік дамуын, психологиялық-физиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігі;
- 3) азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы;
- 4) адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- 5) білім беру деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;
- 6) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы.

Саланы дамыту тәсілдері білім беру жүйесінің 7 бағыты бойынша қаралады.

1-тарау. Қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеу

1-параграф. Формальды білім беру шеңберінде білім алушылардың адамгершілік-рухани және эмоциялық қабілеттерін дамыту

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу – қоғамның, мұғалімдер мен ата-аналар қауымдастығының басты мақсаты. Оқушылар мен студенттерді отанға деген сүйіспеншілікке, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге және дәріптеуге тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Қоғамда өскелең ұрпақты тәрбиелеуге деген сананың деңгейін көтеру қажет.

Жаңа ұрпақты тәрбиелеуге қатысты мәселелерді жүйелеу үшін тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері әзірленетін болады. "Іс-шараларды өткізу" тәсілінен "әр деңгейде тәрбиелік жұмыс тәрбиелеу мақсаты мен жобалық тәсіл арқылы" тәсіліне көшу іске асырылады.

Оқыту мен тәрбиенің құндылыққа бағдарланған тәсілі мектеп климатында, мәдениетінде, барлық қызметкерлердің мінез-құлқында және қарым-қатынасында көрініс табатын орта білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болады.

Білім беру ұйымдарының тәрбие жұмыстарының жоспарларына балалардың кибермәдениеті бойынша жұмысты енгізу жоспарлануда. Сондай-ақ балаларды олардың рухани дамуына зиян келтіретін ақпарат пен материалдардан қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу жоспарлануда.

Негізгі ұлттық құндылықтар жеке тұлғаны рухани-адамгершілік дамытудың және тәрбиелеудің негізі ретінде қарастырылады. Жас ұрпақтың ұлттық құндылықтар және оларды сақтаудың маңыздылығы туралы хабары арттырылады. Білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде отбасылық құндылықтар мен отбасы институтының маңыздылығы дәріптелетін болады.

Отбасы құндылықтарын танымал ету және оны сақтаудың маңыздылығына назар аудару мақсатында Отбасы күні шеңберінде (қыркүйектің әрбір екінші жексенбісі) әкелер кеңестерінің, ақсақалдар кеңестерінің, аналар кеңестерінің, әжелер кеңестерінің қатысуымен және БАҚ пен әлеуметтік желілерде жариялай отырып, "Менің отбасым – өнерлі отбасы", "Менің отбасым – көптілді отбасы", "Менің отбасым – оқуға құштар отбасы", "Менің отбасым – спорттық отбасы", "Менің отбасым – көңілді отбасы" және басқа да өңірлік конкурстар өткізілетін болады. Өмірлік қиын жағдайдың туындау қаупі бар аймақтағы отбасылар мен адамдарға көмек көрсету мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл регламентін әзірлеу және бекіту жоспарлануда.

"Өзін-өзі тану" адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасына енгізілген жалпы адамзаттық құндылықтар, сондай-ақ "Білім-инновация" лицей-интернаттары мен "НЗМ" ДБҰ-ның "мектеп-бала-ата-ана" үшбұрыш қағидаты бойынша мектеп пен ата-аналардың өзара тығыз қарым-қатынасына негізделген тәжірибесі негізінде білім алушыларды тәрбиелеу және оқыту жүйесін енгізу жалғастырылады. Барлық осы шаралардың жиынтығында әр білім алушының физикалық, ақыл-ой, эмоционалды және адамгершілік дамуына бағытталған тәрбие жұмысының үйлесімді жүйесі қалыптасады.

Тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында сынып жетекшілігі туралы ережені қайта қарау және сынып жетекшісінің біліктілік сипаттамаларын әзірлеу жоспарлануда.

Білім алушыларды патриоттық тәрбиелеу мақсатында әскери-патриоттық клубтардың рөлі күшейтіледі, олардың қызметін облыстық білім басқармалары деңгейінде үйлестіру жүзеге асырылады. Білім алушыларды ұйымдасқан қоғамдық қызметке тарту "Жас қыран", "Жас ұлан" балалар-жасөспірімдер қозғалысына, "Ұшқын ой алаңы" дебаттық қозғалысына, мектеп және студенттік парламенттер мен өзін-өзі басқаруға кең және дәйекті мүшелік арқылы қамтамасыз етіледі.

Студенттерді бағыттар бойынша клубтардың жұмысына тарту кеңейтіледі, студенттік лигаларды (спорттық, дебаттық және т.б.) құру және дамыту

жоспарлануда. Студенттерді экологиялық мәдениет пен салауатты өмір салтына баулу эковолонтерлықты дамыту жолымен "Ашық жүрек", "Саламатты жастар" жобалары, "Жас турист" және "Гүлдене бер, Қазақстан" конкурстарын өткізу арқылы жоспарлануда. Сонымен қатар спорт үйірмелері мен секцияларын, оның ішінде ұлттық спорт түрлері бойынша дамыту жоспарланған.

Студенттердің қоғамдық және волонтерлік қызметін ынталандыру арқылы ЖОО мен ТжКБ ұйымдарында тәрбиелік компонент күшейеді. Ол үшін пилоттық режимде әлеуметтік GPA енгізіледі.

Экологиялық тәрбие, қоршаған ортаға ұқыпты қарау, экологиялық құндылықтарды, қаржылық және кәсіпкерлік дағдыларды дарыту тәрбиелік іс-шаралар кешені арқылы жүзеге асырылатын болады.

Табиғатты сақтау үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, қоршаған ортаны сақтау проблемасын қабылдау бойынша белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі болады.

2-параграф. Формальды білім беру шеңберінде білім алушылардың дене саулығын сақтау және нығайту

Орта білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлері бойынша мектептің спорт лигалары мен спорт секцияларының желісін, сондай-ақ "Дене шынықтыру" пәні бойынша олимпиадаларды кеңейту орынды.

ЮНЕСКО кластерлік бюросымен жасалған меморандум шеңберінде "Сапалы дене тәрбиесі" жобасын енгізу, "Ұлттық спорт түрлері" міндетті бөлімін қосып, оқу жоспарларын жаңарту көзделген. Жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау бағдарламаларында дене шынықтырудың сауықтыру, тәрбиелеу және әлеуметтендіру бағдарламаларымен өзара байланысы күшейтілетін болады.

Дене шынықтыру-спорт жұмысын жетілдіру бөлігінде президенттік тесттерді тапсыруды қамтамасыз ету, мектептегі спорт клубтарының санын ұлғайту және олардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Сондай-ақ жоғары оқу орындарына түсу кезінде президенттік тест нәтижелерін есепке алу мәселесі пысықталатын болады.

2025 жылға қарай спорт залдары, стандартты спорттық жабдықтар мен мүкәммалдары бар мемлекеттік мектептердің үлесі ұлғаяды.

Дене шынықтыру сабақтарын және спорт секцияларын сапалы жүргізу үшін жобалық қуаты үлкен мектептердің құрылысы кезінде кемінде екі спорт залы көзделетін болады.

Орта білім беру ұйымдарында қажеттіліктер мен қазіргі заманғы талаптарға сәйкес дене шынықтыру мен спорт инфрақұрылымы жаңғыртылатын болады. Дене шынықтыру мен спорт инфрақұрылымы бөлігінде кедергісіз ортаны, дене

шынықтырумен және мектеп спортымен шұғылдану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау жоспарлануда.

Мектептерде АМТ жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін олардың қызметін нормативтік құқықтық актілермен регламенттеу көзделеді, сондай-ақ оқу-әдістемелік және кадрлық сүйемелдеу мәселелері шешілетін болады.

2023 жылға дейін өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, кейіннен практикалық ұсынымдар әзірленіп, оқушылардың дене дамуы мен дене даярлығының жүйелі мониторингін енгізу жоспарланған. Ол үшін қазіргі заманғы технологияларды ескере отырып, білім алушылардың дене дайындығы деңгейіне қойылатын нормативтік талаптар және білім алушылардың дене дайындығының жай-күйін мониторингтеу бағдарламалары жетілдірілетін болады.

Мектеп спортын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында қосымша жалпы дамыту бағдарламаларын әзірлеуді және жалпы білім беру жүйесіне енгізуді қоса алғанда, дене шынықтыру және спорт, білім алушыларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру саласында ғылыми зерттеулер жүргізу көзделетін болады.

Балалар спортын насихаттау және дамыту мақсатында 2022 және 2024 жылдары Қазақстан оқушылар арасындағы Дүниежүзілік жазғы гимназиадаға қатысады.

3-параграф. Қосымша (формальды емес) білім беру арқылы баланың қызығушылықтары бойынша қабілеттерін дамыту

ЖАО есебінен қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын кезең-кезеңімен ұлғайту мемлекеттік және жеке ұйымдар арасында бәсекелестік туғызады, қалаларда да, ауылдық жерлерде де балалардың тұрғылықты жерінен қадамдық қолжетімділікте үйірмелер мен секциялар желісін кеңейту үшін жағдайлар жасайды, балаларға қосымша білім беру сапасын жақсартады. ЖАО балаларды қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымдардың МТБ-сын нығайту, оларды қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандыру жөнінде, соның ішінде ЕБҚ бар балалар үшін кедергісіз жағдайлар жасау үшін шаралар қабылдайды.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын жеке меншік ұйымдарда орналастыру есебінен балаларға қосымша білім беру мектептен тыс ұйымдарда, мектептерде және жеке ұйымдарда қолжетімді болады.

"Қосымша білім беру навигаторы" ақпараттық сервисін құру балаларды қабылдау және есепке алу, үйірмелер мен секциялар, қызметтердің түрлері, бағдарламалар мазмұны, педагогтер, ақылы, тегін екені, бос орындардың болуы және т. б. туралы ақпараттандыру бөлігінде балалар мен ата-аналар үшін білім беру қызметтері сервисінің сапасын арттырады.

Оқушылар арасында дебаттық қозғалысты танымал ету және одан әрі дамыту мақсатында ЖАО қажетті ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-педагогикалық, ақпараттық жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік жоспарларды әзірлейтін болады.

Мектеп кітапханалары электрондық ақпараттық ресурстар базасы, оның ішінде цифрландырылған құжаттар коллекциясы, веб-сайттар, веб-порталдар және т. б. бар қосымша білім беретін оқыту алаңдарына трансформацияланатын болады.

Балалардың, педагогтердің білім қажеттіліктерін анықтау бойынша талдау жүргізу, балаларға қосымша білім беру бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалайтын көрсеткіштер мен индикаторларды әзірлеу, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, педагогтердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапалы деңгейін қамтамасыз етеді.

4-параграф. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, баланың қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету

Балалардың әл-ауқатын бағалауға және жағдайын жақсартуға көп өлшемшартты көзқарас үшін 2021 жылы Балалардың әл-ауқатының қазақстандық индексі (бұдан әрі – БӘҚИ) қосымша сынақтан өткізіліп, 2022 жылы енгізіледі. БӘҚИ қабылданғаннан кейін әртүрлі салалардағы балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық саясаттың тиімділігін қадағалау және балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету саласында қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалау үшін ұлттық мониторинг әзірлеу жоспарлануда.

ЮНИСЕФ-тің бюджеттен тыс қаражаты шеңберінде Балалардың әл-ауқатының интерактивті картасын әзірлеу жоспарлануда.

Мектептердегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою, сондай-ақ оқушылар арасында зорлық-зомбылық туралы хабардар болуды арттыру үшін өмірлік дағдыларды қалыптастыру және суицидтердің алдын алу бойынша бағдарламалар іске асырылуда. Балаларға қатысты және олардың арасында зорлық-зомбылықтың жасырын болуын болдырмау мақсатында жыл сайын кәмелетке толмағандарға қатысты және олардың арасында зорлық-зомбылық деңгейін, білім алушылардың құқықтық қорғалу деңгейін айқындау бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізілетін болады.

Қауіпсіз жағдайларды жасау және болдырмау мақсатында білім беру ұйымдарының талаптарға сәйкес бейнебақылау жүйесімен жабдықталуын 100 %-ға дейін жеткізу, сондай-ақ қолайлы жағдайлармен және т.б. қамтамасыз ету жоспарлануда. Қауіпсіз қол жеткізу, мамандандырылған күзет және бақылау (

дабыл түймесі, металл іздегіштер) жүйесі қамтамасыз етіледі. Баланың мектептен келуі мен кетуін бақылау жүйесін, бейнебақылау, сигнал беру және хабарлау жүйесін пайдалана отырып, шаралар кешенін қабылдау жоспарлануда.

Орта және мамандандырылған мектеп-интернаттарды автобустармен қамтамасыз ету жөніндегі жол картасын іске асыру шеңберінде балаларды, оның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды тасымалдау үшін техникалық талаптары жоғары 515 көлік құралы бөлінетін болады. Автобустарды сатып алу "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ арқылы лизингке берілетін болады.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту құқығын қамтамасыз ету мақсатында 2021 – 2023 жылдарға арналған оқушыларды сапалы теңгерімді тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жол картасын іске асыру жалғастырылады, оның шеңберінде бірыңғай өңірлік мәзірлер бекітіліп, енгізілетін болады. Зерттеу жүргізіліп, оның нәтижесі бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері мен ТЖКБ ұйымдарының білім алушыларының тамақтану нормалары мен рационы қайта қаралатын болады.

1 – 4 сынып оқушыларын тегін мектеп тағамымен қамтуды кеңейту жөнінде шаралар қабылданады.

Барлық қалалық мектептер кезең-кезеңімен қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көшеді, мектептегі ас блоктары бейнебақылаумен қамтамасыз етіледі, бракераж комиссияларының қызметі жандандырылады. Мектеп асханаларының МТБ-сы, оның ішінде МЖӘ есебінен жақсартылады.

Халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар мемлекеттік бюджет есебінен мектеп формасымен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте мемлекеттік тапсырыс арқылы мектеп формасын отандық тауар өндірушілерден сатып алу тетігі әзірленіп, іске асырылады.

Туылған сәттен бастап кәмелетке толғанға дейін балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қауіпсіз және қолайлы оқыту ортасын қаржыландыру және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру мақсатында "Балаларға арналған бюджетті" есептеу әдістемесі әзірленіп, бекітілу сатысында. Балаларға арналған бюджет әдістемесін енгізу орталық және жергілікті атқарушы органдарға балаларға мемлекеттік қаржыландыру көлемін, осы шығыстардың басымдылығын және олардың тиімділік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

"Тәуекел тобындағы" балаларды ерте анықтау және оларға уақтылы көмек көрсету, буллингтің жолын кесу мақсатында білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерінің қызметі күшейтілетін болады.

Тату және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және жанжалды жағдайлардың алдын алу мақсатында мектепте татуласу қызметтері құрылады.

Білім беру жүйесінің психологиялық қызметінің жұмысын реттейтін нормативтік база жетілдіріледі, педагог-психологтардың әдістемелік құралдарының бірыңғай стандарттары әзірленеді.

Психологиялық қызметтің және мектептегі татуласу қызметтерінің моделін әзірлеу және енгізу жоспарлануда. Оларға ақпараттық және әдістемелік көмек көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметті үйлестіретін Ү. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының жанынан Білім берудегі психологиялық зерттеулер институтын құру жоспарлануда (ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және сүйемелдеу, біліктілікті арттыру, білім беру ұйымдарының психологтарын сертификаттау және аттестаттау, супервизия)

Педагог-психологтардың шамадан тыс жүктеме проблемасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыру шеңберінде оларға мамандандырылған кабинеттер беру арқылы шешілетін болады.

Қала сыртындағы балалар демалысын ұйымдастыру басым бағытқа ие болады. ЖАО әлеуметтік осал, аз қамтылған отбасылардың балалары, "тәуекел" тобындағы балалар, девиантты мінез-құлықты балалар үшін жазғы лагерьлердің тақырыптық ауысымдарын ұйымдастыратын болады.

Қосымша білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда "тәуекел" тобындағы балаларды жеке дамыту бойынша шығармашылық іс-шаралар мен бастамалар кешені іске асырылатын болады.

Отбасылық құрылыстың басқа нысандарын дамыту бөлігінде балалар үйлерін деинституционализациялау бойынша жұмыс жалғасады, бұл жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілерінің санын азайтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасылық құрылымының балама нысаны кәсіби (фостерлік) отбасы енгізілетін болады.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалары бар отбасыларға әлеуметтік-құқықтық және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жөніндегі орталықтар мен психологиялық қызметтер желісін дамыту (балалар үйлерін трансформациялау), сонымен бірге ата-аналарға немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға құқықтық және консультациялық көмек көрсету бойынша баланы асырап алушы ата-аналар мектептерін дамыту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Педагогтердің, психолог-педагогтердің, әлеуметтік педагогтердің, мектеп әкімшілігі мүшелерінің біліктілігін арттыру жүйесінде мектептегі психологиялық

қызмет пен мектепте татуласу қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша оларды ұйымдастырудың қазіргі заманғы нысандары қолданылатын болады.

Түрлі ведомстволарда: білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін мамандардың қызметін бірыңғай ұйымдық құрылымға біріктіретін кешенді ведомствоаралық тәсілді ұйымдастыру жоспарлануда.

Балалар құқықтарының бұзылуына жедел ден қою жөніндегі іс-шараларды іске асыру және балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі мониторингтік топтардың қызметін ұйымдастыру жоспарлануда. Балаға жедел көмек көрсету үшін республикалық қызмет құрылады.

Балалардың құқықтарын қорғау, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың оқу және тұру жағдайларын зерделеу мақсатында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының қызметіне мониторинг жүргізілетін болады.

Балалар бірлестіктерін және "Балалар өкілі" (Балалар өкілдіктері) балалардың әлеуметтік бастамаларын дамыту жөнінде шаралар қабылданатын болады. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың балалардың өзін-өзі басқару көшбасшылары кеңесінің мүшелері үшін "Көшбасшылық пен Абырой" атты іс-шаралар циклі өткізілетін болады.

Білім беру ұйымдарын басқарудағы қамқоршылық кеңестердің рөлі нығайтылатын болады. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сапалы құрам алу және сайлау рәсімдерінің ашықтығына қол жеткізу мақсатында кандидаттарды сайлауды регламенттеу және өкілеттіктерін кеңейту бөлігінде толықтырулар мен өзгерістер енгізілетін болады. Қағидалар білім беру деңгейлері бойынша әзірленеді.

2-тарау. Педагогтердің кәсіптік және мәдени капиталын арттыру

1-параграф. Педагогтерге қолайлы жағдай жасау

Еңбекті материалдық және материалдық емес ынталандыру және педагогтердің оң имиджін қалыптастыру шараларының кешенін іске асыру жалғастырылады.

Педагогика қызметкерлерінің арасында әділдік орнату мақсатында "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт, денсаулық сақтау жүйесіндегі білім беру ұйымдарының педагогтеріне де қолданылатын болады.

МДТО саласының кадрлық әлеуетін оларды даярлау, біліктілігін арттыру және аттестаттау, әлеуметтік мәртебесі мен жалақысын арттыру жүйесін жетілдіру жолымен күшейту жоспарлануда.

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің еңбегіне ақы төлеу 2024 жылға дейін төрт жыл ішінде екі есеге ұлғайтылатын болады. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарының басшылары мен олардың орынбасарларының жалақысын арттыру, жеке санаттағы педагогтерге еңбекақы төлеу жүйесін айлықақы жүйесіне көшіру мәселесі пысықталатын болады. Беделді халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздарын дайындаған педагогтер үшін біржолғы ақшалай сыйақы төлеу көзделеді.

ЖАО олимпиада, конкурстар, турнирлер, соның ішінде робототехника және бағдарламалау жеңімпаздарын, жүлдегерлерін дайындаған педагогтерді көтермелеу шараларын қабылдайтын болады.

Ауыл мектебіндегі 5 жылдық жұмыс өтілінен кейін қабылдау емтихандарын өткізе отырып, қазақстандық жоғары оқу орындарының магистратурасына басым қабылдау үшін ауыл мұғалімдеріне арналған жеке квота енгізу мәселесі пысықталатын болады.

Сонымен қатар ұлттық біліктілік тестілеуінен өту бойынша педагогтерді аттестаттауға қойылатын талаптар, оның ішінде тестілеуден өту балдарының пайызын 90 %-ға дейін арттыру және педагогтердің портфолиосын бағалау өлшемшарттарын жанарту арқылы күшейтілді.

Мектептегі мұғалімнің кәсіптік рөлі оқу, жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастырушыға, консультантқа, зерттеушіге, жоба жетекшісіне, білім беру, оның ішінде цифрлық ортадағы "навигаторға" өзгереді. Педагогтер өздерінің педагогикалық және әдістемелік практикасын үнемі жетілдіруді және жанартуды көздейтін өз бетінше білім алуға ынталандырылатын болады.

Педагогтің әлеуметтік әл-ауқаты мен әлеуметтік мәртебесі жұмыстың шығармашылық сипатына, оқыту әдістемелерін, технологияларын таңдаудағы дербестікке, жалақыны арттыруға, қосымша ақыны ынталандыруға, кәсіби даму шеңберін кеңейтуге байланысты артады.

ТжКБ-да өндірістік оқыту шеберлерінің жетіспеушілігі мәселесін шешу мақсатында өндірістен мамандар ағынын ынталандыру бойынша жұмыс жалғасады. Өндірістен тартылған педагогтерге тиісті қосымша ақысы бар "педагог-сарапшы" біліктілік санаты берілетін болады. Осылайша, ТжКБ мемлекеттік ұйымдарының арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің жалпы санынан өндірістен тартылған мамандардың үлесі 20 %-ға дейін ұлғаяды.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мемлекеттік білім беру грантының құнын арттыру жоғары оқу орындарына ПОҚ және жоғары және

(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі қызметкерлерінің жалақысын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді. Жоғары оқу орындарының КЕАҚ-ға айналуы жоғары оқу орындарының қаржылық ағындары мен пайда көздерін әртараптандыру үшін қолайлы жағдайлар жасады, бұл ПОҚ үшін әлеуметтік пакеттерді ұсынуға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіби дамуы үшін қаражатты жоспарлауға мүмкіндік береді.

2-параграф. Педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілу және педагогикалық білім беруді жаңғырту

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің, әсіресе балаларды ерте дамыту және оқыту тақырыбы бойынша оқыту тәсілдері мен мазмұнын және бағдарламасын жетілдіру жоспарлануда. МДТО педагогтерін даярлауды жүргізетін жоғары оқу орындары мен ТЖКБ ұйымдарының жанынан кадрлар даярлауда теория мен практиканың бірлігін қамтамасыз ету үшін ресурстық орталықтар немесе балабақшалар құрылады.

Баланың жан-жақты дамуы, бастамаларын жеке қолдау, балалардың эмоциялық, моральдық, психикалық, психологиялық салауаттылығы мен дамуы үшін балаға мейірімді даму процесі мен ортаны ұйымдастыру үшін педагогтің әр баламен сапалы маңызды өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында үлкен (4 жастан бастап балалар), мектепалды топқа (5 жастан бастап балалар) есептеп, тәрбиеші лауазымының штат бірліктерінің саны артады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиешілердің балаларға арақатынасы және кәсіптік жүктемесі ЭЫДҰ елдерінің нормаларына сәйкес келтіріледі.

Педагог кәсібін таңдау болашақ талапкердің осы салада жұмыс істеуге деген тікелей ықыласы мен бейімділігіне байланысты болуы керек. Педагогикаға бейімділікті анықтау үшін оқушылардың кәсіптік қалауын диагностикалау жүргізіледі және анықталған оқушылар үшін "болашақ мұғалімі" элективті пәні енгізіледі, сондай-ақ таңдалған мамандыққа түсуге қолдау көрсету бойынша шаралар кешені ұсынылады. Педагогикалық мамандықтар бойынша түсу үшін сапалы іріктеу жоғары оқу орнына түсу кезінде жоғары шекті деңгей арқылы қамтамасыз етіледі (75 балл).

Орта білім беру жүйесіне педагогикалық жоғары оқу орындары жанынан қайта даярлаудан өтетін магистр және PhD дәрежелері бар мамандар тартылады. Осылайша, мұғалім мамандығына "бүйірінен кіру" кеңінен дамиды, онда белгілі бір салада жұмыс тәжірибесі мен білімі бар мамандар мұғалімдер қатарын толықтырады, осылайша жалпы кәсіптің кәсіби деңгейін арттырады.

Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлер үшін қолдау шараларының тиісті пакетімен мектептерге үздік педагогтерді тартудың арнайы бағдарламасы әзірленетін болады.

Жоғары оқу орындары базасында ТжКБ ұйымдарының түлектері қатарынан арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін даярлау ұйымдастырылатын болады.

Даярлау бағыттарының сабақтастығын қамтамасыз ету үшін педагогикалық жоғары оқу орындары мен ТжКБ ұйымдарының, педагогтердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардың мектепке дейінгі, қосымша, арнайы, мамандандырылған, орта және кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарымен тығыз ғылыми-практикалық өзара іс-қимылы белгіленеді. Аталған білім беру ұйымдарында педагогикалық бағыттағы студенттер үшін 1 курстан бастап белсенді практикадан өту жоспарланған.

Өзгерген болмысқа және озық білім беру практикасына сәйкес "педагог құзыретінің шеңбері" – "Педагог" кәсіптік стандартын әзірлеу жоспарлануда, ол білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтердің кәсіптік даму траекториясының бірыңғай бағдарына айналады. Кәсіптік стандартты ескере отырып, білім беру бағдарламалары, сертификаттау және аттестаттау рәсімдері, үздіксіз кәсіптік дамудың мазмұны әзірленіп, жаңартылады және педагог кадрдың қызмет бойынша жылжу стратегиясы құрылады.

"Педагог" кәсіптік стандартының негізінде педагогті даярлау бөлігінде педагогикалық және басқа жоғары оқу орындарын аккредиттеу стандарты қабылданады.

Педагогикалық білім беруді трансформациялау мақсатында педагогикалық бағыттар бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындары мен ТжКБ ұйымдарын бейіндеу арқылы педагогтерді даярлау жүйесін жаңғырту жоспарлануда.

Үш тілде оқытуды ұйымдастыру үшін жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде пәндерді оқытатын мұғалімдерді даярлау жалғасатын болады.

Педагогикалық білімнің білім беру бағдарламалары балаларға қосымша білім беру жөніндегі пәндермен толықтырылатын болады.

Бағдарламалау, робототехника және 3D-принтинг бойынша бөлімдерді қосу арқылы "Информатика" даярлау бағыты бойынша педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары өзектілендірілетін болады.

Педагогикалық кадрларды даярлаудың барлық бағыттары бойынша ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеу модулі көзделетін болады.

Жоғары оқу орындарында педагог-психологтарды даярлаудың білім беру бағдарламаларын олардың практикаға бағдарлануын күшейту мақсатында қайта қарау жоспарлануда.

Педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру үшін аккредиттеу агенттіктері педагог кадрларды даярлауды жүргізетін ТЖБ ұйымдары мен жоғары оқу орындары үшін мамандандырылған стандарттарды әзірлеуді жоспарлады. Осы процеске қатысушылардың барлығының институционалдық өзара іс-қимылын қалыптастыратын педагогтерді үздіксіз кәсіптік дамыту тәсілдері енгізілетін болады. Осылайша, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізетін ұйымдар болашақ педагогтердің үздіксіз кәсіптік дамуын қолдау шеңберінде студенттерді қысқа мерзімді практикалық-бағдарланған курстарда оқытуды іске асыратын болады, сондай-ақ практикалық жұмыс тәжірибесін игеру мақсатында педагогикалық жоғары оқу орындарының ПОҚ үшін білім беру ұйымдарында тағылымдамалар ұйымдастыратын болады.

Қазақ әйелдер ұлттық педагогикалық университеті МТБ-ны жаратқандыру жолымен жаңғыртылатын болады.

3-параграф. Педагогтің үздіксіз кәсіптік дамуы

Қазіргі уақытта "педагог біліктілігін арттыру" парадигмасының "педагогтің үздіксіз кәсіптік дамуына" ауысуы пісіп-жетілді, бұл кезде осы процестің әрбір кезеңі (кәсіптік бағдарлау; педагогикалық даярлық; мектеп; біліктілікті арттыру) педагогтің кәсіптік дамуы бойынша өз функцияларын сабақтастық қағидатына және дәйекті орындауға негізделетін болады. Жаңа парадигмаға сәйкес педагогтің үздіксіз кәсіби даму тұжырымдамасы әзірленетін болады.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары бағдарламаларының мазмұны педагогке педагогикалық қызметтің барлық түрлерін іске асыру үшін қажетті пәндік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік, цифрлық және басқа да құзыреттердің оңтайлы арақатынасын қамтитын болады.

Педагогтердің кәсіптік құзыреттілігін арттыру үшін педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мазмұны қайта қаралатын болады. Кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыру негізінде практикаға бағдарланған біліктілікті арттыру курстары енгізілетін болады. Сондай-ақ пәндер бойынша барлық оқу бағдарламаларын іске асыру шеңберінде инклюзивті ортада оқыту ерекшеліктерін зерделеуді көздейтін модульдер енгізілетін болады.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін педагогтердің біліктілігін арттыру оқытудың әмбебап дизайны қағидаты (сараланған тапсырмаларды қолдана білу, оқу бағдарламаларын бейімдеу, ЕБҚ бар балаларға қажетті қолдауды ұйымдастыру) негізінде жүзеге асырылатын болады. Педагог-ассистенттерді сертификаттау қағидалары және сертификаттау курстарының бағдарламалары (балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен қажеттіліктерін есепке алу, сараланған көмекті дұрыс ұйымдастыра білу, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған Брайль қарпін білу

, есту қабілеті бұзылған балаларға арналған дактилологияны білу, аутизмі бар балаларға арналған арнайы технологияларды білу және т.б.) әзірленетін болады.

Біліктілікті арттыру курстары (пәндік, IT-құзыреттер, инклюзивтік және т.б.) арқылы педагогтердің құзыреттілігін дамыту, өңіраралық және республикалық деңгейлерде педагогтердің үздік практикаларын трансляциялау жалғасады.

Педагогтердің IT дағдылары деңгейінің диагностикасын жүргізу негізінде педагогтерді цифрлық дағдыларға оқыту бағдарламасы дамытылады және өзектілендіріледі.

Жоғары оқу орындарының институционалдық әлеуетін ұлғайту мақсатында балаларды ерте дамыту саласында білім беру қызметтерін ұсынатын ПОҚ-тың тағылымдамадан өтуі үшін мамандықтар "Болашақ" халықаралық стипендиясы үшін басым бағыттар тізіміне енгізілетін болады.

Ісін жаңа бастаған педагогтердің кәсіптен кету проблемасын шешу үшін "Өрлеу" ҰБАО ісін жаңа бастаған педагогтер үшін кәсіпке кірісу және тәлімгерлерді оқыту бағдарламалары әзірленетін болады. Мамандығы бойынша жұмыс істемеген және ұзақ уақыт (3 жыл және одан көп) сабақ бермеген педагогикалық білімі бар адамдар үшін біліктілікті арттыру курстары әзірленетін болады. Бұл шаралар мұғалімдерге деген сұраныс мәселесін шешуге ықпал етеді.

Білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыс педагогтердің кәсіптік дамуымен тығыз байланысты, осыған орай біліктілікті арттыру курстарымен айналысатын ұйымдар мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын оқу-әдістемелік сүйемелдеумен айналысуды жалғастырады. Нәтижесінде тәрбиеленушілер мен барлық деңгейдегі білім алушылардың білім сапасына бағытталған әдістемелік жұмыс педагогтер қызметінің сапасымен байланысты болады және тұрақты және үздіксіз сипатқа ие болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша біліктілікті арттыру курстарын өткізу тәсілі қайта қаралатын болады.

Педагогтердің біліктілігін арттыруды педагогтерді оқыту тиімділігінің айқындылығы мен айқын индикаторлары негізінде біліктілікті арттыру курстарының сапасын сыртқы бағалау шеңберінде сапаның бекітілген сипаттамаларына сәйкес келетін ұйымдар үш жылда кемінде 1 рет жүзеге асыратын болады және "өмір бойы оқу" парадигмасына негізделеді.

Өзгерген жағдайларды және педагогтің кәсіптік деңгейіне қойылатын талаптардың жоғарылағанын ескере отырып, педагогтердің біліктілігін арттыру процесін ресурстық қамтамасыз ету тәсілдерін қайта қарау жоспарлануда. Біліктілікті арттыру курстарының құнын есептеу әдістемесі қайта қаралатын және бекітілетін болады. Бұл педагогтердің кәсіптік дамуының дербестендірілген траекторияларын табысты іске асыру үшін неғұрлым қолайлы мүмкіндіктер жасайды. Қолданыстағы біліктілікті арттыру бағдарламалары жаңартылады,

жаңа білім беру бағдарламалары әзірленеді. Бизнес-мектептердің жаттықтырушыларын тарта отырып, көшбасшылық және басқарушылық құзыреттерді дамыту бойынша орта білім беру ұйымдары басшыларының жеке қажеттіліктерін айқындайтын зерттеулер негізінде бағдарламалар әзірлеу жоспарлануда.

ТжКБ ұйымдарында оқыту сапасын арттыру үшін басқарушылық құзыреттер бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, тиімділіктің негізгі көрсеткіштері, ротациялау тетігі, басшылар рейтингі бойынша басшылардың қызметін бағалауды енгізу жалғастырылады. Бұл заманауи менеджерлер командасын, сондай-ақ "Көшбасшылар корпусы" жобасы арқылы ТжКБ басшыларының кадрлық резервін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Педагогтердің құзыреттіліктерінің жаңа жиынтығын қалыптастыру үшін педагогикалық қызмет бойынша үздік практикалардың бенчмаркингі бойынша жұмыс ұйымдастырылады және ТжКБ жүйесінің педагогтері арасында кәсіптік шеберлік конкурстары ұйымдастырылады.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде топ-менеджмент үшін біліктілікті арттыру курстары, сондай-ақ "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде ПОҚ-ның тағылымдамалары өткізілетін болады. Сонымен қатар жоғары оқу орындары ПОҚ-ның оқытылатын пәндер мазмұны бойынша кәсіптік деңгейін арттырудың ауқымды бағдарламасын өткізу жоспарлануда.

Барлық осы шаралар тұтастай алғанда кәсіпқойлықтың, цифрлық сауаттылықтың, адами капитал, ең алдымен педагогтердің, ал одан әрі білім алушылардың сапасын арттырудың негізіне айналады.

3-тарау. Тең бастапқы мүмкіндіктер жасау

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту

2-6 жастағы балаларды сапалы МДТО-мен қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар қабылданады. Ең алдымен, бұл МЖӘ және бизнесті тарту негізінде балабақшаларды ашу.

ЖАО халықтың мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне қажеттіліктерін есепке алу тәсілдерінің өзгеруіне, сондай-ақ көші-қон ағындары мен бала туу болжамына байланысты үлгілік балабақшалар салу жоспарларын қайта қарайтын болады.

Меншік нысанына қарамастан балалардың мектепке дейінгі ұйымдарда болу қауіпсіздігіне, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жарақтандыруға және абаттандыруға қойылатын талаптар арттырылады, сондай-ақ жайлы жағдайлар, оның ішінде ауыз сумен, санитариямен және гигиенамен қамтамасыз ету

жасалатын болады. Жұмыс істеп тұрған барлық мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың инклюзивті білім алуы үшін жағдайлар жасалады.

Мектепке дейінгі ұйымдар жанындағы ата-аналардың консультациялық пункттерінің саны ұлғайтылады, оларды ғылыми және әдістемелік қолдау, оның ішінде оқыту онлайн курстары мен мобильді қосымшалар арқылы күшейтіледі. Бұл ретте ата-аналарды мектепке дейінгі ұйым қабырғасында баланы тәрбиелеу процесіне тұрақты және белсенді тарту тетіктері пысықталып, енгізіледі.

Түзету педагогикасы және инклюзивті практика орталығы әдістемелік сүйемелдеу деңгейін арттыру мақсатында авторлық оқу бағдарламаларын, оқу басылымдары мен оқу құралдарын әзірлейтін болады.

Балаларды МДТО-мен қамтудың қосымша және баламалы тетігі ретінде элеуметтік бала күтушілер институтын енгізу мәселесі пысықталатын болады.

Таңдау бойынша мектепке дейінгі ұйымның қызметтеріне ақы төлеу үшін қаржыландырудың ваучерлік тетігін енгізуді қоса алғанда, балабақшалар құрылысына жеке бизнесті тарту үшін қолдаудың жаңа нысандары әзірленетін болады. Жеке меншік МДҰ-да МДТО-ға мемлекеттік білім беру тапсырысын беруді Оқу-ағарту министрлігінің операторына жүктеу мәселесі пысықталатын болады.

2-параграф. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мазмұнды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі шеңберінде жаңғырту

Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың жаңа моделін іске асыру шеңберінде деңгейдің мақсаты БХСС-2011 (ЮНЕСКО, 2013 жыл) сәйкес сапалы түрде өзгертілетін болады. Яғни, баланың танымдық, физикалық, элеуметтік және эмоционалды дамуын қолдау және оны отбасылық жағдайдан бөлек ұйымдастырылған оқумен таныстыру үшін кешенді тәсіл қамтамасыз етіледі. Тәрбие мен оқыту баланың бастауыш мектепте оқуы және қоғамда элеуметтенуі үшін қажетті базалық өмірлік дағдыларын дамытуға бағытталатын болады. Мектепке дейінгі ұйымдарды оқу басылымдарымен және қосымша білім беру ресурстарымен, оның ішінде электрондық форматта жарактандыру жақсарады.

Мектепке дейінгі ұйымның өзінің тақырыптық даму бағытын іске асырудағы тиімділігін арттыру мақсатында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті кеңейтіледі және ұйымның педагогикалық кеңесіне авторлық бағдарламаларды әзірлеу және бекіту құқығы беріледі. Бұл ретте баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған кедергісіз даму ортасын, трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтарды құруға ерекше назар аударылатын болады.

Ұлттық және халықаралық тәжірибені, оның ішінде ЮНЕСКО ұсынымдары мен мектепке дейінгі білім беру сапасын жаһандық зерттеулердің талдауы негізінде "ұйымдастырылған оқу қызметі" ұғымының мазмұны және баланың дамуындағы режимдік сәттердің маңыздылығы қайта қаралатын болады. Оқу бағдарламаларының мазмұнын игеру үшін мектепалды даярлықтың тәрбиелік-оқыту рәсіміне оқытудың инновациялық ойын әдістері енгізіледі.

МДҰ-ны ғылыми-әдістемелік және әдіснамалық сүйемелдеуді жақсарту және МДТО педагогтерін қолдау, мамандардың мәртебесін арттыру мақсатында балаларды ерте дамыту институты жұмыс істейтін болады.

Зерттеулер негізінде алғаш рет МДТО сапасын тәуелсіз ұлттық бағалау жүйесі әзірленеді және енгізіледі. Жүйеде ұйымдастыру деңгейінде ғана емес (құрылым, МТБ, педагогтердің біліктілігі, оқу бағдарламасы), сонымен қатар процесс деңгейінде (педагогикалық қызмет, ойын уақыты, балалардың педагогпен және өзара өзара іс-қимылы, отбасын тарту) және түпкілікті нәтиже (ата-аналардың қанағаттануы, балалардың әл-ауқаты, балалардың когнитивті және когнитивті емес дағдылары, мектепке дайындығы) саланың сапалық параметрлерін ескеретін ECERS ерте балалық шақтағы қоршаған ортаның рейтингтік шәкілі пайдаланылатын болады.

Бала скринингінің, оның психологиялық-медициналық-педагогикалық диагностикасының және медициналық және мектепке дейінгі ұйымдар мамандарының байқауының деректері негізінде ЕБҚ ерте анықтау және түзету жүйесін құру мақсатында білім беру, әлеуметтік қорғау салаларының ақпараттық жүйелеріне және медициналық ақпараттық жүйеге интеграциялау және бірлесіп қол жеткізу тетіктері пысықталатын болады.

Мектепке дейінгі ұйымдарды IT-жарақтандыруға қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптарды қайта қарау және балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселелері пысықталатын болады.

3-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын көшбасшылық негізінде басқарудың тиімділігін арттыру

Кезекке қоюдың өңірлік ақпараттық жүйелеріне қойылатын талаптар, оның ішінде ҰБДҚ-мен интеграция, міндетті аудит, LMS, блокчейн, бірінші жылы ақпараттық жүйені өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жөніндегі провайдердің міндетін енгізу және аттестаттаудан өту арқылы біріздендіріліп, күшейтілетін болады. Интеграция МДҰ-ға түскен кезде балаға бүкіл білім беру траекториясы бойында оның бірегей цифрлық ізін сақтайтын әмбебап ID беруге мүмкіндік

береді. Композиттік мемлекеттік қызметте МДҰ-дан орын алу үшін кезекке қою белсенді емес, баланың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің қалауы бойынша жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру жүйесі халықтың МДТО-ға қажеттілігін есепке алудың өзгеруіне және ата-аналар үшін ваучерлердің енгізілуіне байланысты қайта қаралатын болады. Өңірлік көші-қон ағындары мен бала туу, аумақтық бөліністің (аудан, шағын аудан) демографиялық көрсеткіштерін болжамдау МДҰ-да мемлекеттік тапсырысты орналастыруды жоспарлаудың міндетті шарты болады.

Ваучерлерді енгізу қаражатты ата-анаға бекітуге және бәсекелестікті күшейтуге мүмкіндік береді, өйткені ата-аналар мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің ең қолайлы жеткізушісін таңдауға нақты мүмкіндік алады.

Көшбасшылық қағидаттарын жаппай енгізу МДҰ менеджментінің деңгейін арттырудың маңызды шарты болады. Зерттеулер жүргізу арқылы МДҰ-ны басқаруда айрықша жетістіктерге қол жеткізген МДТО саласындағы көшбасшылар-басқарушылар корпусы құрылады. Бұдан басқа, эмпирикалық зерттеулер негізінде әрбір өңірде қолданыстағы МДҰ-лардың базасында өсу нүктесі болатын құзырет орталықтары жұмыс жасайтын болады. Мүмкіндік болған жағдайда, осындай құзырет орталықтарының айналасында бірыңғай басқару орталығымен МДҰ-лардың альянстары құрылатын болады. МДҰ-лардың мұндай бірлестігі басқарушы көшбасшылардың озық тәжірибесін тұрақты негізде таратуға және мемлекеттік балабақшалар мен шағын орталықтардың практикасына енгізуге, сондай-ақ кадрлық және қаржылық ресурстарды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

4-тарау. Орта білім беру жүйесі арқылы саналы және жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру

1-параграф. Мектепте қолайлы жағдайлар мен оқу ортасын құру

Оқытудың қолайлы ортасын құрудың негізгі нысаналы көрсеткіштерінің бірі 2030 жылға қарай бір ауысымдық оқытуға көшу болады. Жаңа мектептер салу демографиялық және көші-қон көрсеткіштерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады. 2025 жылға дейін 1000 жаңа мектеп, оның ішінде МЖӘ тетігі, жеке меншік мектептерді ашу есебінен салынатын болады, бұл авариялық және үш ауысымды мектептер проблемаларын, контингенттің өсуін ескере отырып, оқушы орындарының тапшылығын шешуге мүмкіндік береді.

Құрылысқа арналған қаржыландыруды бөлу кезінде басымдық ғимараттардың табиғи тозуы, авариялығы, күрделі жөндеуге қажеттілік, үш

ауысымдылық, оқушы орындары тапшылығының болуы, халықтың табиғи өсуі мен көші-қоны болады.

Бір ауысымдық оқыту нысаны бар 2000 және 2500 орындық мектептердің үлгілік жобалары әзірленеді. Жоба бойынша оқу-тәрбие процесін сапалы жүргізу үшін бастауыш, негізгі және орта буынға арналған жеке блоктар қарастырылған.

Мектептерде білім алушыларға қолайлы және қауіпсіз жағдайларды жасау мақсатында "Жайлы мектеп" ұлттық пилоттық жобасы іске асырылады, оның шеңберінде оқушы орындарына тапшылықты қысқарту, мектеп кеңістігінің сыртқы түрі заманауи эстетикалық тартымды болатындай мектепті оқу жабдығының толық жинағымен және жиһазбен жабдықтау стандартын бекіту қарастырылған.

"Жайлы мектеп" ұлттық пилоттық жобасы шеңберінде МЖБС сәйкес 2025 жылдың соңына дейін бірыңғай заманауи құрылыс және тиісті жабдықтармен жарақтандыру жобалары бойынша кемінде 800 мың орындық мектеп салу көзделген.

Мектептерде мамандандырылған кабинеттер, заманауи жабдықтармен жабдықталған әмбебап шеберханалар, спорт залдары, кітап қоймасы, ресурстық орталық, медиатека және оқу залы бар кітапхана жұмыс істейтін болады.

Мектеп аумағында дене шынықтыру-спорт аймақтары, ашық ойындарға арналған алаңдар орналасатын болады.

Шағын елді мекендердің инфрақұрылымын жаңарту және балаларды қолдау мақсатында жылдам салынатын технологияларды қолдана отырып заманауи жабдықтармен жарақтандырылған 110 және 180 орындық ШЖМ салу бағдарламасы іске асырылатын болады, балалардың мектеп ғимаратында және оның аумағында ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйелері арқылы болуының қауіпсіз жағдайлары жасалатын болады.

Мектеп үй-жайларын кеңістікте ұтымды ету және оларды әр өңірде пайдалану тиімділігін арттыру жоспарлануда.

Кейіннен демографиялық толқынның бәсеңдеуін ескере отырып, мектептер тірек ауылдық елді мекендер мен аудан орталықтарындағы негізгі қоғамдық аймақтар ретінде жобаланатын болады.

ЖАО балаларға қолайлы жағдай жасау мақсатында барлық мектептер ауыз судың базалық көздерімен, бөлек ең аз жабдықталған дәретханалармен және қол жууға арналған базалық құралдармен қамтамасыз етілетін болады. Сондай-ақ мектептердің барлық ғимараттары компьютерлермен жабдықталады (1:5 есебінен), интернетке қосылу жылдамдығы 50 МГб/сек-тен төмен емес және шектеусіз трафик болады. Барлық мектептерде қазақстандық өндірістің жабдықтарын қолдана отырып, сымсыз оқу желілері орналастырылатын болады.

Білім беру жүйесінің күтпеген және төтенше жағдайларға тұрақтылығын арттыру, қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ету мақсатында цифрлық қолжетімділігі төмен өңірлерден бастап мектептерді компьютерлік техникамен жарақтандыру жалғастырылады.

Оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге арналған бұлтты білім беру ресурстары (бейнематериалдар, оқыту ойындары, онлайн-тесттер, сабақ сценарийлері және т.б.) үнемі жаңартылып отырады. Қашықтан оқыту форматтары үшін ақпараттық жүйелердің сапасы артады.

Цифрлық білім беру ортасы дәстүрлі баламасымен бірге, қажет болған жағдайда оны толықтырып, мұғалім мен оқушылар арасындағы коммуникацияның және кері байланыстың жаңа арналарына қолжетімділікті аша отырып, жұмыс істейтін болады.

Тегін курстар, цифрлық дағдыларды дамыту бойынша оқушыларға арналған жазғы лагерьлер ұйымдастырылады: кодтау, бағдарламалау, робототехника, 3D басып шығару және басқалар. Робототехника кабинеттері қажетті құралдармен жабдықталады (lego mindstorms ev3, Arduino және т.б.).

Мектептерді цифрлық білімге жаппай қосу ата-аналар мен білім алушылардың қашықтан оқыту форматын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қашықтан оқыту білім беру сапасын бақылауды қамтамасыз ете отырып, оқытудың ықтимал форматының бір бөлігі ретінде одан әрі дамытылады және нормативтік құқықтық қамтамасыз етіледі.

ЦБР-ға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға білім беру сапасын арттыруға бағытталған "Цифрлық мұғалім" жобасы іске қосылады. Білім беруді дараландыру үшін әрбір баланың қажеттіліктерін ескере отырып, қолданыстағы ақпараттық жүйе шеңберінде "Цифрлық портфель" дамытылады, ол сапалы онлайн-білім беру контентіне қол жеткізуге жол ашатын болады.

Барлық мектеп пәндері бойынша бұлтты жүйені қолдана отырып, біртіндеп оқуға көшу, білім беру мазмұнына ашық қол жеткізу жоспарланған. Бұлттық жүйе цифрландырылған оқу материалдарын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, LMS платформаларын және басқа да цифрлық ресурстарды қамтитын болады.

Оқушының оқу жетістіктері және ол туралы барлық ақпарат әрбір білім алушының ID-не байланыстырылады. Педагогтердің кәсіби деңгейін көрсететін материалдарды жинақтау, сақтау үшін электрондық портфолио құру жоспарланған.

ҰБДҚ цифрлық трансформацияның негізіне айналады, ол білім алушылардың даму траекториясын қадағалауға, олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып оқуын талдауға және болжауға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесін сапалы

мониторингтеуді және икемді басқаруды қамтамасыз ету үшін білім берудің барлық ақпараттық жүйелерін ҰБДҚ-мен интеграциялау қамтамасыз етіледі.

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға өткен мектептерде қолданыстағы штат шеңберінде жүйелік әкімші лауазымы енгізілуі мүмкін. Бұл лауазымды басқа мектептерде енгізу мәселесі қосымша пысықталатын болады.

Интеграцияланған деректер базасы қазақстандықтардың, ең алдымен, балалардың негізгі көші-қон ағындарын қадағалауға мүмкіндік береді. Ағындарды талдау білім беру жүйесіне жүктемені болжауға және туындаған қажеттіліктерді қанағаттандыруға қаржы ағындарын нақты бағыттауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, көші-қон ағындары елдің урбандалу үрдісін көрнекі бақылауға және мемлекеттік саясаттың басқа салаларына (денсаулық сақтау, қоғамдық қауіпсіздік, еңбек нарығы және т.б.) жүктемені болжауға мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарында білім беру процесін автоматтандыру арқылы парасаттылық қағидаттарын енгізу, оның ішінде "бір терезе" қағидаты бойынша білім алушыларға қызметтер көрсету және оқуға түсу және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу кезінде ашықтықты қамтамасыз ету жалғасады.

2-параграф. Орта білім мазмұнын жаңғырту

Орта білім берудің мазмұны академиялық білімді, функционалдық сауаттылықты дамытуға, кең ауқымды жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталатын болады.

"НЗМ" ДБҰ тәжірибесін еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне тарату жалғастырылады. Білім беру саласындағы педагогтердің біліктілігін арттыру мен менеджментті ұйымдастыру, педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін оқыту, жалпы білім беретін мектептердің білім алушылары мен мұғалімдері үшін онлайн сабақтар мен семинарларды трансляциялау арқылы тәжірибені тарату бойынша тұтас шаралар кешені жүзеге асырылатын болады.

БІ. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы ғылыми зерттеу институттарымен, педагогикалық жоғары оқу орындарымен бірлесіп ұзақ мерзімді ғылыми қолданбалы зерттеулер жүргізу және Қазақстанның білім беру жүйесін ғылыми-әдіснамалық сүйемелдеу, мониторингтеу, талдау және бағалау үшін тораптық орталық құрады.

Пәндер бойынша оқу бағдарламаларын оқыту мақсаттары арқылы іске асырылатын оқу, математикалық, жаратылыстану-ғылыми, цифрлық сауаттылықты дамыту үшін зерттеу, практикалық және шығармашылық тапсырма-жинақтары базасы, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған оқулықтар мен оқу құралдары, зертханалық жұмыстар жинақтары, виртуалды зертханалар, математикалық модельдеуге арналған

симуляциялар, математикалық есептерді орындау процестері туралы оқыту бейнересурстары әзірленетін болады.

"Сабақты зерттеу" және "іс-әрекеттегі зерттеу" арқылы мектептерде оқыту және білім беру тәжірибесі жақсаратын болады.

Халықаралық ұйымдармен (ЮНИСЕФ және т. б.) бірлесіп қажетті қолдау көрсету үшін оқу пәндері бойынша білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды зерттеу жүргізіледі және білімді толықтыру бойынша шаралар қабылданады.

Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (бұдан әрі – ББЖМ), аттестация және профилактикалық бақылау арқылы білім беру сапасына жүйелі мониторинг жүргізетін болады.

Жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары білім беру сапасындағы алшақтықтың себептерін өңірлік зерттеуге бастама жасайды. Сонымен қатар білім беру сапасын жақсарту бойынша шаралар қабылданатын болады.

Қазақ және орыс тілдерін жақсы меңгерген балаларды тәрбиелеу бойынша кешенді шаралар қабылданады.

Әр сыныпты бітірген соң барлық білім алушылардың мемлекеттік тілді білуіне бақылау жүргізілетін болады.

"Қазақ әдебиеті" пәні бойынша оқу бағдарламалары мен оқулықтарын жетілдіру үшін бірқатар шаралар қабылданатын болады. Жыл сайын қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің съезі өткізіледі, ол республика деңгейінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы проблемалық мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді. Республика, сондай-ақ облыстар мен қалалар деңгейінде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің қауымдастығы құрылатын болады. Балалардың жас ерекшеліктерін, оқу мақсаттарын ескере отырып, оқу бағдарламалары, балаларды қазақ тілінің грамматикасына оқытуға көзқарас, лексикалық минимум, сондай-ақ "Қазақ әдебиеті" пәні шеңберінде оқытылатын шығармалар тізбесі қайта қаралатын болады. Бүгінгі таңда зерттелген жұмыстардың көп бөлігін құрайтын социалистік реализм шығармаларының орнына қазіргі заманғы шығармалар оқуға ұсынылады. Мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету және тәжірибе алмасу үшін цифрлық контенті, педагогтердің, сондай-ақ "Үздік педагог" республикалық конкурсының жеңімпаздары бар бірыңғай портал құрылады. Педагогтер мен білім алушылар "Оқуға құштар мектеп" жобасына белсенді түрде тартылатын болады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, демалыс уақытында оқуға ұсынылатын шығармалар тізімі жасалады. Мәдениет және

спорт министрлігімен, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп интернет желісінде қазақ тілінде ұсынылатын контент (балалар мультфильмдері, аниме, фильмдер және т.б.) қайта қаралатын болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде білім алушылардың қалауы, білім беру ұйымдары мен педагогтердің дайындығы бойынша "Физика", "Химия", "Биология", "Информатика" оқу пәндерін ағылшын тілінде оқыту жалғастырылатын болады. "Физика", "Химия", "Биология", "Информатика" пәндері бойынша педагогтерді ағылшын тілінде тиімді әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін менторлық институты кеңейтілетін болады.

Математика, тілдер және информатика сияқты басым пәндерге ерекше назар аударылады. Жоғары сыныптарда жаратылыстану-математикалық цикл және ағылшын тілі пәндерінің қарқындылығын және оқыту сапасын күшейту шаралары қабылданады.

2024 жылдан бастап 12 жылдық орта білім беруге кезең-кезеңмен көшу жоспарлануда.

12 жылдық мектептің мазмұны тез өзгертін және жоғары технологиялық әлемде өмір сүретін техносфералық адамның ерекшеліктерін ескеретін тұлғалық-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдемелері, құндылықтар жүйесі, сондай-ақ 12 жылдық білім беруді дамытудың заманауи трендтері негізінде анықталады.

12 жылдық мектептің МЖБС-да ғылыми негізделген пәндік және метапәндік құзыреттерді, жеке қасиеттер көрсеткіштерін және икемді дағдыларды қамтитын орта білім берудің әрбір деңгейі үшін түлек моделі айқындалатын болады.

Қазіргі заманғы мектеп, білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары білім алушылардың бойында ХХІ ғасырдың икемді дағдыларын дамытуға бағытталады. Осындай дағдылардың кең ауқымына ие орта мектеп түлегі ынталы болады, әмбебап құзыреттілікке, бейімделу, ұжымдық жұмыс және сыни ойлау дағдыларына ие болады, өз жұмысында жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланады, оның ішінде "Жаһандық құзыреттіліктер" курсы арқылы технологиялық өзгерістерге және жұмысқа орналасуға дайын болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде оқыту бағыттарының кең таңдауы мен вариативтілігі, бейінді оқыту қамтамасыз етілетін болады. Пәндер бойынша баламалы оқу бағдарламалары, баламалы оқу жоспарлары, сонымен бірге оқулықтар әзірленетін болады.

Орта білім берудің бейіндік деңгейі дәстүрлімен қатар "технология" бейінін қамтиды, мұнда STEM-оқыту нақты қолданбалы міндеттерді шешу үшін жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін, технологиялар мен инженерияны бірыңғай оқыту жүйесіне біріктіруді білдіреді. Ерте бейіндік дайындықты іске асыру ТжКБ және ЖОО ұйымдарымен бірлескен жұмысты көздейді.

7 – 9-сыныптарда "Информатика" пәні бойынша оқушыларға бағдарламалау тілін таңдау мүмкіндігі беріледі (C/C++, Python, Delphi, Lazarus).

Оқулықтардың сапасын қамтамасыз ету жұмыстары жалғастырылады.

Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының (бұдан әрі – РҒПБМСО) базасында оқу басылымдарының сарапшыларын оқыту іске асырылатын болады, оның нәтижесі оқытылған және сертификатталған сарапшылар қатарынан қалыптасқан және толықтырылатын сарапшылар базасы, үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау және оқулықтарды апробациялау болады, оқу процесіне енгізілген оқулықтардың сапасына мониторинг жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша оқулықтар мен ОӘК тізбесінен алып тастау немесе оларды одан әрі қайта басып шығару туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Оқу әдебиеті сарапшыларының жалақысын арттыру мәселесі пысықталатын болады.

Оқулықтардың, ОӘК-нің, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының сапасын бағалау жөніндегі сарапшылардың ғылыми-әдістемелік әлеуетін арттыруға бағытталған шаралар кешені қабылданатын болады.

Оқулықтарға сараптама жүргізуге жоғары оқу орындарының бейінді кафедралары, ғылыми ұйымдар, педагогтердің кәсіби қауымдастықтары тартылатын болады.

Оқулық басылымдарын сараптауды перспективалық жоспарлау жүйесі енгізілетін болады (3-5 жыл және одан көп).

2024 жылы оқулық басылымдарын сараптау нәтижелерін апелляциялау рәсімі енгізілетін болады.

Электронды платформа арқылы оқу әдебиеттерін, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын сараптау рәсімдерінің тиімділігі мен ашықтығы қамтамасыз етіледі.

Бастауыш мектепке арналған балама оқулықтарды және ұсынылған оқулықтарды таңдауда орта білім беру ұйымдары педагогтерінің артықшылықтарын оңтайлы ескеруге мүмкіндік беретін тетікті енгізу арқылы оқулықты таңдау мүмкіндігін кеңейту жоспарлануда.

Арнайы (түзету) білім беру ұйымдары үшін оқу басылымдарының, сыртқы тасығыштарда да, қашықтан да қолжетімді қазіргі заманғы электрондық оқулықтар мен ОӘК санын ұлғайту басым міндеттер болып табылады.

РҒПБМСО-ның үйлестіруімен авторлар, авторлық ұжымдар, баспа мамандары және халық арасында оқулықтар мен ОӘК сапасы, оларды жетілдіру бойынша тиімді өзара іс-қимыл жасалатын болады. Ірі баспалардың, жоғары оқу орындарының, инновациялық мектептердің, ғылыми-зерттеу институттарының (бұдан әрі – ҒЗИ) және пән педагогтерінің қоғамдық бірлестіктерінің белсенді

қатысуымен отандық оқулықтану теориясы мен практикасы саласындағы сарапшылар қауымдастығының әлеуетін арттыру жөніндегі іс-шаралар өткізілетін болады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде " оқулықтану" мамандары даярланады.

Мектептегі білім беру бағдарламаларына оқушылардың эмоциялық, физикалық және ментальды әл-ауқатының негізі болатын тұрақты дамудың, шығармашылық сананың, салауатты психоэмоциялық дамудың компоненттері енгізіледі.

Оқушылардың ойлау дағдыларын қарапайым деңгейден (білу, түсіну, қолдану) жоғары деңгейге дейін (талдау, синтездеу, бағалау) қалыптастыру, пәнаралық байланыстарды барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін " өтпелі тақырыптардың" болуы маңызды болады.

Оқушылар мен студенттерді экологиялық тәрбиелеу, олардың қоршаған ортаны қорғау туралы білім деңгейін арттыру және экологиялық құндылықтарды дарыту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

3-параграф. Өңірлер, қала және ауыл арасындағы орта білім сапасындағы алшақтықты азайту

Алынған деректер негізінде мектепте оқыту мен білім беру сапасын арттыру үшін ауылдық мектептердің, оның ішінде шағын жинақты мектептердің ЭЫДҰ PBTS (PISA-based Test for Schools) халықаралық зерттеуіне қатысуы жоспарлануда. Жобаның мақсаты – жеке мектеп деңгейінде сыртқы бағалау жүргізу. PBTS зерттеуі 15 жастағы оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалауға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың академиялық үлгеріміне әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған. Осылайша, өңірлік білім басқармалары, мектеп директорлары оқушылардың білім деңгейі, олардың әлеуметтік-эмоциялық дағдылары, мектеп климаты, сондай-ақ әр нақты мектептегі әсер ету факторлары туралы егжей-тегжейлі мәліметтер алады. Бұл проблемалық сұрақтарды шешу үшін нақты шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ зерттеуге қатысқан мектептер оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған әдістемелік материалдар мен қатысушы елдер мектептерінің тәжірибелері жарияланатын жоба қатысушыларының жаһандық платформасына қолжетімділік алады. Зерттеу қорытындысы бойынша әрбір мектеп PISA зерттеуіне қатысқан еліміздің және әлемнің басқа мектептерімен салыстырғанда 15 жастағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейі туралы жеке талдамалық есеп алады.

Білім сапасы бойынша қала мен ауыл арасындағы алшақтықты азайту мақсатында, әсіресе, оқушылардың үлгерімі төмен өңірлердегі ауыл мектептері мен халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балаларды қолдау тетіктері

әзірленетін болады. Ол үшін білім беру жүйесіндегі бизнес пен "НЗМ" ДБҰ-ның бастамашыл жобаларын қамтитын ауыл мектептерін дамытудың өңірлік бағдарламалары әзірленетін болады.

Басқа өңірлерден үлгерімі төмен өңірлерге білікті мұғалімдерді тарту үшін ЖАО мұғалімдерге 3-5 жылдан кейін жекешелендіруге болатын қызметтік пәтерлер, сондай-ақ уақытша тұру үшін жатақхана бере алады.

Білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігін және білім беру қызметтерінің сапасын арттыру, басшылардың кәсіби әлеуеті мен басқарушылық тәжірибесін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау енгізіледі. Ротация бір білім беру ұйымында 4 немесе 7 жылдан астам жұмыс істеген басшылар үшін жүргізілетін болады.

ШЖМ мұғалімдері үшін мамандандырылған білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, оның ішінде біріктірілген сыныптардағы жұмысқа қатысты көп көңіл бөлінетін болады. Бұл major/minor (кәсіби цикл плюс қосымша профиль) және double major (қосарланған бағдарламалар) бағдарламаларының кең дамуымен қамтамасыз етіледі.

Көпшілігі оқытуды мемлекеттік тілде жүргізетін ШЖМ жұмысын жақсарту үшін бірнеше ШЖМ біріктіретін "Тірек мектеп – магниттік мектеп" бірыңғай білім беру кешені құрылатын болады.

Халықаралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелері айғақтайтын мемлекеттік және орыс тілдерінде білім алушылар арасындағы білім көрсеткіштеріндегі алшақтықты қысқарту үшін қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін оқулықтардың сапасын арттыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады (қазақ тіліндегі оқулықтарды бастапқы әзірлеу, орыс тілінен аудармау). Еркін қол жеткізу үшін сапалы оқу материалы әзірленетін болады. Жаратылыстану-математикалық цикл педагогтерінің, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жүйесі жақсарады. Негізгі назар педагогтердің пәндік құзыреттеріне және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістемесіне аударылады.

Халықаралық салыстырмалы зерттеулер құралдарын аудару мен бейімдеу сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Білім саласындағы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында білім алушылар үшін жазғы мектептердің жұмыс істеуі дамитын болады, ол оқу жылы аяқталғаннан кейін 1 ай ішінде жыл сайынғы негізде жүргізілетін болады. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру жөніндегі шаралар жүйесін жоспарлау және іске асыру алгоритмі жетілдірілетін болады.

Ауылда білім беру сапасын жақсарту үшін 2025 жылға қарай 5 мың мектепке, бұл ауыл мектептерінің 95 %-ына жаңғырту жүргізу жоспарлануда. Ауыл мектептерін жаңғырту күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізуді, мектептерді

пәндік кабинеттермен, мектеп жиһазымен жарақтандыруды, мектеп кітапханалары мен асханаларын жаңғыртуды, жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуді, сондай-ақ балалар үшін қауіпсіз және жайлы жағдайларды қамтиды. Сонымен бірге "Орта білім беруді жаңғырту" жобасы шеңберінде 100-ден астам ауылдық жалпы білім беретін тірек мектептер пәндік кабинеттермен қамтамасыз етіледі.

ШЖМ оқушыларын сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсатында "Мобильді мұғалім" және "Нәтижелілігі төмен мектептерге мықты мектептердің қамқорлығы" жобалары енгізу мәселелері пысықталады, сондай-ақ пилоттық жобаның қорытындысы бойынша "Қамқор жанұя" жобасы кеңейтілетін болады.

"Мобильді мұғалім" жобасы тәжірибелі мұғалімге бірнеше елді мекендердің ШЖМ көшпелі сипаттағы педагогикалық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мықты мектептердің мұғалімдері қамқорлық шеңберінде консультациялар өткізеді, сабақтарды бірлесіп жоспарлауды, мұғалімнің практикасын, сабақтарды зерттеуді, нәтижелілігі төмен мектеп оқушыларының ғылыми жобаларына басшылықты жүзеге асырады. "Қамқор жанұя" жобасы шалғай елді мекендердегі балаларға интернатта емес, толық жинақталған мектептерде оқуға мүмкіндік береді.

Тұрғындар саны аз елді мекендерде тұратын балаларды оқытуға арналған интернаттар желісін дамыту жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Білім беру ұйымдарындағы интернаттарды жаңғырту, оларда болу жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу жоспарлануда.

"Қамқор жанұя" жобасы (тірек мектеп орналасқан елді мекенде оқушылардың отбасында тұруы) маңызды шара болмақ. Осы жоба аясында баланың "уақытша отбасында" өмір сүруіне оңтайлы, жайлы жағдайлар жасалады, балаларға психологиялық жайлылық, отбасылық жайлылық қамтамасыз етіледі.

Ауыл балаларын қосымша білім берумен, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы қамту кеңейтіледі.

Білім алушылардың білім сапасы мәселесін шешу үшін педагогикалық жоғары оқу орындарының жоғары курс студенттері тартылатын болады. Студенттер білім алушыларға, оның ішінде онлайн-форматта да меңгеруде қиындық туғызатын тақырыптар бойынша көмек көрсетеді (репетиторлық қызмет).

Студенттерді өздері жүзеге асыратын әлеуметтік бағытталған, қоғамдық пайдалы қызметі және репетиторлығы үшін ынталандыру мақсатында көтермелеу шаралары қабылданатын болады.

Оқу процесінде онлайн-платформаларды, ЦБР-ды пайдалану кеңінен дамитын болады. Еліміздің үздік педагогтері, "Үздік педагог" республикалық

конкурсының жеңімпаздары ауыл мұғалімдері үшін озық тәжірибені онлайн форматта таратады, мектеп оқушылары үшін консультациялар өткізеді.

Осылайша, министрлік ЖАО-мен, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ШЖМ-ді қолдау, қалалық және ауылдық мектептердегі білім алушылардың мүмкіндіктерін теңестіру және білім жетістіктеріндегі алшақтықты азайту жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

Үздіксіз білім беру тұжырымдамасы негізінде білім алушылардың формальды, формальды емес және информальды білім алуын тану қамтамасыз етілетін болады.

4-параграф. Дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау жөніндегі жұмысты жетілдіру

Дарынды балаларды қолдау мақсатында жоғары оқу орындарына конкурстан тыс түсу үшін гранттар ұсыну, сондай-ақ біржолғы ақшалай сыйлықақылар төлеу арқылы халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін көтермелеу тетігі әзірленуде. Бекітілген тізбеге енгізілген халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері мемлекеттік марапаттауға ие болады.

Ауылдық жерлерде тұратын дарынды балаларды, сондай-ақ аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларды анықтау жүйесін енгізу және олардың әрқайсысы үшін қабілеттерін қолдау және дамыту бойынша жеке жол картасын құру жөніндегі жол картасын іске асыру жалғасатын болады. Ауылдан келген оқушыларға арналған "Мың бала" ұлттық олимпиадасы жалғасып, жеңімпаздар әрі қарай мамандандырылған оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие болады.

Ауылдық жерлердегі дарынды балаларды анықтау және қолдау мақсатында балаларды әртүрлі деңгейдегі олимпиадалық тапсырмаларды шешуге үйрету үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізу жоспарлануда.

Зияткерлік олимпиадаларды, ғылыми жобалар жарыстарын өткізу үшін дарынды және талантты балалардың бірыңғай базасын құруға мүмкіндік беретін көпфункционалды платформа құрылады.

Технопарк, STEAM, ART-студияларды, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша зертханаларды, бейіндік ауысымдарды өткізу үшін бизнес-инкубаторларды, әртүрлі деңгейдегі пәндік олимпиадаларға дайындық бойынша оқу-жаттығу жиындарын қамтитын "Daryn-Space" ұлттық хабын құру мәселесі пысықталады.

Ғылыми зерттеулер шеңберінде дарынды және ынталы білім алушыларды сүйемелдеудің кешенді бағдарламасы әзірленеді, ол педагогтер мен психологтарға дарынды оқушыларды анықтау және қолдау бойынша

психологиялық-педагогикалық әдістемелерді бейімдеуге мүмкіндік береді. Мамандандырылған мектептердің пән мұғалімдері қауымдастығы жекелеген пәндерді тереңдетіп оқыту бағдарламаларын, сондай-ақ элективті курстар бағдарламаларын әзірлейтін болады. Ауылдық жерлердегі педагогтер үшін олимпиадалық тапсырмаларды шешу, сондай-ақ жобалау және зерттеу қызметінің ерекшеліктері бойынша оқыту семинарлары өткізілетін болады.

Заңнамаға зияткерлік олимпиадаларды, ғылыми жарыстар мен шығармашылық конкурстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша өзгерістер енгізілетін болады. Ғылыми жобалар бойынша жарыстарға ерекше назар аударылатын болады, жобалау-зерттеу қызметіне баса назар аударылады, осылайша осы бағыттағы озық отандық әдістемелерді (НЗМ, БИЛ) тарату көзделген. Сондай-ақ жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданы өткізу қағидаларына мынадай өзгерістер енгізілетін болады: егер бұрын 9 – 11 сынып оқушылары қатыса алса, пәндік олимпиадаларға қатысу мүмкіндігі 2-сыныптан бастап берілетін болады.

Информатика пәні бойынша олимпиадалар республикалық деңгейде әр түрлі бөлімдер бойынша өтеді. Мысалы, АКТ, графика, дизайн, мәліметтер базасы, логика, ақпарат теориясы, есептеу техникасының тарихы, робототехника және т.б.

5-параграф. Инклюзивті және арнайы білім беруді дамыту

Орта білім беру ұйымдарында сапалы және қолжетімді білім беруді қамтамасыз ететін әдістемелік, кадрлық және басқа да ресурстарды қоса алғанда, эргономикалық негізде инклюзивті білім беру ортасы құрылатын болады.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтер (пән мұғалімдері, педагогтер, педагог-ассистенттер және басқалар) үшін біліктілік талаптарын жаңарту "Педагог" кәсіби стандарты негізінде жүзеге асырылатын болады.

ПМПК және ППТК кабинеттерінің қызметін күшейту мақсатында оларды орналастыру нормалары пысықталатын болады. ППТК және ПМПК желісі кеңейтіледі. ЖАО ПМПК-ны ашуды 50 мың балаға 1 (қазіргі уақытта – 60 мың) есебінен жүзеге асырылатын болады.

Денсаулығы әртүрлі бұзылған балаларды ерте анықтау және түзету көмегінің тұтас жүйесі құрылады, ППТК және ОО үшін балаларды ерте дамыту жөніндегі бағдарлама әзірленеді және бекітіледі.

ЕБҚ бар балаларды жұмысқа орналастыру үшін білім алушыларды ерте кәсіптік бағдарлау және еңбекке даярлаудың жол картасы әзірленеді және іске асырылады.

Инклюзивтік білім берудің үздіксіз жүйесінің моделі (балабақша, мектеп, колледж, ЖОО), ЕБҚ бар білім алушыларды ерте кәсіптік бағдарлау, кәсіпке дейінгі және кәсіптік даярлау бағдарламалары әзірленетін болады.

Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ғылыми-әдіснамалық сүйемелдеудің үйлестіруші орталығы Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы болады.

ЕБҚ бағалау негізінде білім алушыларды әртүрлі деңгейдегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тұжырымдамасының пайымы әзірленіп, енгізілетін болады.

Мектептерге тиімді оқу-әдістемелік қолдау көрсету мақсатында білім беру ортасында ЕБҚ ескеретін оқытудың әмбебап дизайны қамтамасыз етіледі.

ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесіне сәйкес "ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар (тұлғалар)" ұғымы кеңейтіледі.

6-параграф. Орта білім беруді басқару және қаржыландыру

Басқару

Білім беру жүйесінің барлық буындарындағы коммуникациялар мен басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында өңірлерде білім беру жүйесін басқарудың жана моделі жетілдіріледі.

Орта білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру үшін қамқоршылық кеңестерді дамыту және оларды мектепті дамыту стратегиясын қалыптастыруға, кадр және қаржы мәселелерін шешуге тартуды жандандыру жалғастырылады.

Білім беру ұйымдары "Ашық бюджеттер" жобасын қолдайтын болады, олардың сайттарында тиісті ақпарат қолжетімді болады.

Білім алушылардың ата-аналар қоғамдастығы алдындағы білім беру жетістіктерінің қорытындылары бойынша онлайн-режимде қоғамдық тыңдаулар жалғасады. Ата-аналардың, жұртшылықтың, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен "Мектеп өмірінің бір күні" жобасын іске асыру жоспарлануда.

Өз саласындағы көшбасшылар қатарынан басқарушылардың кадрлық резерві қалыптастырылатын болады.

Менеджерлерді білім беруде жүйелі даярлау халықаралық деңгейде танылған бизнес-мектептермен бірлесіп әзірленген көшбасшылық және басқарушылық құзыреттерді дамыту жөніндегі дараланған бағдарламалар (Executive Master of School Management, EMSM) арқылы жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар орта білім беру ұйымдары директорларының, директорларының орынбасарларының кадрлық резервін қалыптастыру жүзеге асырылатын болады.

Заңнамалық деңгейде оқушылар сарайларын, музыка мектептерін, мемлекеттік балабақшаларды, қосымша білім беру ұйымдарын жеке секторға беруді болдырмайтын шектеулер белгіленетін болады.

Білім алушылардың жетістіктері, орта білім беру ұйымын басқару тиімділігі негізінде ұйым директорларына сараланған еңбекақы төленетін болады.

Өңірлік және республикалық деңгейлерде іске асырылатын барлық белгіленген шаралардың тиімділігін бағалау білім беру жүйесінің жыл сайынғы мониторингі және Ұлттық баяндаманы жариялау негізінде жүзеге асырылатын болады. Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы ұлттық баяндаманы дайындау білім беру саласындағы саясатты жүйелі деңгейде бағалау тетігі ретінде әрекет етуді жалғастырады.

Білім алушыларды даярлау мазмұны мен сапасының аккредиттеуші органдар белгілеген стандарттарға сәйкестігіне халықаралық аккредиттеу сараптамасы енгізіледі.

Қазақстандық орта білім беру мазмұнының әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестігін растау мақсатында ерікті негізде мектептер мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу жүргізілетін болады.

Мектептерді аккредиттеу мектептерде жоғары білікті білім беру қызметтерін алуға кепілдік береді.

Аккредиттеу тетігі білім берудегі менеджментті жетілдіруге, білім беру ұйымдары басшыларының басқарушылық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталады.

Мектеп жұмыс істеп тұрған ауылдың болжамды контингентін, өміршеңдігін (перспективасын) ескере отырып, жұмыс істеп тұрған әрбір ШМЖ бойынша мұқият талдау жүргізу жоспарлануда,

Талдау қорытындысы бойынша ШЖМ-де білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында ШЖМ-ді толық жинақталған мектептерге (тірек/ресурстық мектеп) бекіту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Қаржыландыру

Білім беруге жеке инвестициялардың көлемін ұлғайту үшін жеке инвесторларды тарту тетігі қайта қаралады, оның ішінде жан басына шаққандағы қаржыландыру құрылымын жетілдіру және оны қолдануды кеңейту, нормативтік-құқықтық база жетілдіріледі және білім беру мекемелерінің эндаумент-қорларын құру практикасы кеңейтіледі. Сонымен қатар мемлекеттің қолдауымен мемлекеттік және жеке ұйымдар дамитын болады. Білім беру инфрақұрылымына инвестициялардың қаржылық тартымдылығын арттыру үшін жаңа инвестициялық құралдарды қолдану зерделенеді және сынақтан өткізіледі.

Ата-аналардың таңдауы бойынша мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарының қызметтеріне ақы төлеу үшін қаржыландырудың ваучерлік тетігін

енгізуді қоса алғанда, балабақшалар, мектептер және басқа да білім беру объектілерін салуға жеке бизнесті тарту үшін қолдаудың жаңа нысандары әзірленетін болады.

Жалпы, орта білім беру үшін жан басына шаққандағы нормативтің құрылымын қайта қарау процесі ұзақ мерзімді сипатқа ие болады.

2023 жылдан бастап толық ауыл мектептері жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға кезең-кезеңімен көшіріледі. Бұл үшін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер бейімделетін болады.

2020 жылы жеке мектептерді қаржыландыруды ЖАО-дан білім беру саласындағы уәкілетті органға беруді көздейтін білім беруді қаржыландыруды орталықтандырудың бірінші кезеңі жүзеге асырылды.

Болашақта жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік қала мектептерін қаржыландыруды ЖАО-дан Оқу-ағарту министрлігіне беру мәселесі пысықталатын болады.

Орталықтандыру кезінде жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде қаржыландыру Оқу-ағарту министрлігі арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте күтіп-ұстауға, жөндеуге, құрылысқа арналған шығыстарды және өзге де шығыстарды (жан басына шаққандағы нормативтен тыс) ЖАО қаржыландырады.

Орталықтандырудың келесі кезеңдерінде мектепке дейінгі ұйымдардың, ТжКБ кадрларын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысының және ауыл мектептерінің, оның ішінде тірек/ресурстық мектептердің көшуі қарастырылатын болады.

Қаржыландыруды орталықтандыру саясаты әділетсіз қаржыландыруды жою, бюджет қаражатын (трансферттерді) мақсатсыз пайдалану, толық қаржыландырмау тәуекелдерін барынша азайту және бүкіл ел бойынша шығыстарды теңестіру қажеттілігімен негізделген, бұл білім беру сапасындағы алшақтықты азайту үшін алғышарттар жасайды.

"Әлеуметтік әмиян" жобасы шеңберінде жеке білім беру ваучерлерін және баланың оқуына, оның ішінде мектептен тыс оқуына мемлекеттің ұсынатын барлық қаражатын жинақтайтын бірыңғай білім беру есебін енгізу жоспарлануда.

Жалпы бұл білім беру саласындағы қаржы ағындарының ашықтығын, бөлінетін білім беру ваучерлерін дербестендіру есебінен білім беруге арналған бюджет қаражатын тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқушы орындарының тапшылығын шешу үшін демографиялық өсу мен урбанизацияны ескере отырып, МЖӘ тетігі арқылы мектептер салу жоспарлануда. Бұл ретте орта білім беру саласындағы МЖӘ қолданыстағы заңнамаға сәйкес негізгі параметрлер бойынша жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламалық МЖӘ мақсаты ЖАО-мен және Оқу-ағарту министрлігімен келісілген Жол картасына сәйкес үш ауысымда оқитын және тығыздалған мектептер мәселесін шешу, оқушылар орнының тапшылығын азайту болып табылады.

Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген талаптарға сәйкес институционалдық схема қарастырылады.

Осы мақсат аясында ЖАО-ның, оператор мен жеке серіктестің ресурстарын біріктіру, оқушылар үшін орта білімнің қолжетімділігі мен сапалық сипаттамаларын арттыру, инвесторлар мен жеке компанияларды тарту бойынша міндеттер іске асырылатын болады.

Мемлекеттік қолдау шарасы МЖӘ лимиті шеңберінде МЖӘ жобасын қоса қаржыландыру және жан басына шаққандағы қаржыландыруды төлеу болып табылады.

Жеке әріптесті анықтау, сараптама өткізу, және МЖӘ шартын жасасу тәртібі мен рәсімдері, мектептің жобалық қуатының минималды шегі заңнамада белгіленген тәртіпте бекітіледі.

5-тарау. Жастарды оқуға және еңбек нарығына интеграциялау

1-параграф. Техникалық және кәсіптік білімге сапалы және кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету

ТжКБ-ға сапалы және кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін тегін ТжКБ-мен қамтуды кеңейту жалғастырылады. Осы міндет шеңберінде ниет білдірген 9-сынып түлектерін сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін ТжКБ-мен қамтуға кезең-кезеңімен көшу жоспарлануда.

ТжКБ ұйымдарына қабылдау форматын жетілдіру көзделеді. WorldSkills жеңімпаздарына жоғары оқу орындарына (2024 – 2025 жж.) гранттар алуға мүмкіндік беру мәселесі пысықталатын болады. Медициналық, педагогикалық мамандықтар бойынша оқуға түсушілер үшін шекті балл белгіленеді.

Сондай-ақ "ақша-студентке" қағидатын ескере отырып, қабылдау бойынша нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жоспарлануда, бұл кадрларды даярлау сапасын арттыруға әсер етеді.

Жаңа тетік бойынша талапкерлер ТжКБ ұйымдары мен мамандықтарды өздері тандайды. Бұл мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру рәсімінің қолжетімділігін, айқындығын, ашықтығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ ТжКБ ұйымдары арасында бәсекелестікті күшейтеді.

Жастарды ТжКБ жүйесіне тарту үшін кәсіптік диагностика, кәсіптік сынамалар жүргізу және профессиограммалармен таныстыру арқылы оқушылар арасында кәсіптік бағдарлау жұмысы күшейтілетін болады. Осы мақсатта ТжКБ

ұйымдарында кәсіптік бағдар және мансап орталықтары, мектептерде кәсіптік бағдар кабинеттері құрылады және кәсіптік бағдар беру бойынша мамандарды оқыту ұйымдастырылады. Кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүргізу кезінде ақпараттық жүйе және кәсіптік бағдарлау мен мансаптың, оның ішінде Қазақстанның жана кәсіптерінің атласы негізінде мобильді қосымшасы қолданылады.

ТжКБ ұйымдары тең мүмкіндіктер аумағына айналады. ЕБҚ бар адамдар үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасады. Негізгі міндет – әртүрлі мүгедектігі бар, кәсіптердің кең спектрі бойынша кәсіби білім алған түлектер өз жұмыстарын мүгедектіксіз түлектер сияқты тиімді орындайтынын жұмыс берушілерге көрсету. 2022 жылы ТжКБ-ның 55 %-ында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау, ал 2025 жылға қарай барлық мемлекеттік ТжКБ ұйымдарында жағдай жасау жоспарлануда.

Abilympics қозғалысын кәсіптік бағдарлау және инклюзивті білім беруді дамыту құралы ретінде дамыту шеңберінде "Атамекен" ҰҚП-мен, жұмыс берушілермен бірлесіп ЕБҚ бар адамдарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу үшін жұмыс жүргізілетін болады.

Жаңа кәсіптер атласының құзыреттерін ескере отырып, WorldSkills, ZhasSkills және Abilympics қозғалысын одан әрі дамыту жоспарлануда.

WorldSkills Kazakhstan чемпионаттарын ұйымдастыру мен өткізу жүйесін жетілдіру және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында WorldSkills Kazakhstan 30 халықаралық сарапшыларының біліктілігін арттыру үшін WorldSkills International, WorldSkills Europe, WorldSkills Asia-мен өзара іс-қимылды кеңейту бойынша жұмыс жалғастырылады.

Еліміздің ұлттық құрамасын WorldSkills халықаралық чемпионаттарына сапалы дайындау үшін серіктес демеушілер мен ТжКБ ұйымдары базасында "спортшыларды олимпиадаға дайындау" қағидаты бойынша жаттығу лагерьлері ұйымдастырылатын болады. Жыл сайын WorldSkills өңірлік және республикалық чемпионатын өткізу үшін құзыреттер тізбесі кеңейтілетін болады.

ТжКБ жүйесіне WorldSkills әдістемесін енгізу үшін WorldSkills стандарттарын оқу процесіне енгізу, жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу, кәсіптік бағдар беру, педагогтерді курстық оқыту, WorldSkills талаптары бойынша демонстрациялық емтихан өткізу кезінде ТжКБ ұйымдарын әдіснамалық қолдау және сүйемелдеу бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

ТжКБ ұйымдарының үздік студенттерін анықтау және ынталандыру мақсатында "Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті"

жобасын іске асыру жалғасады, сонымен бірге жобаның барлық қатысушы-түлектеріне демеушілер қаражаты есебінен алғашқы жұмыс орнына жолдама беру қарастырылады.

2-параграф. Техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңғырту және сапасын арттыру

ТЖКБ кадрларын даярлауда икемділікті қамтамасыз ету үшін ТЖКБ ұйымдарына жұмыс берушілермен бірлесіп білім беру мазмұны мен оқу мерзімдерін айқындауда академиялық дербестік берілетін болады. Бұл ТЖКБ ұйымдарына жұмыс берушілермен бірлесіп МЖБС негізінде кәсіптік стандарттарды, WorldSkills стандарттарын және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын айқындауға, оқу уақытының мерзімдерін, көлемін айқындауға және қажет болған жағдайда қосымша пәндерді (кәсіптік модульдерді) енгізуге мүмкіндік береді.

Нәтижесінде білім беру бағдарламалары жастарға қажетті біліктіліктерді алуға және қысқа мерзімде жұмысқа орналасуға, ал қажет болған жағдайда қайтып оралуға және қосымша басқа да біліктіліктерді алуға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламаларын және олардың сапасын есепке алудың бірыңғай ақпараттық ортасын қалыптастыру мақсатында білім беру саласындағы ақпараттандыру объектісінде орналастырылатын және жүргізілетін білім беру бағдарламаларының тізілімі жасалатын болады.

Білім беру бағдарламалары тізілімге енгізілуі үшін тәуелсіз сарапшылар мен білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау жөніндегі индустриялық кеңестің сараптамасынан өтеді. Осылайша, білім беру бағдарламаларын сараптау еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін бағдарламаларды іріктеуге мүмкіндік береді.

Бұл тәсілдің тиімділігі Аустралия, АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея, Жапония, Ұлыбритания және Финляндия сияқты дамыған елдердің тәжірибесімен расталады.

Академиялық дербестік шеңберіндегі осы шаралар ТЖКБ ұйымдарына өндірістегі технологиялық өзгерістерге және еңбек нарығының сұраныстарына неғұрлым икемді және жедел бейімделуге мүмкіндік береді, осылайша жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді, бұл нәтижесінде білім беру сапасын жақсартады.

ТЖКБ ұйымдарында білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықты қалыптастыру мақсатында оқу орнына, нысаны мен мерзіміне қарамастан, оқудың бүкіл кезеңі ішінде оқу нәтижелерін бағалау, растау және тану арқылы

жинақтауға және ауыстыруға мүмкіндік беретін нәтижелерге бағдарланған кәсіптік білім беру мен оқыту үшін еуропалық кредиттік технология енгізілетін және бейімделетін болады.

Кредиттік технология студенттерге кредиттердің қажетті көлемін құзыреттердің әртүрлі деңгейіне жинақтау арқылы оқыту траекториясын өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте формальды және формальды емес алынған оқыту нәтижелері (сертификаттар) ескерілетін болады. Бұл оқу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану жүйесін құру үшін "оқыту нәтижелерінің каталогы" ("конструктор" қағидаты бойынша) қалыптастырылатын болады.

Бұл каталог белгілі бір біліктілік шеңберінде оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді оқытудың және тәуелсіз бағалаудың бірыңғай құралы болады.

Жұмыс берушілер мен Жаңа кәсіптер атласының талаптарын ескере отырып, ТжКБ мамандықтар мен біліктіліктер сыныптауышын өзектілендіру жалғасады.

Жаңа технологиялардың дамуына сәйкес білім беру мазмұнын жаңарту арқылы мамандықтар мен біліктіліктер бойынша оқулықтарды әзірлеу жұмыстары жалғасады. Бұл жұмыс бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктермен бірлесе отырып жүргізілетін болады. Оқулықтарды әзірлеу үшін білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілердің сарапшыларын тарта отырып, авторлық топтар құру, оқулықтардың мазмұнын сараптау және бағалау, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді ұйымдастыру үшін мемлекеттік тілде оқулықтарды басып шығару сияқты шаралар қабылданатын болады.

3-параграф. Шарттарды жаңарту және жұмыс берушілерді техникалық және кәсіптік білім беруге тарту

ЖАО мемлекеттік ТжКБ ұйымдарын қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандыру бөлігінде МТБ-ны нығайту жөніндегі жұмысты жалғастырады.

ТжКБ ұйымдарында арнайы пәндерді оқыту үшін өндірістен мамандар тартылатын болады. Бұл ретте "Атамекен" ҰКП жанындағы тәлімгерлер мектебі тәлімгерлерді өндірістен педагогикалық дағдыларға оқытуды жалғастырады.

Сонымен қатар студенттерді арнайы пәндер бойынша даярлау және өндірістік оқыту сапасын жақсарту үшін кәсіпорындар базасында педагогтерді тағылымдамадан өткізу тетігі пысықталатын болады.

Студенттерді сапалы даярлауда еңбек нарығының талаптарына сәйкес кадрлар даярлау сапасын арттыруға жәрдемдесетін республикалық кеңестің, салалық және өңірлік кеңестердің қызметі маңызды мәнге ие болады.

Сондай-ақ әлеуметтік әріптестерді, жұмыс берушілерді кеңінен тарта отырып, индустриялық кеңестердің қызметі қамтамасыз етілетін болады. ТжКБ ұйымдары мен кәсіпорындардың ынтымақтастығы туралы шарттар жасай отырып, бизнестің оқу орындарына қамқорлығы дамиды. ТжКБ ұйымдарын дамытудың басым бағыттары мәселелері бойынша қамқоршылық кеңестердің рөлі күшейтіледі. Кәсіпорындар WorldSkills жарыстарын өткізуге, білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік дағдылар негіздерін оқытуға, жастарды белсенді өмір салтына тартуға, сондай-ақ түлектерді одан әрі жұмысқа орналастыруға белсенді қатысады.

Жұмыс берушінің және түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша ТжКБ-ның ортақ жауапкершілігін нормативтік құқықтық актілерде ескеру қажет, бұл ТжКБ ұйымдары түлектерін жұмысқа орналастыруды ғана емес, бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін де қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Түлектерді жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру туралы шынайы және толық ақпарат алу үшін мүдделі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау бойынша жұмыс басталды.

Еңбек нарығын кадрларды сапалы даярлаумен қамтамасыз ету үшін Өңірлік кәсіптер атласы іске асырылады, ол жеке өңір мысалында болашағы бар және талап етілетін кәсіптер бойынша кадрларға қажеттікті болжаудың тетіктерін жүзеге асыруды қарастырады.

Кадрларды даярлаудың желілік нысанын дамыту шаралары қабылданады.

Кадрларды даярлаудың желілік нысаны жұмыс берушілердің салалық қауымдастығы, кәсіпорындар, бейінді ЖОО мен ТжКБ ұйымдары арасында желілік өзара іс-қимыл жасау туралы шарт негізінде іске асырылады.

Кадрларды даярлаудың желілік нысаны арқылы білім беру бағдарламаларын іске асыру өзара іс-қимыл жасаушылардың арасында теориялық даярлауды, өндірістік тәжірибені және (немесе) оқу практикасын, зертханалық, практикалық сабақтарды өткізу бөлігінде жауапкершілікті бөлуді қарастырады.

Сабақтың нысандары мен түрлерін тараптардың мүмкіндіктеріне және оқу бағдарламаларын іске асырудың сапалы жағдайларын қамтамасыз ету талаптарына сәйкес аталған ұйымдар өздері анықтайды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және "Атамекен" ҰКП-мен бірлесіп ұлттық біліктілік жүйесін одан әрі дамыту жалғастырылатын болады.

4-параграф. Қаржылық орнықтылықты арттыру және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын нысаналы қолдау

ТжКБ жүйесінде халықаралық талаптарға (стандарттарға) сәйкес ТжКБ кадрларын даярлауды жан басына шаққандағы қаржыландырудың сараланған нормативін енгізу мәселесі пысықталатын болады.

"Жас маман" жобасы шеңберінде жарактандырылған ТжКБ ұйымдары жанынан мамандық бейіні бойынша кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, WorldSkills чемпионаттарына қатысушыларды даярлау, оқушылар үшін кәсіби сынамалар өткізу, түлектер мен мамандарды сертификаттау жүйесі жөніндегі бағдарламаларды іске асыру үшін құзыреттілік орталықтары құрылатын болады.

Сондай-ақ салалар бойынша құзыреттілік орталықтарын құру нарық тетіктері арқылы ұйым қызметінің тиімділігін арттырады. ТжКБ ұйымдарының өз қаражаты есебінен шағын инновациялық кәсіпорындар құру арқылы ТжКБ ұйымдарын коммерцияландыру дамитын болады, оның ішінде ауыл ТжКБ ұйымдарын дамыту мақсатында болады. ТжКБ ұйымдары ақылы негізде қызметтер көрсетеді және оқу-өндірістік шеберханаларда, шаруашылықтарда, оқу полигондарында шығарылатын тауарларды өткізетін болады.

Ол үшін мемлекеттік ТжКБ ұйымдарының ұйымдық-құқықтық нысанын мемлекеттік кәсіпорындарға өзгерту бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Практика кезінде студенттер өндіретін өнімді өткізу өндірістік оқыту сапасын да, кадрларды даярлау сапасын да арттыру үшін ынталандыру болады.

Ауылдық ТжКБ ұйымдарының қолдау үшін қолданыстағы инфрақұрылымды тиімді пайдалану үшін "Мектеп-колледж" кешендерін құруды, ТжКБ ұйымдарын дамыту үшін оқу шаруашылықтары мен шағын кәсіпорындарды (егістіктер, фермалар, жылыжайлар және т. б.) дамытуды, студенттер мен педагогтердің өңірлік ұтқырлығы (ауыл-қала) және кадрларды даярлау сапасын жақсарту үшін оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері ретінде ауыл шаруашылығы саласының мамандарын тарту шаралары қабылданатын болады.

5-параграф. Техникалық және кәсіптік білім беруді цифрландыру

Ақпараттық білім беру орталары мен жүйелерінің жұмыс істеуіне, құрылуына және дамуына бірыңғай тәсілді белгілеуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелерге қойылатын бірыңғай талаптар әзірленетін болады.

Ақпараттық жүйелерді енгізу педагогтер мен білім алушылардың қабылдаудан бастап бітіруге дейінгі қолжетімділігін қамтамасыз етуге, атап айтқанда талапкерлерді қабылдауға, білім беру контентіне қол жеткізуге, онлайн кестені қалыптастыруға, электрондық журналды жүргізуге, тапсырмаларды тексеру мен бағалар қоюға, бейнеконференция режимінде оқу сабақтарын

өткізуге, тестілеу мен емтихандарды онлайн өткізуге, виртуалды симуляторларды пайдалануға және электрондық дипломдарды беруге бағытталатын болады.

2025 жылға қарай барлық мемлекеттік ТЖКБ ұйымдарында оқытудың бірыңғай автоматтандырылған процесі үшін жағдайлар жасалады. Педагогтер мен студенттердің цифрлық білім беру технологияларына кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін ТЖКБ ұйымдарының ІТ инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде оқу аудиторияларын оқытудың мультимедиялық және интерактивті құралдарымен жарақтандыру, компьютерлік техника паркін жаңарту, сондай-ақ интернеттің байланыс арналарының өткізу жылдамдығын жақсарту бойынша шаралар қабылданатын болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша міндетті модульді енгізе отырып, білім беру бағдарламаларын жаңартуды ТЖКБ ұйымдары жүзеге асыратын болады.

Оқыту нысандары мен оқыту курстарына қарамастан ТЖКБ ұйымдарында қашықтан оқытуды пайдалана отырып, кадрларды сапалы даярлау бойынша жұмыс жалғастырылады. Бұл ретте қашықтан оқыту нысанында рұқсат етілетін мамандықтар тізбесін ТЖКБ ұйымдары дербес айқындайтын болады.

Оқу процесін цифрлық контентпен және электрондық ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында үздік педагогтерді тарта отырып, жаңа білім беру және әдістемелік ресурстармен толықтырылатын ЦБР каталогын қалыптастыру жоспарлануда.

Өзекті цифрлық технологияларды енгізу мақсатында ТЖКБ ұйымдары базасында ІТ бағыттар бойынша құзыреттілік орталықтары құрылатын болады. WorldSkills қозғалысы шеңберінде ІТ құзыреттіліктері бойынша чемпионаттар өткізу арқылы білім алушылардың практикалық цифрлық дағдыларын жетілдіру бойынша жұмыс жалғасады.

6-тарау. "Білім экономикасы" үшін жоғары білікті кадрлар даярлау

1-параграф. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қолжетімділікті кеңейту

Бүгінде жаңа болмыс жағдайларында халықтың барлық санаттары үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қол жеткізуді қамтамасыз етудің тұтас тәсілдерін тұжырымдау қажет.

Еліміздің жоғары оқу орындарында білім алу үшін іріктеу құралы ретінде ҰБТ-ны жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Тест тапсырмаларын қалыптастыруға және нәтижелерді талдауға психометриялық тәсілдерді пайдалана отырып, тестілеудің стандартталған форматына көшу жүзеге

асырылатын болады. Тест тапсырмалары жоғары деңгейдегі дағдыларды: ақпаратты қолдану, рефлексітеу, кеңейту, бағалау және талдау дағдыларын бағалайтын болады. Бұл ретте дарынды жастардың кетуін азайту және ел ішінде жоғары білім алуға қол жеткізуін кеңейту мақсатында SAT, ACT және IB халықаралық стандартталған тестілерінің балдары енгізілген шәкілге сәйкес ҰБТ балдарына ауыстырылатын болады.

Сонымен қатар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға қолжетімділікті кеңейту мақсатында 2025 жылға дейін гранттар саны 50 %-ға артады. Нәтижесінде 75 мыңнан астам жас қазақстандық мемлекеттік қолдауға ие болады.

ҰБТ нәтижесіне және басқа көрсеткіштерге қарай білім беру гранттарының жүйесіне әртараптандыруды (30-дан 100 %-ға дейін) енгізу арқылы гранттың бағасы қайта қаралады.

Оқыту сапасын, студенттердің өздерінің жауапкершілігін және жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестікті арттыру мақсатында заңнамалық деңгейде оқыту үшін көзделген қаражатты (білім беру гранты) студенттің арнайы білім беру шотына аудару бойынша нормалар көзделетін болады.

Техникалық бағыттарға гранттар саны артады. Елдің жетекші жоғары оқу орындарына білім беру ретінде халқы тығыз орналасқан өңірлерден және алшақтығы үлкен өңірлерден түсушілер үшін даярлаудың техникалық бағыттары бойынша нысаналы гранттар бөлінетін болады.

Заманауи оқу бағдарламаларын әзірлеуді қарастыратын және тиісті қаржыны бөле отырып, су саласына қажетті мамандарды даярлайтын базалық ЖОО анықталады.

Білім беру жетістіктерінің деңгейі мен әлеуметтік санатын ескере отырып, мемлекеттік гранттарды беру моделін жетілдіру мәселесі пысықталатын болады. Сондай-ақ мамандандырылған және әскерилендірілген ұйымдардың қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлердің балалары үшін жоғары оқу орындары мен ТжКБ ұйымдарында тегін оқуға гранттар берілетін болады.

ЖОО-да оқуды төлеудің жылына 2-3 %-бен ұзақ мерзімді жеңілдетілген кредит алу мүмкіндігін ұсыну жоспарлануда.

"Болашақ" бағдарламасы шеңберінде техникалық кадрларды, оның ішінде ресейлік техникалық жоғары оқу орындарында даярлау басымдығы қамтамасыз етіледі.

Аудиториялық орындардың жетіспеушілігін қысқарту мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқу корпусарын салу қамтамасыз етіледі.

Студенттік жатақханаларда тұруға орын тапшылығын азайту мақсатында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Үшінші

элеуметтік бастамасы аясында студенттерге арналған жатақхана салу жоспарлануда және "АМАНАТ" партиясының "Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!" сайлауалды бағдарламасын іске асыру бойынша Жол картасы, оның ішінде жеке инвесторлардың қаражатын тарту арқылы жүзеге асады. Осы мақсатқа жету үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ЖАО мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға беру құқығын Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен сауда-саттық (конкурстар, аукциондар) өткізбей береді.

2026 жылға дейін 50 мың жаңа төсек-орын енгізу жоспарлануда. Халықтың элеуметтік осал санатынан шыққан басқа қаладан келген студенттердің тұру шығындарын субсидиялау мүмкіндігі қарастырылады. Басқа қаладан келген студенттерді жатақхана орындарымен қамтамасыз ету жеке меншік ЖОО-ға мемлекеттік қаржыландыру беру өлшемшарттарының бірі болады.

Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін ЖОО-мен және құрылыс компанияларымен МЖӘ тетіктері жетілдіріледі. Студенттерді жатақханаларда орынмен қамтамасыз етуге орналастыратын мемлекеттік тапсырыстың мөлшері мен оны төлеу мерзімдері құрылыс материалдары нарығында құндардың өзгермелілігіне байланысты қайта қарастырылады.

2025 жылға қарай студенттерге стипендиялар мөлшерін 2 есе, магистранттар мен докторанттарға 1,5 еседен астам ұлғайту көзделген. ЖОО мен ҒЗИ интеграциялау шеңберінде ҒЗИ базасында магистрлер мен PhD докторларын даярлау жалғастырылатын болады.

2-параграф. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мазмұнын жаңғырту және бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Жалпы мамандарды даярлау жүйесі озық кадрлық қамтамасыз ету моделіне көшеді.

Оның басты міндеті – өңірлік және салалық бөліністе жаңа кәсіптерге сұраныс пен адами ресурстардың ұсыныстарын тиімді ұштастыруды қамтамасыз ету.

Ол үшін мемлекеттің, бизнес пен білім берудің кадрларды алдын ала даярлау бойынша күш-жігері жинақталатын болады. Алгоритмге:

- 1) кадрларға сұранысты болжаудың заманауи форсайт әдістері;
- 2) біліктілік талаптарын анықтау;
- 3) жаңа буын мамандарын оқыту кіреді.

Бұл модельді құрудағы негізгі буын университеттер болады. Күш-жігерді шоғырландыру үшін елдің әрбір өңірі мен саласы үшін жетекші жоғары оқу орны айқындалатын болады.

Жаңа кәсіптер атласын құруда жақсы тәжірибе бар, оның шеңберінде кадрларды озық даярлау бойынша өңірлік стандарттарды әзірлеу жалғастырылатын болады. Бұл халықтың табысын арттыруға бағытталған "Мамандығым – болашағым" бағдарламасын іске қосуға мүмкіндік береді.

Осы жоба шеңберінде өңірлер кадрларға ағымдағы және перспективалық қажеттілікті анықтап қана қоймай, таяудағы онжылдыққа арналған мамандар даярлаудың стандарттары мен бағдарламаларын да айқындайтын болады. Осылайша, жоғары оқу орындары неғұрлым маңызды салаларды дамытуда кадрлық сүйемелдеудің драйверлеріне айналады.

EASA халықаралық талаптарына сәйкес әуе саласы үшін кадрлық әлеуетті құру өзекті мәселе болып табылады. Ол үшін Азаматтық авиация академиясының базасында жазғы техникалық және инженерлік бағыттар бойынша кадрларды даярлау күшейтіледі.

ЖОО білім беруді реформалаудың маңызды аспектісі Назарбаев Университетінің тәжірибесін қазақстандық ЖОО-ға тарату рәсімі болады.

ECTS қағидаттарын оқу процесіне одан әрі енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және "ЖОО түлегі моделін" жетілдіру негізгі құзыреттер мен еңбек нарығының жаңа сын-қатерлерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

Инновациялық білім беру бағдарламалары еңбек нарығын форсайт-зерттеу және жаңа мамандықтарға қажеттілікті болжау негізінде әзірленетін болады. Жоғары білім берудің мазмұны шетелдік әріптестермен бірлесіп пәнаралық және жаһандық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бағдарланатын болады. Осындай бағдарламалар бойынша оқыту нәтижелері халықаралық кәсіби сертификаттаудан өтуге мүмкіндік береді.

Бизнес өкілдері мен жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тарту, сондай-ақ білім беру процесін ғылыми қызметпен интеграциялау жалғасады.

ЖОО цифрлық экожүйесі бар "smart-университеттер" моделіне көшеді. Басым міндет кітапханалар мен олардың жүйелерін цифрлық трансформациялау, жалпы үдерісте (Open University, Coursera, Edx және т.б.) ашық білім беру платформаларын пайдалану, бизнес-процестерді цифрлық форматқа көшіру болады. Цифрлық құзыреттер барлық білім беру және кәсіптік стандарттардың, сондай-ақ оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу кезінде ПОҚ үшін міндетті элемент болады.

Білім беру бағдарламалары кодтау дағдыларын дамытуды ескере отырып, кадрларды даярлауға, жобалау, әкімшілендіру және тестілеу саласында жаңа дағдыларға бағытталатын болады. Сонымен қатар цифрлық трансформация және

4.0 Индустрияға көшу шеңберінде енгізілетін технологиялық трендтерді (жасанды интеллект, Blockchain, BigData және Internet-of-Things, киберқауіпсіздік) ескеру қажет.

Жұмыс берушілердің қатысуымен қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау жөніндегі инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыстары жалғасады.

Студенттерді қазақ тіліндегі оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету мақсатында базалық және бейіндік пәндер бойынша заманауи оқу әдебиеттерін әзірлеу және басып шығару жұмыстары жалғасады. Әзірленген оқу әдебиеттері ЖОО-ның кітапхана қорын қазақ тіліндегі кітаптармен толықтырады және жалпыға қолжетімділік үшін ЖОО электрондық ресурстарында орналастырылады. 2025 жылға дейін мемлекеттік тілде 80 оқулық әзірленетін болады.

ЖОО-ны бітіргенге дейін жұмыс тәжірибесін алу және түлектерді жұмысқа орналастыру сапасын арттыру мақсатында практикаға бағдарланған, оның ішінде жұмыс берушілер базасында оқыту мүмкіндіктері кеңейтілетін болады.

Формальды емес және информальды оқыту нәтижелерін тану процесін нормативтік қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Формальды білім беру шеңберінде білім алушылар қосымша микробіліктілік немесе нанодәреже ("nano-degrees") алатын болады. Кредиттік (жинақтаушы) оқыту жүйесінің тәжірибесіне негізделген және жаңа құзыреттер мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретін ересек халықты өмір бойы оқытудың моделі жасалатын болады. Оқытудың инновациялық технологияларын енгізу, атап айтқанда ПОҚ-тың қысқа мерзімді жаппай ашық онлайн-курстардан өтуі, инновациялық педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістемелерін пайдалану , сондай-ақ білім беру бағдарламаларын жаңғырту жалғастырылады.

Университеттер өз түлектерін қолдауға арналған "апгрейд" орталықтарын құруға бағдарланатын болады. Мәселен, қалыптасқан мамандар өз білімдерін жаңартып, "Alma mater" жоғары оқу орындарында кәсіби дамуға баса назар аудара алады.

Студенттер мен ЖОО қызметкерлерінің эмоционалдық әл-ауқатын сақтау, ЖОО-лардың қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалын жасау және білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында психологиялық қызметтер жетілдірілетін болады. ЖОО-да бірінші кезекте студенттердің мүдделері мен қажеттіліктерін ескеретін физикалық және виртуалды кеңістік құру қажет.

ЖОО-да инклюзивті білім беруге жағдай жасалады. Мүмкіндіктері шектелген , сонымен бірге денсаулық жағдайына байланысты білім алушыларға қажетті ресурстар беруге және оларды қолдауға ғана емес, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, оқыту гендеріне, тіліне (шетелдік студенттер) және т. б. байланысты

қолдауға назар аудара отырып, инклюзивті білім беру қамтамасыз етілетін болады.

Қазақстандық ЖОО білім алушыларының жаһандық академиялық қоғамдастыққа ұтқырлық бағдарламалары арқылы толыққанды қатысуы үшін көптілді оқытуды енгізу жалғастырылатын болады.

ЖОО арасында салауатты бәсекелестікке ынталандыруды арттыру үшін төрт лига бойынша саралау жоспарлануда: бірінші лига – халықаралық, екінші лига – ұлттық, үшінші лига – өңірлік, төртінші лига – салалық деңгейде бәсекеге қабілетті.

Әлеуетке және даму серпініне сәйкес ЖОО-лар бір лигадан екіншісіне ауысатын болады. Лигалардағы ұстанымына қарай ЖОО-ларға академиялық, басқарушылық еркіндіктің әртүрлі деңгейлері және білім беру гранттарының түрлері берілетін болады. Сондай-ақ ЖОО-лар сыртқы бақылаудың әртүрлі түрлерінен босатылатын болады.

ЖОО-лардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру ғылыми-зерттеу экожүйесін қалыптастыруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және цифрлық трансформацияға бағытталған жобаларды іске асыру арқылы жүзеге асырылатын болады. Толық академиялық және басқарушылық дербестігі және Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша әлемдік деңгейдегі кампустары бар 2 озық өңірлік ЖОО құрылатын болады.

Өңірлердің зияткерлік әлеуеті мен академиялық экожүйесін дамыту үшін 15 өңірлік және 5 педагогикалық жоғары оқу орнының базасында академиялық артықшылық орталықтары құрылатын болады.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетін ғылым, бизнес және өндіріс интеграциясын қамтамасыз ететін зерттеу университетіне трансформациялау жалғасады.

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті әлемдік деңгейдегі индустриялық университет болып қайта құрылады.

3-параграф. Жоғары оқу орындарында басқару жүйесін жетілдіру

Басқару жүйесін дамытудың маңызды элементі әлемнің барлық жетекші университеттерінде экономикалық ынталандыру шараларымен қатар ғылым мен ғылыми инфрақұрылымды тұрақты қаржыландырудың негізі болып табылатын ЖОО жанындағы эндаумент-қорларды дамыту болады.

Жұмыс берушілердің, бизнес-құрылымдар, кәсіби және қоғамдық бірлестіктер, өңірлік әкімдіктер өкілдерінің ЖОО-лардың директорлар кеңестеріне қатысуын кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Корпоративтік басқару құралдарының бірі басқарушылық шешімдер қабылдауда тікелей және басты кезең болатын алқалы басқару болып табылады. Тәуекел-менеджмент функциялары жоғары оқу орындарының стратегиялық және операциялық міндеттерін іске асыру негізіне айналады.

Адами ресурстар мен таланттарды басқару бойынша жоғары оқу орындарының институционалдық саясатын құру маңызды. ЖОО-ларды басқару саласында жас талантты мамандар мен менеджерлер үшін кең мансаптық перспективалар құрылатын болады.

ЖОО халықаралық стандарттарға сәйкес лауазымдардың жаңа жүйесіне көшу , штаттық кестенің жаңа моделі, ПОҚ-тың біліктілігін арттыру бойынша жұмысты жалғастырады.

4-параграф. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді интернационалдандыру

Жоғары және ЖОО-дан кейінгі білімнің тартымдылығын арттыру және қазақстандық ЖОО-ны халықаралық білім беру кеңістігінде орнықтыру мақсатында оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасауды (инфрақұрылым, гранттар, стипендиялар және т. б.), ақпараттандыру тетіктерін, студенттік визаны алуды оңайлатуды қамтитын интернационалдандыру стратегиясын іске асыру жалғасатын болады.

Интернационалдандырудың тағы бір маңызды аспектісі "үйде интернационалдандыру" болып табылады, яғни студенттердің мәдениет аралық құзыреттерін және олардың халықаралық мәнмәтінде ойлау және қызмет ету қабілетін арттыруға мүмкіндік беретін білім беру ортасы мен мазмұнын интернационалдандыру.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының экспорттық мүмкіндіктерін кеңейту үшін шетелде филиалдар ашу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Дарынды шетелдік жастарды тарту үшін стипендиялық бағдарламаны іске асыру жалғасады.

Өңірдегі елдің көшбасшылығы күшейтілетін болады. Жоғары білім берудің бірыңғай Орталық Азия кеңістігін құру жөніндегі жұмыс жалғастырылады. ПОҚ пен қызметкерлердің Орталық Азия шегінде тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру, бірлескен магистрлік дәрежелер мен ғылыми жобалар жоспарлануда. Академиялық және мәдени тәжірибе, озық практикалар алмасуды және өзара оқытуды жүзеге асыру мақсатында Орталық Азия елдерінің ЖОО Альянсы мен студенттер Альянсы құрылатын болады. Сондай-ақ Орталық Азия елдерінің жоғары білім беру жүйесін дамыту жөніндегі аса маңызды міндеттерді

айқындау үшін жыл сайынғы ректорлар форумдары өткізілетін болады. 2022 жылы Қазақстан ТМД елдерінің білім беру саласындағы ынтымақтастық кеңесіне төрағалық етеді.

2025 жылға дейін Қазақстан аумағында беделді шетелдік ЖОО-ның кемінде 5 филиалы мен өкілдігін, оның ішінде батыс өңірлерде техникалық бейінді ЖОО-ның екі филиалын ашу жоспарлануда. Бұл басқару жүйесін трансформациялауға және білім беру мазмұны мен оқу процесіне әлемдік білім беру стандарттарын енгізуге мүмкіндік береді.

ЖОО-ға шетелдік оқытушылар мен шетелдік студенттерді тарту бойынша жұмыс жалғастырылады. Сондай-ақ студенттер мен ЖОО ПОҚ-тың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының екі дипломдық және жаһандық бағдарламасын одан әрі дамыту жоспарлануда. Тұтастай алғанда, бұл дарынды жастардың кетуін қысқартуға мүмкіндік береді.

Шетелдік студенттердің консультациялар алуы үшін алаң ұйымдастыру мақсатында "Study in Kazakhstan" онлайн-порталы енгізілетін болады.

Осы шараларды іске асыру шетелдік студенттердің үлесін ұлғайтуға, жыл сайын сабақ өткізуге H-Index жоғары 10 шетелдік ғалымды тартуға, педагогикалық зерттеулер бойынша шетелдік ғылыми тағылымдамадан өткен ПОҚ үлесін ПОҚ штаттық құрамының жалпы санының кемінде 15 %-ына дейін арттыруға, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының халықаралық аккредитациясын алуға мүмкіндік береді.

7-тарау. Білім беру сапасын жүйелі деңгейде қамтамасыз ету

Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі жоғары академиялық сапаға қол жеткізуді мақсат етеді және үш құрамдас бөліктен тұрады: сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі, сапаны сыртқы қамтамасыз ету жүйесі, сапаны қамтамасыз ету жүйесін басқару және реттеу тетіктері.

1-параграф. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі

МДТО деңгейінде білім беру ұйымдары баламалы дамытушы және вариативті жеке бейімделген бағдарламаларды ұсыну, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін қолдану арқылы оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз ететін болады.

Орта білім беру деңгейінде сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі оқыту нәтижелерін өлшемшарттық бағалауға, мектепшілік бақылауды ұйымдастыруға және өзін-өзі бағалауды жүргізуге негізделген.

Қазақстанның өлшемшарттық бағалауға көшуін ЭЫДҰ сарапшылары жалпы білім беру жүйесін жаңғырту жолындағы оң қадам деп санайды. Сонымен бірге, білім алушыларды бағалауға деген көзқарас айтарлықтай жиынтықтаушы болып қалады. Қалыптастырушы, ынталандырушы және шабыттандырушы функцияларды орындайтын қалыптастырушы бағалаудың рөлін қайта қарау; қалыптастырушы бағаларды білім алушылардың қорытынды балдарына қосу, қалыптастырушы бағалау рәсімдері мен құралдарына, модерацияға және бағалау құралдары мен рәсімдерін жетілдіруге бағытталған басқа да рәсімдерге жеткілікті назар аудару қажет.

Осыған байланысты өлшемшарттық бағалау жүйесін дамыту және әрбір педагогтің кәсіби дамуы бойынша олардың бағалау дағдыларын жетілдіру тұрғысынан одан әрі қадамдар айқындалатын болады.

Оқулықтар мен әдістемелік құралдарда өлшемшарттық бағалау құралдарының: үздік әлемдік практикаларға сәйкес қалыптастырушы және жиынтық тапсырмалардың; қолжетімді және өлшенетін өлшемшарттардың, айқын және бір мәнді дескрипторлардың ұсынылуына ерекше назар аударылатын болады.

Оқыту процесінің сапасын арттыру және білім алушыларда да, педагогтерде де орын алған проблемаларды зерделеу мақсатында мектепішілік бақылау күшейтілетін болады. Сабақты бақылау, зерттеу және талдау оқыту процесін жақсарту, педагогтің кәсіби өсуі мен дамуы, сондай-ақ білім алушылардың білім сапасын арттыру үшін негіз болып табылады.

Білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізетін болады, оған талдаудан, ішкі бақылау мен диагностикадан басқа, стратегиялық жоспарлау құралдары, білім беру қызметінің түзету тетіктерінің жүйелі процесі кіреді.

ТЖКБ деңгейінде WorldSkills тәсілдері бойынша студенттерді қорытынды бағалаудың жаңа жүйесі енгізіледі. Көрсетілетін емтихан біліктілік емтихандарының бір түрі болып табылады, бұл ретте шынайы қызметтерді және өндірістік процестерді WorldSkills талаптарына (стандарттарына) сәйкес модельдеу жағдайында көрсету рәсімін және тәуелсіз сарапшының түлектің практикалық дағдыларын, білім деңгейін бағалауды қарастырады.

Көрсетілетін емтиханнан өткен түлектер халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес өз біліктілігін растайтын құжат (Skills-паспорт, сертификат) алады. Құжатта әртүрлі құзыретті меңгеру деңгейі көрсетіледі, бұл әлеуетті жұмыс берушілер арасында бағаланып, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі сапаны қамтамасыз ету қағидаттарына негізделеді.

Жоғары оқу орындарына сапаны қамтамасыз ету саласында әзірленген саясаттың болуы жеткіліксіз, сонымен қатар ESG сәйкес сапаны қамтамасыз етудің ішкі стандарттарын қабылдау, сондай-ақ ұлттық басымдықтарды, ерекшеліктерді, жоғары білім беру жүйесі шешетін міндеттерді ескеру қажет.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінде оның барлық процестері мен рәсімдерін басқару маңызды. Әрбір ЖОО өзінің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін әзірлеуі және ЖОО алдағы кезеңдегі миссиясы мен даму пайымына қарай оның тұрақты дамуы, жетілуі, жаңартылуы, түзетілуі үшін жағдай жасауы тиіс. Бұл ретте басты назарда сапа мәдениетінің болуы өте маңызды.

ЖОО-лар студентке бағдарланған оқытуды одан әрі дамытудың және талант-менеджментті басқару процесіне енгізудің тиімді тәсілі ретінде корпоративтік коммуникацияны дамытуы қажет. Барлық ішкі стейкхолдерлер білім беру сапасын тұрақты арттыру үшін жалпы жауапкершілікті қабылдай отырып, айқын құндылықтар мен мінез-құлықты басшылыққа алады.

2-параграф. Сыртқы сапаны қамтамасыз ету жүйесі

МДТО деңгейінде мектепке дейінгі білім беру сапасын тәуелсіз ұлттық бағалау жүйесі әзірленеді және енгізіледі (2025 жылға қарай).

МДҰ-ны мемлекеттік аттестаттау өткізілетін болады, онда тек оқу жоспарларына, бағдарламаларға ғана емес, сондай-ақ білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, тәрбиеленушілердің даярлық деңгейін айқындау үшін ата-аналардың қанағаттанушылығына назар аударылады. Сондай-ақ МДҰ-ны кезең-кезеңімен лицензиялауды енгізу мәселесі пысықталатын болады.

2022 жылы алғаш рет Қазақстанның ЭЫДҰ-ның балалардың ерте дамуы мен әл-ауқаты (International Early Learning and Child Well-being Study) жөніндегі халықаралық зерттеуіне қатысуы жоспарлануда. Зерттеу төрт бағытты бағалау арқылы ерте оқытудың дамуына ықпал ететін немесе кедергі келтіретін негізгі факторларды анықтауға бағытталған: математикалық сауаттылық, өзін-өзі анықтау, әлеуметтік және эмоционалды дағдылар.

Орта білім беру деңгейінде сапаны қамтамасыз етудің сыртқы жүйесі білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды, ББЖМ, халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысуды, сондай-ақ ерікті негізде аккредиттеуді қамтиды.

Мемлекеттік аттестаттау профилактикалық бақылау түрінде келусіз өткізілетін болады. Оның негізгі компоненттері білім беру ұйымдарының білім беру қызметінің өзін-өзі бағалауы, білім алушылардың білімі, іскерлігі мен дағдыларының бөліктері болады.

4 және 9-сынып білім алушыларына арналған ББЖМ-ды енгізу білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен құзыреттілігі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік аттестаттаудың және ББЖМ нәтижелері бойынша кешенді талдау және Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы жүргізетін болады. Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы білім беру сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлей отырып, білім беру ұйымдарына әдіснамалық көмек көрсетілетін болады.

Қазақстандық оқушылардың PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне қатысуы, сондай-ақ Қазақстанның PIAAC-қа қатысуы жалғасады. Жекелеген мектептерді объективті және тәуелсіз бағалау үшін қазақстандық білім алушылар жыл сайын PISA-based Test for Schools-қа қатысады.

Білім беру ұйымдары халықаралық аккредиттеуден, оның ішінде CIS өте алады.

ТжКБ, орта білімнен кейінгі білім беру деңгейінде сапаны қамтамасыз етудің сыртқы жүйесі білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды, ББЖМ, ТжКБ ұйымдары рейтингін, сондай-ақ ерікті негізде аккредиттеуді қамтиды.

Мемлекеттік аттестаттау білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау материалдарын талдау, білім алушылардың білімі, іскерлігі мен дағдысының бөліктері негізінде бармай-ақ профилактикалық бақылау түрінде өткізілетін болады. Бұл ретте ТжКБ ұйымдарын бейіндеу жалғасатын болады, бұл бір бейінді ТжКБ ұйымында бюджет қаражатын, МТБ-ны және педагог кадрларды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

ББЖМ жалпы білім беретін пәндерді және (немесе) кәсіптік модульдерді немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді меңгеру деңгейін бағалау мақсатында жүргізілетін болады.

ТжКБ ұйымдарының қызметін бағалау, ынталандырудың қосымша құралын құру мақсатында және ТжКБ жүйесінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін ТжКБ ұйымдарының рейтингін жүргізу бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Рейтинг ТжКБ ұйымдарының қызмет сапасы, педагогтердің сапалық құрамы, контингенттің қозғалысы, түлектерді жұмысқа орналастыру, бизнес-қоғамдастықпен өзара іс-қимыл, WorldSkills жобаларына қатысу және т.б. сияқты негізгі көрсеткіштер бойынша өткізілетін болады. Нәтижесінде білім беру сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдау үшін негіз болатын ТжКБ оқу орындары арасында бәсекелестік күшейеді.

Халықаралық талаптарды ескере отырып, ТжКБ ұйымдарының қызметін бағалау өлшемшарттары Турин процесін талдау нәтижелері негізінде жүзеге асырылатын болады.

Сапаны қамтамасыз ету үшін ТжКБ ұйымдары жұмысқа орналасу деңгейін арттыруға, ТжКБ ұйымдарын еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімдеуге, ТжКБ-ға әлеуметтік осал топтардың қолжетімділігін кеңейтуге, өзара сенімді ілгерілетуге, педагогтер мен білім алушылардың ұтқырлығын, сондай-ақ үздіксіз оқыту бағдарламаларын дамытуға бағытталған EQAVET құралдары мен индикаторларын (кәсіптік білім беру мен оқытудың сапасын қамтамасыз етудің Еуропалық жүйесі) пайдаланатын болады. Нәтижесінде EQAVET индикаторлары мен негізгі сипаттамаларының мазмұны ТжКБ деңгейінде дуальды білім беруді дамытуға мүмкіндік береді.

ТжКБ ұйымдары белгіленген халықаралық сапа стандарттарына, кәсіби және салалық стандарттарға сәйкестігіне институционалдық, мамандандырылған және салалық аккредиттеуден өте алады.

Жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім беру деңгейінде ҰБТ өткізу және ЖОО-ға қабылдау моделі жетілдірілетін болады.

Жоғары және (немесе) ЖОО-дан кейінгі білім беру ұйымдары мен олардың құрылтайшыларының берілетін білім сапасы үшін жауапкершілігін арттыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. ЖОО шолу сапарлары енгізіледі, олардың нәтижелері мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған конкурсты өткізу кезінде пайдаланылатын болады. Нәтижесінде білім беру қызметтері нарығында тек сапалы білім беретін ЖОО ғана қалады.

ЖОО білім беру қызметтерінің сапасын ішкі және сыртқы қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту жалғастырылады. Аккредиттеудің тиімділігін арттыру мақсатында сыртқы сапаны қамтамасыз етудің рәсімдері мен қолданылатын стандарттарына қойылатын талаптар пысықталатын болады. ЖОО-лардың академиялық дербестігі жағдайында аккредиттеу сапа стандарттары мен ЖОО-дағы нормативтік талаптардың орындалуына кепілдік беретін сенімді көрсеткіш ретінде қарастырылады.

Студенттердің білімін бағалау жүйесінің сапасын жақсарту үшін Академиялық адалдық лигасына кіретін ЖОО санын толықтыру жалғасатын болады.

Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу және ЖОО-ны басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында студенттердің, түлектердің, ПОҚ-тың және жұмыс берушілердің қатысуымен ЖОО-да академиялық адалдықты сақтау тұрғысынан тәуелсіз зерттеу жүргізілетін болады

3-параграф. Сапаны қамтамасыз ету жүйесін басқару және реттеуші тетіктері

Білім беру сапасын басқару білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған және мемлекеттік және институционалдық құрылымдарды, білім беру ұйымдарының қоғамдастықтарын қамтиды. Білім беру ұйымдары қоғамдастықтарының, оның ішінде ЖОО қауымдастығының, ректорлар кеңесінің, ТжКБ ұйымдары қауымдастығының, Студенттер альянсының және басқа да ұйымдардың қоғам алдындағы білім беру сапасы үшін ортақ жауапкершілік мақсатында рөлі институционалдық тұрғыдан бекітілетін болады. Бұл жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім беру ұйымдарының өзін-өзі реттеу қағидаттарын енгізуге және ЖОО қауымдастықтарынан, ректорлардан, студенттерден, аккредиттеу органдарынан бірыңғай платформа құруға мүмкіндік береді.

Білім беру сапасын басқару білім беру мониторингінің нәтижелері, білім беруді дамытудың жай-күйі туралы жыл сайынғы Ұлттық баяндама, халықаралық салыстырмалы зерттеулер (PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS, PIAAC, TALIS), мемлекеттік бақылау, ұлттық және халықаралық рейтингтер, білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу негізінде білім берудің барлық деңгейлерінде басқарушылық шешімдер қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Сапаны басқару мен қамтамасыз етудің негізі сапаны ішкі және сыртқы қамтамасыз ету жүйесін реттейтін және білім беру саласындағы ұлттық саясатты көрсететін білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық болады.

Білім беру ұйымдарында білім беру процесіне қатысушылардың білім беру сапасы туралы құндылықтары мен сенімдері және оны үздіксіз жетілдіруге бағытталуы сияқты сапа мәдениеті дамытылады. Білім беру ұйымдарының цифрлық экожүйесін жаңғырту және шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде педагогтер мен білім алушыларды тарту арқылы білім беру сапасы мәдениетін дамытады. Ол ұлттық білім беру деректер базасымен интеграцияланған білім беру ұйымдарының ақпараттық жүйелерінің ашықтығы мен қолжетімділігіне негізделетін болады.

ТжКБ-ның және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізілімдері, аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларының тізілімдері, рейтингтер мен мемлекеттік бақылау көрсеткіштері ТжКБ, орта білімнен кейінгі және жоғары және (немесе) ЖОО-дан кейінгі білімнің танылған білім беру бағдарламаларының бір ұлттық

тізіліміне біріктірілетін болады. Бұл тізілім ҰБДҚ-ның құрамдас бөлігіне айналады және қоғамға олардың мазмұнының жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес келуіне және сапаны растауға кепілдік беретін көз болады.

Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы білім беру сапасын арттыру, оның ішінде білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің құралы ретінде ұлттық біліктілік шеңберін қолдану мәселелері бойынша білім беру ұйымдарын қолдаудың әдіснамалық орталығына айналады.

Педагогтердің қосымша білім беру ұйымдары танылған халықаралық стандарттарға сәйкес сапаны сыртқы бағалаудан өтеді.

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

Нысаналы индикаторлар:

1) азаматтық және патриоттық деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде оқушылардың өзін-өзі басқаруы және дебаттық қозғалыс арқылы тартылған білім алушылардың үлесі (2022 ж. – 30 %, 2023 ж. – 35 %, 2024 ж. – 40 %, 2025 ж. – 45 %, 2026 ж. – 50 %);

2) спортпен айналысу үшін жағдай (спорт залдары және спорттық мүкәммалдар) жасаған ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарының үлесі (2022 ж. – 90 %, 2023 ж. – 92 %, 2024 ж. – 95 %, 2025 ж. – 100 %, 2026 ж. – 100 %);

3) балалардың құқықтық қорғалу деңгейі (2022 ж. – 85 %, 2023 ж. – 87 %, 2024 ж. – 89 %, 2025 ж. – 91 %, 2026 ж. – 93 %);

4) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар тәрбиеленушілерінің осы санаттағы балалардың жалпы санынан үлесі (2022 ж. – 17,2 %, 2023 ж. – 16,8 %, 2024 ж. – 16,4 %, 2025 ж. – 15,9 %, 2026 ж. – 15,5 %);

5) мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері, тәрбиешілерінің жалпы санынан бейінді білімі бар педагогтердің үлесі (2022 ж. – 76 %, 2023 ж. – 78 %, 2024 ж. – 81 %, 2025 ж. – 85 %, 2026 ж. – 87 %);

6) орта білім беру ұйымдары педагогтерінің жалпы санынан педагог-шебердің, педагог-зерттеушінің, педагог-сарапшының және педагог-модератордың біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесі (2022 ж. – 60 %, 2023 ж. – 64 %, 2024 ж. – 67 %, 2025 ж. – 70 %, 2026 ж. – 73 %);

7) жалпы білім беретін мектептерге тартылған жаратылыстану-математикалық цикл педагогтерінің саны (2022 ж. – 84772, 2023 ж. – 86858, 2024 ж. – 90393, 2025 ж. – 93807, 2026 ж. – 95985);

8) мемлекеттік ТжКБ ұйымдарының арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің жалпы санынан өндірістен тартылған

мамандардың үлесі (2022 ж. – 7,4 %, 2023 ж. – 8,5 %, 2024 ж. – 10 %, 2025 ж. – 11,4 %, 2026 ж. – 12 %);

9) ECERS әдістемесі бойынша тәрбие мен оқыту сапасын бағалаудың жаңа құралдарын пайдаланатын мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі (2023 ж. – 20 %, 2024 ж. – 50 %, 2025 ж. – 75 %, 2026 ж. – 100 %);

10) мектепалды жасындағы балалардың мектепте оқуға дайындық деңгейі (2022 ж. – 84,5 %, 2023 ж. – 86 %, 2024 ж. – 94,7 %, 2025 ж. – 95 %, 2026 ж. – 96 %);

11) ауыз судың базалық көздерімен, бөлек ең аз жабдықталған дәретханалармен және қол жууға арналған базалық құралдармен қамтамасыз етілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі (2022 ж. – 77 %, 2023 ж. – 83,5 %, 2024 ж. – 94 %, 2025 ж. – 100 %, 2026 ж. – 100 %);

12) жоғары жылдамдықты Интернетпен қамтамасыз етілген ауыл мектептерінің үлесі (2022 ж. – 85 %, 2023 ж. – 90 %, 2024 ж. – 95 %, 2025 ж. – 100 %, 2026 ж. – 100 %);

13) PISA тестінің нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасын бағалау (математика бойынша, орташа балл: 2022 ж. – 430, 2023 ж. – 430, 2024 ж. – 430, 2025 ж. – 480, 2026 ж. – 480; оқу бойынша, орташа балл: 2022 ж. – 392, 2023 ж. – 392, 2024 ж. – 392, 2025 ж. – 450, 2026 ж. – 450; жаратылыстану бойынша орташа балл: 2022 ж. – 402, 2023 ж. – 402, 2024 ж. – 402, 2025 ж. – 490, 2026 ж. – 490);

14) толық жинақталған мектептердің жалпы санынан жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшкен мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептердің үлесі (2022 ж. – 37,1 %, 2023 ж. – 38,1 %, 2024 ж. – 38,7 %, 2025 ж. – 39,6 %, 2026 ж. – 39,6 %).

15) "Кәсіптік-техникалық білім беру сапасы" Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (2022 ж. – 86 орын, 2023 ж. – 82 орын, 2024 ж. – 79 орын, 2025 ж. – 75 орын, 2026 ж. – 71 орын);

16) дуальды оқытумен қамтылған, мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің үлесі (2022 ж. – 23 %, 2023 ж. – 25 %, 2024 ж. – 28 %, 2025 ж. – 35 %, 2026 ж. – 38 %).

17) QS-WUR, ТОП-200 рейтингінде белгіленген Қазақстандағы ЖОО-ның саны (2022 ж. – 2, 2023 ж. – 2, 2024 ж. – 2, 2025 ж. – 3, 2026 ж. – 3);

18) студенттердің жалпы санынан жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік студенттердің үлесі (2022 ж. – 7 %, 2023 ж. – 8 %, 2024 ж. – 9 %, 2025 ж. – 10 %, 2026 ж. – 11 %);

19) ТжКБ ұйымдары мен ЖОО жатақханаларындағы берілген төсек-орындардың саны (2022 ж. – 10000, 2023 ж. – 10000, 2024 ж. – 10000, 2025 ж. – 10000, 2026 ж. – 10000);

20) аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының санынан мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өткен білім беру ұйымдарының үлесі (2022 ж. – 15 %, 2023 ж. – 35 %, 2024 ж. – 55 %, 2025 ж. – 75 %, 2026 ж. – 100 %).

2026 жылға қарай күтілетін негізгі нәтижелер:

1. Халықтың мектепке дейінгі/орта білім сапасына қанағаттану деңгейі (2026 ж. – 82,9 %).

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесімен қанағаттанушылық (композиттік индекс) (2026 ж. – 70 %).

3. Білікті кадрлармен қамтамасыз етілген орта білім беру ұйымдарының үлесі (2026 ж. – 100 %).

4. Тегін үйірмелер мен секциялармен қамтылған білім алушылардың үлесі (2026 ж. – 95 %).

5. Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері бойынша орташа республикалық көрсеткішке қол жеткізген орта білім беру ұйымдарының үлесі (2026 ж. – 70 %).

6. Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының (мектепке дейінгі, орта, техникалық, орта білімнен кейінгі және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру) үлесі (2026 ж. – 100 %).

7. ТЖКБ оқу орындарын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (2026 ж. – 75 %).

8. ЖОО-ны бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (2026 ж. – 70 %).

Ескерпе: Тұжырымдаманы іске асыру кезінде тиісті саланың ұлттық жобаларында көрсетілген индикаторларға/көрсеткіштерге қол жеткізу үшін мемлекеттік бюджеттен басым тәртіппен қаражат бөлінеді.

Басқа іс-шараларға қаражат экономиканың дамуы мен бюджеттің кіріс базасын ұлғайту әлеуетін ескере отырып бөлінетін болады.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар осы Тұжырымдамаға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасында
білім беруді дамытудың
2022 – 2026 жылдарға арналған
тұжырымдамасына
қосымша

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

Р/с	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі

№	Реформалардың/	3	4	Жауапты
1-тарау. Қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеу				орындаушылар
1-нысаналы индикатор				
Азаматтық және патриоттық деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде оқушылардың өзін-өзі басқаруы және дебаттық қозғалыс арқылы тартылған білім алушылардың үлесі (2022 ж. – 30 %, 2023 ж. – 35 %, 2024 ж. – 40 %, 2025 ж. – 45 %, 2026 ж. – 50 %)				
1.	Тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу	ОАМ бұйрығы	2022 жылғы желтоқсан	ОАМ
2.	Білім беру ұйымдарындағы әскери-патриоттық клубтардың рөлін күшейту және білім алушыларды "Жас қыран" (1 – 4 сынып), "Жас ұлан" (5 – 10 сынып) ұйымдастырылған қоғамдық қызметіне тарту	ОАМ-ға нақты нәтижелерді көрсете отырып, атқарылған жұмыс туралы есеп	2022 – 2026 жылғы желтоқсан	ЖАО, ОАМ
3.	Балаларды тәрбиелеу мен рухани дамытуға зиян келтіретін ақпарат пен материалдардан қорғау жөніндегі шараларды іске асыру	ОАМ-ға нақты нәтижелерді көрсете отырып, атқарылған жұмыс туралы есеп	2022 – 2026 жылғы желтоқсан	ЖАО
4.	Мектептерде балалардың орнықты психоэмоционалдық және жан-жақты дамуын қалыптастыру жөніндегі бағдарламаны енгізу және іске асыру	ОАМ-ға нақты нәтижелерді көрсете отырып, атқарылған жұмыс туралы есеп	2022 – 2025 жылғы желтоқсан	ЖАО
	"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ата-аналар қоғамдық кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Білім			

